

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 37.013.77

Қолжазба құқығында

БАЙСУЛТАНОВА САЯ ЧАРИПКАНОВНА

**Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың
кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Абдигапбарова У.М.
пед. ғыл. докт., проф.
Шет елдік кеңесші
Рахкошкин А.А.
доктор
(Германия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
КІРІСПЕ	8
1 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 «Көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарының мәні	20
1.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту – педагогикалық проблема	31
1.3 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдіснамалық тұғырлары	47
2 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУДЫ МОДЕЛЬДЕУ	
2.1 Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мәні мен мазмұны	58
2.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық аспекті	83
2.3 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі	96
3 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ	
3.1 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының диагностикасы	112
3.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесінің мазмұны	124
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері	159
ҚОРЫТЫНДЫ	189
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	194
ҚОСЫМШАЛАР	210

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдеде № 319-III ҚРЗ бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» заңы, Астана, Ақорда және 2011 жылғы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген № 487-IV ҚРЗ, Астана, Ақорда;

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. Астана 18 ақпан, 2011 жыл;

100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы.

Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы. Астана, 2016. -22 б. ҚР БҒМ 09.11.2015ж. №344 бұйрығы;

Педагогтің кәсіби стандарты. //«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша

«Педагог мәртебесі туралы». Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсан № 293-VI ҚРЗ, Нұр - Сұлтан, Ақорда

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж.)

«Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана, 12 сәуір 2017 ж.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы (2019 жыл)

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020 жыл)

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауы (2021 жыл, қыркүйек).

"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Академиялық білік – оқу дағдылары: өздігінен оқу, желілік /оффлайн оқыту, академиялық адалдық; жазу, оқу, тыңдау және сөйлеудегі академиялық дағдылары; зерттеу дағдылары: ақпаратты іздеу, таңдау және пайдалану үшін сыни тұрғыдан ойлау; жалпы білім беру дағдылары: мәселелерді шығармашылықпен шешу, уақытты басқару және т.б.

Акмеология – адамның жетілу кезеңіне дейінгі оның даму заңдылықтары мен феноменін зерттейтін ғылым.

Әдіснама - (грек. *methodos* —зерттеу жолы, теория және *logos* — ілім) — әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі.

Білім беру – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, кейбір мінсіз образдарға, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі.

Деңгей – кейбір үрдістердің немесе нысандардың «жоғары» және «төмен» сатыларының даму қатынасы.

Жалпыадамзаттық құндылық – әлеуметтік жүйе ретіндегі барша адамдарға, бүкіл адамзатқа ортақ, дүниежүзі халықтарының ғасырлар бойғы тәжірибесін қорыту нәтижесінде тұжырымдалған, қазіргі заманғы өркениеттің дамуын анықтайтын мұраттар.

Зерттеушілік іс-әрекет– бұл іс-әрекеттің ерекше бір түрі, ол өзінің субъектісінің қасиеттеріне арнайы талаптар қояды. Оның қоятын талаптарын анықтамас бұрын оның қандай ерекшеліктері бар екендігін білу қажет. Зерттеушілік іс-әрекет – міндетті түрде шығармашылық іс-әрекетпен байланысты.

Интеллектуалдылық - адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Интеллектуалдық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы.

Кәсіби-тұлғалық мәнді сапалар –бұл белгілі кәсіби іс-әрекетпен оның субъектісіне қойылатын және осы кәсіби іс-әрекеттің сәтті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін биологиялық (типологиялық, нейродинамикалық) және психологиялық (жалпы және кәсіби қабілеттер, тәжірибе – білім, дағдылар), мотивациялық сфера ерекшеліктерінің жиынтығы.

Кәсіби ойлау – кәсіби салада қабылданған проблемалық міндеттерді шешу әдістерін, кәсіби жағдайларды талдау тәсілдерін, кәсіби шешімдер қабылдауды пайдалану. Кәсіби ойлауды дамыту – адамды кәсібилендіру процесінің маңызды жағы және кәсіби қызметтің табыстылығының алғышарты

Көп деңгейлі білім беру – көп кезенді білім беру үрдісін ұйымдастыру.

Көп тілді білім беру - үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттерді кіріктіре отырып меңгертуде тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы

Креативтілік – (ағылш. create – жасау, creative – жасампаз, шығармашыл) - индивидтің дәстүрлі немесе көпшілік қабылдаған идеялардан ауытқитын, түбегейлі жана идеяларды қабылдау мен жасауға дайындығымен ерекшеленетін және тәуелсіз фактор ретінде дарындылық құрылымына кіретін шығармашылық қабілеті, сондай-ақ проблемаларға өзгеше қарап, оларды ерекше тәсілдермен шешу қабілеті.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі үрдіс.

Магистр – (лат. magister -ұстаз, тәлімгер) жоғары кәсіби білімінің екінші сатысы. Ол негізгі білім беру бағдарламаларын меңгерген және қорытынды аттестацияны сәтті тапсырған адамдарға беріледі. Жоғары оқу орындарында берілетін екінші академиялық дәреже. Университет немесе оған теңестірілген жоғары оқу орнын бітіріп, бакалавр дәрежесін алған соң, екі жыл қосымша курстан өтіп, ғылым саласы бойынша диссертация қорғағандарға магистр ғылыми дәрежесі беріледі.

Магистратура – (латынша magistratura) Ежелгі Римдегі мемлекеттік қызметтер; Бірқатар мемлекеттерде – мемлекет сот шенеуніктерінің жиынтық атауы; Жоғары оқу орындарында магистр мамандарды даярлайтын бөлім. Магистратура жоғары кәсіптік білімнің үшінші сатысында ғылымның нақты саласы бойынша мамандарға тереңдетілген кәсіптік білім беру міндетін атқарады.

Танымдық білімдер – болашақ магистрлер үшін кез келген ақпаратты меңгеру барысында педагогикалық шығармашылық, әдіснамалық-зерттеушілік білімдер

Тілдік құзыреттілік – тілді арнайы заңдылықпен қызмет жасайтын жүйе деп түсініп, осы жүйенің көмегімен басқа адамның ойын ұғу және ауызша, жазбаша түрде өзіндік пайымдауларын жеткізе білу қабілеті.

Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Толеранттылық сан түрлі мәдениеттің барлығын, өз ойын білдіру мен адами даралықты көрсету түрлерін дұрыс түсіну дегенді білдіреді. Толеранттыққа білім, ашықтық, қарым-қатынас және ойлау, ар-ождан, ұстаным еркіндігі жағдай жасайды.

Тұлғаның кәсібилігі – кәсіби мәнді және тұлғалық-іс-әрекеттік сапалардың дамытудың жоғары деңгейін бейнелейтін еңбек субъектісінің сапалық сипаты, ілгерушілік дамуға бағытталған креативтіліктің жоғары деңгейі, түрткілер жүйесінің және құндылықтық бағдарлардың адекватты деңгейі.

Тұлғалық-кәсіби даму – жоғары кәсіби жетістіктерге және өзін-өзі дамыту, кәсіби іс-әрекетінде және өзара әрекеттесулерде жүзеге асатын тұлғаның кәсібилігіне қарай бағдарланған қалыптастыру үрдісі.

Шеберлік – дағдылар мен шығармашылық көзқарас негізінде қол жеткізілген, белгілі бір саладағы кәсіби біліктердің жоғарғы деңгейі ретіндегі, тәжірибе арқылы жинақталған тұлғаның сапаларын сипаттайтын, акмеология мен еңбек психологиясына жататын санат.

Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет.

Іс-әрекет кәсібилігі – жоғары кәсіби біліктілікті және құзыреттілікті, шығармашылық шешімдерге, алгоритмдер мен кәсіби міндеттердің шешілу тәсілдеріне негізделген тиімді кәсіби дағдалар мен біліктерді, бейнелейтін жоғары тұрақты өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еңбек субъектісінің сапалық сипаты.

Эмпатия – мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның орнына қоя алуы.

Ұлтжандылық – отансүйгіштік сезім. Отанға, туған жеріңе, өскен ортаңа деген сүйіспеншілік. Ұлтыңды құрмет тұту, тарихтан, ана тілден ажырамау.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО - жоғары оқу орны
ОҚМУ – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР БЖҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ОӘК - оқу-әдістемелік кешен
ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс
ОТҚ – оқытудың техникалық құралдары
ПОӘК – пәндердің оқу-әдістемелік кешені
ПОҚ – профессор оқытушылар құрамы
БТ – бақылау тобы
ЭТ – эксперимент тобы
PhD – философия докторы
т.б. – тағы басқа
ҚР - Қазақстан Республикасы
ЖОО - Жоғары оқу орны
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достығы
КТС – кәсіби-тұлғалық сапалар
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы
МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми –зерттеу жұмысы
МӨЖ – магистранттардың өзіндік жұмысы
МОӨЖ – магистранттардың оқытушылармен өзіндік жұмысы
МД – магистрлік диссертация
ҚҰҚЫЗПУ – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЮНЕСКО - (UNESCO – United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым-білім және мәдениет бойынша мәселелерімен айналысатын саласы (ұйымы).
ББ – білім беру бағдарламалары

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде өз азаматтарына көптілді білім беру идеясын жүзеге асыруға бағытталған көпэтникалық, көпмәдениетті мемлекет болып табылады. Қазақстанның қазіргі әлемде қалыптасқан мемлекет ретінде одан әрі дамуы, оның бәсекеге қабілеттілігі, жаһандық дағдарысқа және уақыт сынына қарсы тұру көп жағдайда оның адами капиталының сапалы деңгейімен айқындалады. Адам капиталының сапасы білім деңгейімен, денсаулығымен, моральдық келбетімен, жоғары дамыған лингвистикалық санасымен және коммуникативтік құзыреттермен айқындалады. Мемлекеттік (қазақ), ресми (орыс) және халықаралық тілдердің (ең алдымен ағылшын) бәрін бірдей сауатты меңгеру мектеп пен жоғары оқу орнының әрбір түлегі үшін тек бедел ғана емес, өмірлік қажеттілікке айналды.

Осыған орай, көптілділікті іске асыру білім беру саясатының стратегиялық маңызды бағыты, жақын болашақта барлық білім беру жүйесін жаңғырту ең жоғары деңгейде ынталандыру болып табылады.

Шет тілдерін оқытудың, әсіресе еуропалық елдердің көптілді және билингвалды білімінің озық тәжірибесі мен технологиялары бүгінде инновациялық жоғары оқу орындарының (Назарбаев Университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті және т.б.), мектептердің (Назарбаев Зияткерлік мектептері, қазақ-түрік лицейлері, үш тілді жүйелі түрде енгізген республиканың ұлттық тілде оқытатын жалпы білім беретін мектептері) қызметі шеңберінде Қазақстан Республикасының мектептері мен жоғары оқу орындарына барлық жерде енгізілуде.

Қазақстанның әлемнің ең озық деңгейдегі отыз елінің қатарына ену стратегиясын іске асыру жағдайында отандық білім беру жүйесі мазмұнының дүние жүзілік білім кеңістігіне кіріктірілу қажеттігі ақиқат. Бұл туралы "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы міндеттерінде «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.» атап өтілген [1].

Оған қоса Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76, 77 және 79 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату, білім беру жүйесінде ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу» бағыттары көрсетілген [2]. Мұндай талаптар педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен кәсіби өсуін жүзеге асыруды, алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді. Ал бұл болса, жоғары кәсіптік білім беру ғана емес, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында да болашақ мамандарды сапалы даярлау мен оның кәсіби-тұлғалық өсуін жүзеге асыру мәселелерін зерттей және заманауи жаңғырта түсу талап етіледі.

Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламасында ұлттық негізді сақтай отырып қоғамдық сананы қалыптастыру, маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттелген [3]. Бұл өскелең саналы ұрпақтың ана тілін жете білу мен өзге тілдерді үйрену барысында олардың

мәдени құндылықтарын қатар меңгеруді көздейді. Осы тұрғыдан болашақ ұрпақты өсіретін ғылыми-педагогикалық бағыттағы мамандарды даярлауда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы мүмкіндіктерді пайдалану қажеттігі артады.

Жоғарыда аталған мәселенің өзектілігінің құндылығын Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [4], «Педагогтың кәсіби стандарты» [5], ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы [6] және т.б. мемлекеттік құқықтық-нормативтік құжаттар да айқындай түседі.

Осы еңбектердегі талаптар негізінде отандық білім беру саласының әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайына байланысты жоғары оқу орындарында нарық сұраныстарынан туындайтын кәсіби білім, білік, дағдылары қалыптасқан, тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті, көптілді білімді мамандар қалыптастыру міндеттері орын алып отыр.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы [7], Үш тілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасындағы [8] міндеттерді орындау барысында орта білім беру ұйымдарында үш тілді сыныптардың ашылуы, орта кәсіптік білім беру, жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарында үш тілді топтардың құрылуына сәйкес оларға тиімді де нәтижелі білім беру қажеттілігі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында даярланатын болашақ ғылыми педагогикалық кадрларды, яғни магистранттарды үш тілді өскелең ұрпақты өсіруге дайын, сол тұрғыдан кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған болуын қажет етеді.

Осы тұрғыдан жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог мамандардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесі өзекті болып табылады. Оның себебін 2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» Заңының қабылдануы және соған сәйкес педагогқа қатысты қызметтері, іс-әрекеттері, құзыреттіліктеріндегі өзгерістерінің болуы жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Біріншіден, ұсынылып отырған диссертацияда магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары ұғымы қарастырылса, екіншіден, еліміздің орта білім беру жүйесінің жаңартылған білім берумазмұнына көшуі және оның негізі – үштілділік болып салатындығы айқындалды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты мақаласында: «Біз білім беру саласының өзекті мәселелерін қайта қарастыруды талап ететін, адам қызметінің барлық салалары жаһандану үдерісін кешіп жатқан дәуірде өмір сүріп, жұмыс істейміз. Егемен еліміздің болашақ бағдарының *үштұғырлы тілдер* саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы», - деп атап өтілген [9].

Қазақстан мемлекетінде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, қазақ елінде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдерін дамытуға да мән берілуде. Яғни, республикадағы кез-келген этностың өкіліне қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдау мүмкіндігі бар. Қоғамдағы барлық этностардың

мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласын жасауға да мән берілген. Себебі, төл мәдениет пен ұлтаралық мәдениеттің даму негіздерінің бірі – ана тілін жетік білумен қатар басқа ұлт тілдерін де дамыту. Әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігі мен тереңдігіне сол тілді меңгеру негізінде бойлауға болады. Осыған байланысты жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында магистранттарға екі ұлттың тілін меңгерту арқылы сол халықтардың мәдениеті негізінде олардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыта түсу әбден мүмкін.

Көптілді білім беру мәселесін зерттеуге отандық және шетелдік ғалымдар қызығушылық танытып отыр. Шетелдік зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі туралы терең қарастырылған, ал қазақстандық еңбектер көптілді білім беру мәселесі бойынша жеткілікті ғылыми зерттеу жүргізіліп, осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқанымен, әлі де зерттеуді қажеттілігін жоққа шығармайды.

Көптілді білім беру – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі екендігі ақиқат. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтіп, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына септігін тигізеді, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және көптілді ойлауының қалыптасуына мүмкіндік береді.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада халықтың «жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзінің бүгінгі күнде құндылығы жоғалмағанын дәлелдейді. Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартып қана қоймай, оның тұлғалық сапаларының жоғарылығын, интеллектуалдық әлеуетінің тереңдігін, көптілділіктің адамның мәдени-ғылыми-тұлғалық-кәсіби дамуына тікелей ықпал ететінідігін дәлелдейді [10].

Көптілді білім беру мәселесі Л.Балаян [11], А.Мартине [12], Ф.П.Филин [13], В.Г.Костомаров [14], Б.Жумагулова [15], А.Аренова [16], В.А.Ершов [17], Г.Д.Дмитриев [18], М.Надырмағамбетова [19], К.Т.Баймуханова [20], Б.А.Жетпісбаева [21] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Көптілділік проблемасы аясында шет тілін оқыту теориясы С.С.Құнанбаева [22], көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру Д.Ә.Гаипов [23], Д.Н.Кулибаева [24], И.И.Халеева [25], С.Ж.Берденова [26], А.Н.Жорабекова [27], Э.Д.Сүлейменова [28], С.З.Темірғалиева [29], С.Е.Байболсынова [30], М.К.Исаев [31], Б.Хасанұлы [32], Г.А.Ғабдуллина [33], Н.Ж.Шаймерденова [34], тілдің психолінгвистика Ж.Қ.Ибраева [35] мәселелері теориялық және практикалық негіздері жан-жақты қарастырылған.

«Көптілді білім беру» дегеніміз ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына (1999 ж.) сәйкес кем дегенде *үш тілді*, аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тілді қамтитындығын білдіреді [36]. Көптілді білім беру мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары осы жүйе аясында жұмыс жасап келеді. Көптілді білім беру – өскелең ұрпақтың әлемдік білім кеңістігінде еркін тыныстауға, ғылымдардың сырын ашуға, тілдік сананың дамуына мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО халықаралық ұйымының көптілділік туралы ресми құжаттарында дүниежүзіндегі барша халықтарға өз тілдерін киберкеңістікте, яғни, электрондық түрін шығарып интернет желісіне қосуды ұсынады. Нәтижесінде, дүниенің кез-келген жерінде интернет желісіне байланысу арқылы қалаған тілмен танысып, үйренуге мүмкіндік болады. Сонымен қатар, көптілді білім беру жүйесі арқылы шетелдік ғалымдардың еңбектерімен және дүниежүзінде күнделікті болып жатқан жаңалықтар және өзгерістермен тікелей танысу мүмкіндігіне қол жеткізуге болады. Тіл саясаты мен көптілділік қағидасы Еуропалық Одақ құрудағы басым мәселелерге айналды. 1995 жылы Еуропалық Комиссия үш еуропалық азаматтар үшін үштілділік мақсатын қойған білім туралы ресми баяндама жасады. Комиссия ақпараттық кезеңде бірыңғай нарықта көптілді қарым-қатынас дағдысының маңыздылығын атап өтті. «Көптілді және танымдық электрондық Learning Management жүйесі мәселелері көптілділік, білім беру және мәдениет жыл сайын электрондық оқыту құралдары мысалы, Вавилон және Онтология жобасы пайдаланып, Көптілділік бойынша зерттеу үшін Еуропалық Комиссия гранттарды, сонымен қатар 2007 жылдан бері Еуропалық комиссияның отырыстарында қаралды» [37].

Қазақстанда алғаш рет *үштұғырлы тіл* идеясы 2006 жылдың қазан айында Ассамблея халқының XII отырысында Елбасы Н.Назарбаев кем дегенде үш тілді білу біздің болашағымыз үшін маңызды екенін атап өткен болатын. Н.Назарбаев 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауында үш тілді дамыту керектігін айтты. Осыған сәйкес мәдени жоба «Тілдердің үштұғырлылығы», кезең-кезеңмен іске асыруды бастауды ұсынды: мемлекет ретінде қазақ, ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс және ағылшын көптілді білім беру экономикаға сәтті кірігу тілі екендігі атап өтіліп, «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілде қолданатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы керектігі» айтылды [38].

Зерттеу мәселелерінің кең таралуына қарамастан, Қазақстанда білім берудің жаңа парадигмасы шеңберінде көптілділік идеяларын іске асыру теориялық және әдіснамалық тұрғыда аз зерттелген болып қала береді. Бүгінгі таңда қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеру заманауи қоғамдағы адамның жеке және кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі, оның табыстылығының шарты болып табылады. Осының барлығы бірнеше тілді кәсіби деңгейде меңгеруге және оларды өзінің кәсіби қызметінде пайдалануға қабілетті, халықаралық білім беру кеңістігінде ұтқыр, проблемалық жағдайларды өз бетінше шешуге және сыни тұрғыдан талдауға дайын бәсекеге қабілетті мамандарға деген қажеттілікті негіздейді. Ал бұл болса, адамдар арасындағы, елдер арасындағы келісім мен өзара түсіністікті шешуге септігін тигізе отырып, елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілудің қажеттілігін арттырады. Нәтижесінде көптілділік негізінде болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің негізін құрайтын кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесін зерттеу керектігі туындайды.

Аталмыш мәселе бойынша психологиялық әдебиеттерге жүргізілген талдау көрсеткендей, соңғы жылдары құзыреттілік ұғымының түрлі аспектілерін көптеген зерттеушілер қарастыруда. Білім беру ортасында құзыреттілікті зерттеуге И.А.Зимняяның [39], А.В.Хуторскойдың еңбектері үлкен үлесін қосты [40]; Л.А.Петровскаяның [41] еңбегінде қарым-қатынастағы құзыреттілік мәселесі; Н.А.Лошкареваның еңбектерінде пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың мәселелері қарастырылған [42]. Отандық психолог ғалымдар Ж.Ы.Намазбаева [43], М.Ә.Перленбетов [44], Р.Б.Каримова [45], Н.Б.Жиенбаева [46], Л.О.Сарсенбаева [47] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде акмеологиялық құзыреттіліктері Деркач А.А., Зазыкин В.Г. [48] маңызды орынға ие.

Ғылыми әдебиеттерде *жоғары оқу орындарында үздіксіз білім беру* (Митяева А.М [49]., Бурдина Е.И [50]., Байденко В.И. [51], Баширова Ж.Р.[52]., Жайтапова А.А. [53]. Сайлыбаев Б. [54] және т.б.). *Қазақстанның білім беру жүйесіне көп деңгейлі білім беруді енгізу* (Арынов К.Т. [55], Атыханов А. [56], Ахметова Г.К. [57], Нысанбаев А.Н. [58] және т.б.), *ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау* (Козырев Г.С., Сенашенко В.В. [59]және т.б.) жан-жақты қарастырылған. *Магистранттардың оқу-танымдық іс-әрекетінің теориялық негіздері* (Архангельский С.И. [60], Лапина О.А. [61], П.И.Пидкасистый [62] және т.б.), *ғылыми іс-әрекетке даярлығы, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру* (Таубаева Ш.Т. [63], Булатбаева А.А. [64], Баймухамбетова Б.Ш. [65], Исаева З.А. [66], Ким Н.П. [67]. Соляников Ю.В. [68]және т.б.) *ақпараттық-аналитикалық* (Белоус В.Т. [69], Гайдамак Е.С. [70]және т.б.) *инновациялық, технологиялық іс-әрекетке даярлау* (Осина С.В. [71], Смирнова М.О. [72], Беркімбаев К.М. [73]және т.б.) мәселелері теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық шешімін тапқан.

Болашақ оқытушының кәсіби мәнді сапаларының мәні мен құрылымы этникалық негіздегі кәсіби-тұлғалық сапалар (Намазбаева Ж.Ы., З.Ш.Каракулова [74], Ахтаева Н.С. [75] және т.б.), *кәсіби іс-әрекетті тиімді атқаруға қажетті психологиялық сапалар* (А.К.Маркова [76], Л.М.Митина [77]); *тұлғалық қасиеттер жүйесі* (А.К.Карельская [78], Л.А.Лазаренко [79]); *кәсіби біліктілігі* (И.В.Травин [80]); *педагогикалық қабілеттер кешені* (И.В.Богачев [81]); *жеке сапалары* (В.Д.Щадриков [82], Е.А.Яковлева [83]); *эмоционалдық қыры* (О.П.Журавлева [84], Л.Ф.Красинская [85], *бір тұтас сапасы* К.С.Успанов [86]) тұрғысынан жан-жақты зерттелген.

Біздің зерттеу тақырыбымызға жақын А.Т.Чакликованың [87] шеттілдік білім беруді ақпараттандыру жағдайында мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттерді қалыптастырудың ғылыми теориялық негіздері [88], С.С.Құнанбаеваның заманауи шеттілдік білім берудің әдіснамасы [89], А.Н.Жорабекованың көптілділік тұғыр негізінде болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру [90], Т.М.Есимғалиеваның [91] болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көп тілді білім беру жағдайында қалыптастыру, Т.С.Глеубайдың [92] болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту еңбектерінде зерттелген. Ағылшын тілін оқыту негізінде болашақ мұғалімдердің ақпараттық,

коммуникативтік, креативтік құзыреттілігін қалыптастыру К.Т. Мулдабекова [93], П.С.Кудабаева [94], Г.А.Ризаходжаева [95], А.Б.Тасова [96] еңбектерінде жан-дақты қарастырылса, И.И.Сагидуллаевтың [97] диссертациялық зерттеуінде, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің акме-креативтік сапаларын қалыптастыру зерделенген.

Осы еңбектерге жасалған талдау көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесінің отандық ғылымда арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді. Олардың ішінде біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектердің өзінде көп тілді білім беру жағдайында болашақ мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін (А.Н.Жорабекова, Т.М.Есимгалоева), коммуникативтік құзыреттілігін (Г.А.Ризаходжаева, Т.С.Тлеубай), мәдениетаралық құзыреттілігін (А.Т.Чакликова, П.С.Кудабаева), креативтік құзыреттілігін (И.И.Сагидуллаев, А.Б.Тасова), ақпараттық құзыреттілігін (К.Т.Мулдабекова) қалыптастыру мәселелері ғана қарастырылған. Оның үстіне бұл зерттеулер жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі негізінде зерделенгенімен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында қарастырылмаған.

Сонымен зерттеу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған талдау көптілді білім беру жағдайында болашақ мұғалімнің даярлығы проблемасының кейбір аспектілерінің зерттелгендігін, дейтұрғанмен оның кәсіби-тұлғалық сапаларын зерттеу қажеттігін, сондай-ақ оның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында ғылыми әдебиеттерде зерттелмегендігі мен осы үдерісті оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру керектігін байқатты. Ол бізге қоғам сұранысы мен бүгінгі ғылым мен практика арасында мынадай **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетті:

- кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған педагогика саласындағы магистрге қоғамның сұранысы мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;
- магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында;
- көптілді білім берудің магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеуі арасында;
- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды жоғары оқу орнынан кейінгі оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасында.

Аталған қарама-қайшылықтар магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын көптілді білім беру жағдайында дамытуды теориялық негіздеу мен оны практикаға ендірудің әдіс-тәсілдерін іздестіру зерттеудің *проблемасын* айқындады және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын **«Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту»** деп таңдауға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттен өткізу

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында болашақ ғылыми-педагог мамандарды кәсіби даярлау үдерісі

Зерттеу пәні: Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, көптілді білім беру магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделсе, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мәні мен мазмұны айқындалса және оны көптілді білім беру жағдайында дамытудың моделі мен әдістемесі жасалса; сондай-ақ олар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысының оқу-тәрбие үдерісіне модельдің құрамындағы психологиялық-педагогикалық шарттарды сақтай отырып, аталған дамтуды жүзеге асыру кезеңдерімен ендірілсе, *онда* көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамиды, *өйткені* олардың танымдық білімдері, кәсіби ойлауы мен академиялық біліктері, тұлғалық қасиеттерінің (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық) дамуы тұжырымдамалық, технологиялық, тиімділік тұрғыдан қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық негіздерін айқындау;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұнын анықтау;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделін жасау;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесін жасау және тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: көптілді білім беру мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту отандық білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуі жағдайында танымдық білімдері мен кәсіби ойлауы терең, академиялық біліктері шыңдалған, ұлтаралық, тұлғааралық жағымды, адами қарым-қатынас дағдылары қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып «көп тілді білім беру», «көптілді тұлға», «кәсіби-тұлғалық сапалар» ғылыми ұғымдарының мәнін ашатын философиялық, әлеуметтану, психологиялық және педагогикалық тұжырымдар мен ойлар, тұлғаның дамуы туралы, оның өзін-өзі жетілдіруе көп тілділіктің мүмкіндіктері туралы, маманның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың ішкі және сыртқы факторларының өзара байланысын көрсететін тұлғаның жекелік, өзін-өзі дамытушылық тұтастығы тұрғысындағы гуманистік тұжырымдамалары; ұжымдық-шығармашылық тәрбиелеу теориялары; педагогикалық құбылыстар мен үдерістерге қатысты қарастырылған

синергетикалық тәсілдің, жүйелі-құрылымдық талдаудың негізгі қағидалары; этнолингводидактикалық, аксиологиялық, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық, жүйелік әдіснамалық тәсілдердің психологиялық тұжырымдамалары және т.б. табылады.

Зерттеу көздері: көп тілді білім беру мен білім алушыны дамыту мәселесі қарастырылған философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми зерттеулер; Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласына қатысты қаулы қарарлары, Білім және ғылым министрлігінің көп тілді білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттамалары; алыс және жақын шет елдік, қазақстандық психолог, педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік басылымдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеу кезендері: зерттеу жұмысы 3 кезеңмен өткізілді.

1-кезең (2016-2017 жж.) - зерттеу проблемасы саласынан материалдар жиналды, талдау жасалды, ғылыми аппарат негізделді, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, көптілді білім беру жағдайындағы озық тәжірибелер жинақталды, оларға талдау жасалды, қорытыланды, тәжірибелік-эксперимент жұмысының бағдарламасы жасалды.

2-кезең (2017-2018 жж.) – көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша материалдар сұрыпталды, «көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарының мәні нақтыланды. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мәні мен мазмұны анықталды, құрылымы жасалды, сипаттамасы негізделді. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың моделі және оның мазмұны жасалды. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамуының деңгейін анықтаудың диагностикалық әдістемесі (сауалнамалар мен анкеталық сұрақтар, тест түрлері, тренингтер және т.б.) іріктелді. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі жасалды. Пәндер мазмұнына қосымшалар, психологиялық тренингтік бағдарлама мен Discussion club ережесін, іс-шаралар жоспарын әзірлеп практикаға ендіруді және «International education» халықаралық жобалары әзірленді және оларды жүзеге асыру бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Айқындау эксперименті жүзеге асырылды, аралық кесінділер алынды.

3-кезең (2018-2021жж.) – тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастыру, қорытындылау кезеңдері жүргізілді. Эксперимент кезеңінде алынған аралық, қорытынды нәтижелерге салыстырмалы талдау жасалды және статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, қорытыланды. Диссертациялық зерттеу материалдары талапқа сай рәсімделді.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістер: зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; ҚР білім беру саласының нормативті-құқықтық құжаттарымен, білім алушылар тұлғасын дамыту тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерді

талдау; іс-әрекет нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау; *практикалық әдістер*: сауалнама, тестілеу жүргізу, диагностикалық әдістемелер қолдану, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «көп тілді білім беру», «магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары» ұғымдары нақтыланды;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні мен мазмұны анықталды; «Көп тілді білім беру» магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан негізделіп, психологиялық аспектілері айқындалды.

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды тиімді жүзеге асырудың мазмұны, психологиялық-педагогикалық шарттары, бағалау компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері қамтылған құрылымдық-функционалды моделі жасалды;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың диагностикасы;

- 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы *«Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»*; *«Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері»*, 7M01101 – «Педагогика және психология» мамандығының *«Менеджердің инновациялық іс-әрекеті»*, 7M01102 – «Педагогикалық өлшемдер» мамандығының *«ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер»* пәндерінің мазмұнына қосымшалар;

- «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарлама;

- «Y research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) Ережесі, іс-шаралар жоспары;

- «International education» халықаралық жобасы жасалып тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ педагогтар, мен ғылыми-педагог кадрлар даярлайтын білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог

кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- «*Көптілді білім беру* дегеніміз – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттерді кіріктіре отырып меңгеруде тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы». Ал, «*көптілді тұлға* – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгеру барысында кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған тұлға».

- «*Магистранттың кәсіби-тұлғалық сапалары* дегеніміз оның болашақтағы кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыруға қажетті арнайы білім, білік, дағдылары мен жеке қасиеттерінің сапалық көрсеткіштермен кіріктірілген жиынтығы». Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын екі топқа бөліп анықтаймыз: **кәсіби** (танымдық білім, кәсіптік ойлау, академиялық білік); **тұлғалық** (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық). Айқындалған кәсіби-тұлғалық сапалар «кәсіби іс-әрекет – коммуникация – тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында көрініс табады.

- Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделі *тұжырымдамалық, технологиялық, тиімділік* бөліктерінің бірлігін, оны тиімді жүзеге асырудың *психологиялық-педагогикалық шарттарын* (көптілді білім беруді тұлғаны дамытудың құралы тұрғысынан қарастыру; ұлтаралық мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгерту; кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында жүзеге асыру), өлшемдік-бағалау компонентін (эмоционалдық-еріктік, когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық) және оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастырады.

- Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерді жасау және оны теориялық-практикалық тұрғыда негіздеу; *Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»; «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері», «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті, «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер» «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарлама мазмұнын оқытуда; «Y research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы)» іс-шаралар жоспарын іске асыруда; «International of education» халықаралық жобасын орындауда онлайн-офлайн аралас оқыту формасымен, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырғанда нәтижелі болады.*

Зерттеуді сынақтан өткізу. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1. Polylingual specialists training and dual education as ways to create varied training conditions in the Republic of Kazakhstan. The collection of materials of the

XXI international research and practice conference «European Science and Technology», Germany, 2018

2. Pedagogical basics of forming professional competence of future teachers and psychologists in the conditions of multilingual education. “Innovation management and technology in the era of globalization” Materials of the VII International scientific practical conference, January, 2020, London, UK

3. Training ma students in the development of Professional and personal qualities in the conditions of multilingual education. Традиции и инновации в национальных системах образования Материалы Международной научно-практической конференции. Уфа, 17 декабря 2020 года.

4. Көптілді білім беруде болашақ педагогтардың (магистранттардың) кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы кейбір мәселелер. «Қазақстанда заманауи білім беруді дамытудың проблемалары мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция 19 наурыз. 355-359 бб. Алматы, 2021 ж.

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 12 еңбекте жарияланды. Соның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 7 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 3 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлданыуы, тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, қағидаларды басшылыққа алуымен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсатқа сәйкес келуімен, нәтижелерін статистикалық өңдеуімен және алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар мен зерттеуді тәжірибелік-эксперименттен өткізу жолдары ашып көрсетіледі.

«Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталды. «Көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдары нақтыланды. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдіснамалық тұғырлары анықталды.

«Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды модельдеу» атты екінші тарауда көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мәні мен мазмұны анықталып, құрылымы жасалды. Магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалды. Магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды.

«Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы» атты үшінші тарауда магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың диагностикасы анықталып, мазмұндалады. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесі жасалып, мазмұны беріледі. Әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оның мазмұны мен динамикасы, нәтижелері баяндалады. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылды.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, әдістемелік ұсыныстар беріледі, теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен мәселенің болашағын айқындайтын болашақ зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылды.

Қосымшада тәжірибелік-эксперимент жұмысында пайдаланылған материалдар берілді.

1 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Көптілді білім беру», «көптілді тұлға» ұғымдарының мәні

Мемлекеттің өркендеуі мен оның бәсекегеқабілетті болуы, әлемдік дағдарысқа қарсы тұруы, халықтың сапалы өмір сүруі, әмбебап, жаһандық құндылықтарды қалыптастыруы тіл арқылы жүзеге асырылатындығы ақиқат.

Осыған орай қазіргі мемлекеттік білім беру саясаты көпэтностықпен, көптілділікпен және көпмәдениеттілікпен сипатталады.

БҰҰ және ЮНЕСКО құжаттарында жастарды көпмәдениетті әлемдегі өмірге дайындау міндетінің басымдылығына аса мән беріліп отыр. Соның негізінде мектептің маңызды функциясы тұрғысынан адамдарды бірге өмір сүруге үйрету, мемлекеттер мен этностардың өзара тәуелділігін саналы ынтымақтастыққа айналдыруға көмектесу екендігі көрсетілген. Жаһандану жағдайында көпмәдениетті білім беру – халықтар мен мәдениеттердің өзіндік ерекшелігі мен бірегейлігін сақтауға бағытталған мәдениет пен білім беру саласындағы бірлік пен әралуандық тұрғысынан сипатталады.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, тілдің пән ретінде бір ғана сыныпта оқытылуы толыққанды қарым-қатынас жасау үшін жеткіліксіз саналды. Осыдан тілдік білім берудің жаңа стратегиясын әзірлеу қажеттігі пайда болды. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 60-70 жылдары Батыс, Орталық Еуропа, АҚШ, Канададағы мектептердің көпшілігінде тілдерді үйренудегі басымды бағыт болып саналатын көптілді білім беруге көшуге объективті қажеттілік туындады. Көптілді білім беру пәндерді ана тілінде және екінші немесе үшінші тілде оқыту мақсаты бар білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асырумен айқындалады. Көптілді білім беру, тілдерді әдеттегі пәндер ретінде оқытуды жояды. Осыдан көптілді білім беруде тілді оқыту моделі – бұл мәдениетаралық коммуникацияға төзімді, өмір тәжірибесіне дайын бәсекегеқабілетті тұлғаны даярлауға арналған психологиялық, педагогикалық шарттарды жасауға себеп болатын білім беру жүйесін дамытудағы стратегия саналды.

Көп тілді білім берудің әлемдік тәжірибедегі қазіргі даму үрдісі 2002 жылы Еуропалық кеңеске мүше елдердің мемлекет, үкімет басшыларының Барселона Саммитінде білім беру жүйесіне «Ана тіліне қоса екі шетел тілі» және «лингвистикалық құзыреттілік индикаторлары» қағидатын енгізуімен айқындалады. Бұл қағида кем дегенде екі шет тілін ерте жастан үйренуді және оны орта, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің негізгі іс-әрекетінің бір бөлігіне айналуы тиістігін көрсетеді. Осыған орай Еурокомиссияның «2004-2006 шетел тілдерін үйренуге және көп тілді білім беруге қолайлы жағдай жасау» іс-қимыл жоспары Еуропалық Кеңес пен Еуропалық Парламентке ұсынылды. Ол үш стратегиялық бағыттан тұрды: шет тілдерін өмір бойы оқыту, шет тілдерін оқытуды жақсарту, тілдерді үйрену үшін қолайлы орта құру [98].

Бұл айтылғандарға Люксембург (үш шет тілі), Швейцария, Финляндия, Дания, Бельгия, Швеция, Франция, Греция және т.б. (онда екі шет тілін

меңгеруді үйренеді) сияқты көптеген еуропалық елдерде дамыған көп тілді білім беру саясаты жарқын айғақ бола алады.

Осыған байланысты ҚР «Білім туралы» Заңы бірыңғай білім беру кеңістігін ұйымдастырудың бұрын қолданыста болған орталықтандырылған моделін түбегейлі өзгертті және мектепке әлеуметтік тапсырыс беруге мемлекеттің бұрынғы монособъектілі монополиясын жойды. Заң мектептің ұлттық мәдениеттерді, өңірлік мәдени дәстүрлер мен ерекшеліктерді қорғау мен дамытудың маңызды қағидасын бекітті. Осылайша білім беру мазмұнына тиісті ұлттық мәдениеттің белгілі бір қабатын енгізу заң жүзінде бекітілді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында көптілді білім берудің қажеттілігі мен маңыздылығы ҚР «Тіл туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» сияқты бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттарда көрініс тапқан [99-100].

Қазақстанда үш тілділік идеясын тұңғыш рет 2004 жылы Парламент Мәжілісі сессиясының ашылуында Елбасы Н.Назарбаев айтқан болатын, ал 2006 жылдың қазан айында бұл идея Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ұсынылды. Осыған байланысты Елбасы «Кем дегенде үш тілді білу балалар, олардың болашағы мен Қазақстан үшін маңызды» деп атап өтті.

2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында мемлекет басшысы «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыра бастауды ұсынды. Жоба ішкі саясаттың жеке бағыты ретінде бөлінді, «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы тиістігі» атап өтілді. [101]

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халқына Жолдауында «Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді: қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы» керектігін айтқан. «Тіл саясаты қазақ ұлтының басты біріктіруші факторларының бірі болып табылады» деп ерекше атап көрсетілуі кездейсоқтық емес [102].

Көпұлтты, көпмәдениетті Қазақстан мемлекетінің білім беру жүйесінде жоғарыда айтылғандарға сәйкес үштілділік идеясын енгізуді жалғастыру қолға алынып отыр.

Осыған байланысты республиканың білім беру жүйесінің алдына білімнің барлық сатысындағы бітірушілерге мемлекеттік тілді және ресми, халықаралық қарым-қатынас тілдерін меңгеруге мүмкіндік беретін көптілді білім беруді жүзеге асыру міндеті қойылды. Осылайша көптілді білім беру мәдениеті елдің прогрессивті даму қажеттілігінен туындады.

Жоғарыда айтылып өткендер көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі ХХ ғасырдың соңында арта түскенін дәлелдейді. Осыған сәйкес көптілді білім беру мәселесі осы кезеңнен бастап әлеуметтану, лингвистика, психологиялық-

педагогикалық ғылымдар саласынан зерттеле бастады (Бұл туралы диссертацияның 1.2 параграфында жан-жақты баяндалады).

Біз алдымен зерттеу мәселесінің негізгі ұғымдары тұрғысынан «көптілді білім беру», «көптілді тұлға» түсініктерінің мәнін нақтылап алуды жөн көрдік. Осыған байланысты алдымен аталған түсініктер мен олардың ерекшеліктері зерттелген еңбектердегі теориялық қағидаларға, тұжырымдарға талдау береміз.

Әрине, осы мақсатта әдебиеттерде қолданылып жүрген «мультилингвизм», «билингвизм», «полилингвизм», «үштілділік», «көптілділік» ұғымдарына мән береміз.

А.В.Щепилова «мультилингвизм» ұғымын «индивидтің жеке психикалық жағдайы» ретінде анықтайды, ол «тіл меңгеру тәсіліне және тілдің лингвистикалық жетілуіне қарамастан, қарым-қатынас процесінде оның иелігіндегі бірнеше лингвистикалық кодтарды баламалы қолдануға мүмкіндік береді» [103].

Т.Ю.Тамбовкин мұндай жағдайды екі кезеңде өтуімен сипаттайды: бірінші – байланыссыз мультилингвизм, ауызша қарым-қатынас үшін пайдалануды болдырмайды, бірақ нақты байланыссыз көптілділікте әлеуетті түрлендіруге қабілетті; екіншісі – бастапқы монолингвизм жағдайына оралу мүмкіндігін қоспағанда, көптілділік прогрессивті немесе регрессивті болуы мүмкін [104].

Ж.Дарквеннес (Darquennes J.) мультилингвалдық білімнің төрт негізгі түрін бөліп көрсетеді, ол бірінші кезекте: халықтың көп санына; бай халықтардың аз санына; мемлекеттегі иммигранттарға және бай халықаралық аудиторияға бағытталған. Соңғы санат халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін дипломаттардың, шенеуніктердің және халықаралық компанияларда қызмет ететін шетелдік азаматтардың балалары оқитын мектептерді қамтиды [105]. *Осы айтылғандар муьтилингвизм негізгі мәні көптілділік екендігін жоққа шығармайды.*

Сондай-ақ, полилингвалды білім беру деп қарастырылған зерттеулерде де ғалымдар оның мағынасы көптілді білім беру екендігін түсіндіреді. Мысалы, А.Г.Ширин «полилингвалды білім берудің негізгі мақсаты кәсіби құндылықтар мен мағыналарды екі тіл және екі мәдениет құралдарымен қабылдауды білдіретін кәсіби құзыреттілікті меңгеру болып табылады» деп есептейді. Автор ана тілі және шет тілі құралдарымен кәсіби мәдениет білімінің әлеміне қол жеткізу сапасын айқындайды [106]. Ал бұл болса, ғалымның полилингвалды білім беруді екі тілді жетік меңгеру дегенін білдіреді.

Бұдан басқа да бірқатар ғалымдар [107] (У.Вайнрайх, Г.Зограф, Н.Б.Мечковская) көптілділік терминін қос тілділік ұғымымен байланыстырады. Осыған байланысты «билингвизм» ұғымын қарастыру қажеттігі туындайды.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте «билингвизм – қостілділік, көптілділік – полилингвизм формаларының бірі, ол белгілі бір әлеуметтік қоғамдастықта (мемлекетте) бірнеше тілдерді пайдалану; жеке тұлға (бір топ адам) бірнеше тілді нақты коммуникативтік жағдайға сәйкес пайдалануды» білдіретіндігі айтылған [108].

В.А. Аврориннің пікірінше, «қостілділік – екі тілді бірдей еркін меңгеру. Басқаша айтқанда, екінші тілді білу дәрежесі бірінші тілді білу деңгейіне жақындағанда басталады» [109].

Ғалымдар Дж. Хамерс пен М.Бланк өз зерттеулерінде «Билингвизм мен билингвальділікті» бір-бірінен айырып дәлелдейді. Олар билингвизмді «бір уақытта екі тілді меңгерумен сипатталатын жеке тұлғаның немесе қоғамның жағдайы» деп қарастырады. Ал билингвалдылықты авторлар «әлеуметтік коммуникация құралы ретінде бір кодқа қол жеткізе алатын индивидтің психологиялық орналасуы» деп анықтайды [110].

Е.М. Верещагин тілді меңгеру дәрежесіне байланысты билингвизмнің үш деңгейін бөледі: рецептивті (екінші тілдік жүйеге тиесілі сөйлеу шығармаларын түсіну), репродуктивті (оқылған және естілген сөздерді қабылдау қабілеті) және өнімді (сөйлеу шығармаларын түсіну және қабылдай білу ғана емес, сонымен қатар тудыру қабілеті») [111].

Оксфорд сөздігінде екі тілді де жақсы сөйлей алатын тұлға билингвалды, ал бірнеше тілді қолдана алатын тұлға көптілді деп түсіндірілген. Сөйтіп, билингвизм қостілділікке, ал полилингвизм көп тілділікке жатады [112].

У.Вайнрайх өзінің «Бір тілділік және көптілділік» деген жұмысында екі тілділіктің түрлі аспектілерін «көптілділіктің ең маңызды түрі ретінде» қарастырады [113]. Автор қостілділікті: «екі немесе бірнеше тілді бір индивидтің уақытша пайдалану тәжірибесі ретінде» түсінеді [114].

Біз де У.Вайнрихтың негіздемесіне сүйене отырып өз зерттеуімізде *билингвизмді көптілділіктің маңызды бір бөлігі тұрғысынан* қарастырамыз.

Өйткені ЮНЕСКО материалында көптілді білім беру ұғымын «кем дегенде үш тілді меңгеру, соның ішінде өзгелерге ашық болу құралы әрі мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының компоненті» тұрғысынан қарастырылады [36?]

Үштілділік әдебиетте индивидтің үш тілді (ана тілін және екі шет тілдерін) пайдалану қабілеті тұрғысынан түсіндіріледі. Демек бұл біздіңше, көптілділік санатына жатады.

Сондай-ақ, бірқатар сөздіктер мен әдебиеттерде осы ұғымдардың мағынасы ұқсас және белгілі бір әлеуметтік қауымдастық (ең алдымен мемлекет) шегінде екі немесе бірнеше тілді пайдалануды немесе индивидуумның (адамдар тобының) бірнеше тілді қолдануын білдіретіндігі, түсіндірілген[].

Қазіргі лингвистика мен лингводидактикада “көптілділік”, “қостілділік” ұғымдары арасында бірыңғай анықтамасы әлі жоқ. Солардың ішінде бірнеше кең таралған белгілерді атап өтуге болады. Олар: монолингвизм, билингвизм, полимультилингвизм, көптілділік терминологиялық қолдану:

Көптілділік жағдайында біз нақты жағдайды жүзеге асыруды кезінде бірнеше тілді қатар ситуациялық пайдалану жағдайында сөйлеу актісі, оқу және сөйлеу әрекеті, сондай-ақ ынталандырылмаған сөйлеу қарым-қатынасы деп түсінеіз. Мәдени-білім беру кеңістігі екі тілділіктің әртүрлі түрлеріне бай және көптілділік. Бұл жағдайдың себептері: ғылыми, кәсіби алмасу қажеттілігі және басқа да арнайы ақпарат, экономикалық, құқықтық ынтымақтастық және т. бұлтаралық тілді білу ресми (мемлекеттік) тілдермен тілдесу болып табылады.

Білім берудегі тілдік жағдайдың ерекшеліктерін зерттей отырып, профессор В. А. Аврорин қостілділік пен көптілділік тек сандық қана емес, сонымен қатар сапалық айырмашылықтар бар деп анықтайды.

Осыған байланысты біз зерттеуімізде «мультилингвизм», «полилингвизм», «үштілділік» түсініктерін «көптілділік» ұғымының синонимі тұрғысынан қарастырамыз.

Зерттеу барысында біз ғалымдардың көптілділік, көптілді білім беру түсінігіне берген анықтамаларын кестеге түсіреміз (Кесте 1).

Кесте 1 – Ғалымдардың «көптілді білім беру» ұғымына берген анықтамалары

Ғалымның аты-жөні	Анықтамасы
М.М. Фомин [115].	«көптілділік – тек кең таралған тілді (көптілді) ғана меңгеру емес, әсіресе көп ұлтты елдегі табиғи құбылыс»
Ч.Д.Лам [116]	«көптілді білім беру тілден басқа да оқу пәндерін, әдебиет, Елтану және т.б. көп тілде оқыту шарты»
Е. Вайне	«ана тілі, өңірлік тіл, халықаралық тіл, оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде жүйелі түрде оқыту»
О. Garcia [117]	«оқушыларды оқытуда және бағалауда екі немесе одан да көп тілдерді оқыту»
Н.В. Барышников [118].	«индивидтің үш тілді (ана тілін және екі шет тілдерін) пайдалану қабілеті»
Б.А.Жетпісбаева [119]	«үш тілде мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған оқыту үрдісі»
А.Н.Садыкова [120]	«оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру»
Е.Д.Аманбекова [121]	«үш немесе одан да көп тілді меңгеру арқылы көптілді тұлғаны қалыптастыру үрдісі»
В.Д.Стариченок [122]	<i>көптілділік</i> (гр.тілінен « <i>poli</i> » – «көп» – « <i>lingua</i> » – «тіл») – белгілі бір жерде бірнеше тілді қолдану, әрбір тіл өзіндік айқын міндеттерге сәйкес қолдану
М.Надырмағамбетова	«...мәдениетаралық қатынас, мәдени үндестік, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, қақтығыстар, өзара түсіністік»
А.Н. Жорабекова	«білім алушылардың шет тілін немесе бірнеше басқа тілдерді меңгеруіне және олардың негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру»
Т.Есімғалиева	«оқу үрдісі барысында оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісінде көптілді тұлғаны қалыптастыру»

Осы ғалымдар анықтамаларына жасаған талдау олардың мазмұнының бір-біріне қайшы келмейтіндігін керісінше бірін-бірі толықтыра түсетіндігін көрсетті. Олардың көптілді білім беруге көзқарастарының әртүрлілігі осы ұғымды әр түрлі қырынан қарастырғанынан көрінеді. Мәселен осы тұрғыда бізге Е.С.Трунтов пен О.А.Волковтың көзқарасы қызығушылық тудырады. Мәселен олар көптілді білім беруді тәсіл тұрғысынан қарастырып, олардың әр түрлі аспектілерін көрсетеді:

- оқыту үдерісіне дәйекті түрде енгізілген, оқыту уақыты бойынша ана тілі мен бірінші шет тілдерімен бір мезгілде жұмыс істейтін екінші шет тілін меңгеретін орта;


- бірінші және екінші тіл негізінде оқытылатын үшінші тілдің сөйлеу дағдыларын меңгеруді жеңілдететін немесе қиындататын фактор;

- көптілді қарым-қатынас жағдайында оны пайдаланудың лингвистикалық мүмкіндіктерін анықтау мәселесі болып табылатын тәжірибе;

- көптілді студенттік аудиторияда шет тілін оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен әдістемесін нақты анықтау қажет болатын шарт» [123]. Авторлар көптілді білім беру ортасын екінші шет тілін меңгеретін орта; фактор; тәжірибе; шарт тұрғысынан қарастыру мүмкіндіктерін негіздейді.

Ал біз осы ойды көптілді білім беру ұғымына жоғарыда берілген анықтамаларға талдау жасау барысында осы түсінікті нақтылай түсеміз.

Біздің тұжырымдауымызша ғылыми әдебиеттерде ғалымдар өз зерттеулерінде көптілді білім беруді 1) жалпы білім берудің *маңызды бөлігі* (А.В.Вареница); 2) мақсатты *процесс* (З.Н.Зангиева); 3) *тәсіл* (Ф.Х.Киргуева); 4) *табиғи құбылыс* (М.М. Фомин); 4) оқыту *шарты* (Ч.Д.Лам); 5) көп тілде жүйелі *оқыту* (Е.Вайне) 6) *оқыту құралы* (О. Garcia); 7) көптілді қолдану *қабілеті* (Н.В.Барышников; В.Д.Стариченок); 8) *үш тілде оқыту процесі* (Б.А.Жетпісбаева; А.Н.Садыкова); 9) *мәдениетаралық қатынас құралы* (М.Г.Кряжев; М.Надырмағамбетова); 10) көптілді *тұлғаны қалыптастыру процесі* (А.Г.Ширин; А.Н.Жорабекова; С.Тлеубай; Т.Есімғалиева) тұрғысынан қарастырады (Сурет 1).



Сурет 1 - «Көптілді білім беру» ұғымының ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Әрине біз аталған көзқарастардың негізділігі мен дәлелділігін құптай отырып, көптілді білім берудің балалар мен жастарды тәрбиелеудегі, оқытудағы, дамытудағы мүмкіндіктерінің жан-жақтылығы мен жоғарылығына көз жеткіземіз. Ал біз өз зерттеу пәнімізге сәйкес көптілді білім беруді болашақ маманның **кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы** тұрғысынан қарастырамыз.

Осы тұрғыдан біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын ғалымдардың пікіріне талдау жасап көрейік. Мәселен, А.В.Вареница көптілді білім беруді оқушылардың басқа тілдерді, мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, өмір салтын меңгеруіне ықпал ететін, сондай-ақ диалектикалық ойлауды дамыту, ой-өрісін кеңейту және жалпы жеке тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде қазіргі заманғы жалпы білім берудің маңызды бөлігі ретінде анықтайды. [124]. Автордың пікірінше, тұлғаның полилингвалды ортада дамуы және оқуы үш компонент арқылы білім беру нәтижесінің бағыты мен тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді: білімді, іскерлікті, дағдыны, тәсілдерді меңгеру деңгейін көрсететін пәндік; тіл қызметінде лингвистикалық және арнайы тілдік білімді қолдану білігін қамтитын тілдік; мәдениетаралық – көпмәдениетті кеңістікте өзара іс-қимылды жүзеге асыру қабілеті.

З.Н.Зангиева көптілді білім беруді әлемдік мәдениетке ана тілі мен орыс тілі құралдарымен араласудың мақсатты процесі ретінде ашып көрсетеді, бұл ретте «тіл халықтың материалдық және рухани мәдениетіне, оның салт-

дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына баулудың тиімді құралы болуы мүмкін, өйткені қазіргі жағдайда рухани мәдениетті жаңғырту және сақтау, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады» [125]. Осы ұстанымға З.В.Кодзаева да келісе отырып, тілдердің кіріктірілуі мәдениетаралық өзара іс-қимыл негіздерін, коммуникативтік төңкерісті қамтамасыз ететінін, ғаламшарды ортақ кеңістікке, біртұтас қоғамға айналдыратынын тұжырымдайды.

Отандық ғалым А.Н.Жорабекованың пікірінше көптілді білім берудің мәні олардың көпшілігін шын мәнінде білім алушылардың шет тілін немесе бірнеше басқа тілдерді меңгеруіне және олардың негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруға алып келеді.

Бұл бізге көптілді тұлға ұғымының мәнін өзіміздің зерттеу пәнімізге сәйкес нақтылай түсу қажеттілігін туындатты (Кесте 2).

Кесте 2 – Әдебиеттерде «көптілді тұлға» ұғымына берген анықтамалар

Ғалымның аты-жөні	Анықтамасы
Cummins, J. [126].	«екі немесе үш тілден сауат ашқан, сол тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ортақ ұқсастықтарын және айырмашылықтарын үйреніп, тілді қалай қолданатынын жақсы меңгерген тұлға»
Н.Л.Шамне А.Н.Шовгенин [127].	«бұл өз өміріндегі күнделікті қарым-қатынаста тілдің екі немесе одан да көп нұсқаларын пайдаланатын және мән-жайлар негізінде бірінен екіншісіне ауысуға қабілетті тұлға»
Н.А. Оганесянц [128].	«жеке санасы бірнеше тілдерді меңгерудің ықпалымен қалыптасқан тұлға»
Б.А.Жетпісбаева [129].	«бірнеше тілдің белсенді тасымалдаушысы»
М.Р. Кондубаева [130].	«үш және одан да көп тілде сөйлеу әрекеттерін жасауға, туындылар жасауға және қабылдауға (сөздер мен мәтіндер) дайындығы тұрғысынан қарастырылатын адамның моделі»
А.Н.Жорабекова [131]	«лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттіліктерді ғана емес, мысалы, ағылшын тілінде, екінші тілде оқытылатын пәннің мазмұнын білу, пәнді екінші тілде және тілдің өзінде ықпалдастыра оқыту қабілеті мен іскерлігіне ие адам»
Э.Д. Сулейменова [132].	«тілдеріндегі құзыреттілік болашақ биік әлеуметтік және кәсіптік жетістіктерге мүмкіндік беретін қажеттіліктің табиғи көрінісі»
С.Тлеубай [133]	«белгілі бір мақсатқа сай бағытталған, сөйлеушінің қарым-қатынасқа түсу жағдайындағы үштілді қолданатын тұлға»

«Оксфорд сөздігінде» екі тілде бірдей жақсы сөйлей алатын билингвалды тұлға, ал мультилингвалды тұлға сөйлеуге немесе түрлі тілдерді қолдануға қабілеттілік ретінде сипатталады [134].

Н.Л.Шамне мен А.Н.Шовгенин «лингвистикалық зерттеулерде ұзақ уақыт бойы, көптілділік өте тар мағынада анықталды және ерте балалық шақта кем дегенде екі тілді меңгерген және екі тілде де бірдей жақсы түсіндіре алатын билингвке бағытталғанын көрсетеді» [135].

Б.А.Жетпісбаева пікіріне сәйкес, көптілді тұлға – бұл «бірнеше тілдің белсенді тасымалдаушысы, ол тілдік тұлға ретінде – индивидке бірнеше тілде сөйлеу қызметін бір мезгілде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттер кешені; коммуникативтік тұлға – әртүрлі лингвосоциум өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілді вербалдық мінез-құлықта және қолдану қабілеттерінің жиынтығы; сөздік немесе этносемантикалық тұлға – бірнеше тілдің лексикалық жүйесінде интеграцияланған дүниетанымдық ұстанымдардың, құндылықтық бағыттылықтың, мінез-құлық тәжірибесінің симбиозы» [136].

Н.А.Оганесянц көптілді тұлғаны «жеке санасы бірнеше тілдерді меңгерудің ықпалымен қалыптасқан тұлға ретінде қарастыруды ұсынады, бұл қоршаған ортаны жаңаша ұғынуға, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты үйлестіру мақсатында коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға әкеледі»

М.Р. Кондубаеваның айтуынша, көптілді тұлға – «бұл үш және одан да көп тілде сөйлеу әрекеттерін жасауға, туындылар жасауға және қабылдауға (сөздер мен мәтіндер) дайындығы тұрғысынан қарастырылатын адамның моделі» .

Ю.Н.Караулов «тілдік тұлға» ретінде мынаны түсінеді: бұл «бір жағынан, сөйлеу іс-әрекетінің түрлері (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) бойынша, ал екінші жағынан – тіл деңгейлері бойынша жіктелетін тілдік қабілеттердің көп қабатты және көп компонентті жиынтығы» [137], яғни, ол «тілдік тұлға – тіл арқылы тілде (мәтіндерде) көрсетілген тұлға, тілдік құралдар негізінде өзінің негізгі сипаттарында қайта құрылған тұлға» деп нақтылайды .

Осы көрсетілген авторлардың барлығы да, көптілді тұлға – бұл өз өміріндегі күнделікті қарым-қатынаста тілдің екі немесе одан да көп нұсқаларын пайдаланатын және мән-жайлар негізінде бірінен екіншісіне ауысуға қабілетті адам, екендігін жоққа шығармайды.

Сонымен қатар, көптілді құзыреттілік тек болашақ педагогтарды ғана емес, сонымен қатар басқа да сала мамандарын (экономистер, инженерлер, заңгерлер және т.б.) дайындайтын жоғары оқу орындарындағы білім берудегі көптілділік тәсілді іске асырудың негізгі және бірегей маңызды дәлелі. Сол себепті А.Н.Жорабекова өз зерттеуінде көптілді білім беруде сөйлеу және коммуникативтік дағдыларды меңгеру ғана емес, қажетті, кәсіби маңызды құзыреттіліктерді игеру маңыздылығына аса мән береді.


Жоғарыда келтірілген А.Г.Ширин берген анықтамадан көрініп тұрғандай, билингвалды (сондай-ақ көптілді білім беру) білім беру тілдер мен мәдениеттерді меңгерумен шектелмейді. Оның мәні, ең алдымен, жеке пәндерді

немесе пәндік облыстарды ана тілі және шет тілдері құралдарымен оқып үйрену болып табылады, олар нәтижесінде тілдік және пәндік құзыреттіліктердің синтезін қамтамасыз етеді [138].

Э.Д.Сулейменова қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі құзыреттілік болашақ биік әлеуметтік және кәсіптік жетістіктерге мүмкіндік беретін қажеттіліктің табиғи көрінісі, деп көрсетеді. Ал бұл болса, ғалымның үштілді меңгерген тұлғаның кәсіби-әлеуметтік деңгейінің жоғары болу мүмкіндігін болжағанын айғақтайды.

Біздің зерттеу пәнімізге сәйкес осы айтылғандар көптілді білім берудің болашақ маманның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы бола алатындығын тағы да бір рет дәлелдейді.

Осы анықтамаларды талдау бізге көп тілді тұлға ұғымы лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде **«екі немесе үш тілді жетік меңгерген адам»** (Дж.Камминз; Н.Л.Шамне, А.Н.Шовгенин; Ю.Н.Караулов; С.Тлеубай); **«бірнеше тілді бір мезгілде шығармашылықпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психофизиологиялық қасиеттері дамыған адам»** (Б.А.Жетпісбаева; М.Р.Кондубаева; Е.М.Верещагин); **«жеке санасы көп тілдерді меңгеру ықпалымен қалыптасқан тұлға»** (Н.А.Оганесянц); **бірнеше тілде әлеуметтік, кәсіптік құзыреттіліктері көрініс тапқан тұлға** (Э.Д.Сулейменова; А.Н.Жорабекова) тұрғысынан қарастырылған, деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді.



Сурет 2 - Көптілді тұлға ұғымының ғылыми әдебиеттерде қарастырылуы

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың берген анықтамаларының бірдей еместігі осы түсініктің әлі де зерттеле түсу қажеттілігін негіздеп қана қоймай, оның жан-жақтылығын, мәні мен мазмұнының тереңдігін, функционалдығы мен тұлғаны дамытудағы маңыздылығы мен мүмкіндіктерінің жоғарылығын дәлелдейді. Ал бұл болса бізге, осы түсінікте тұлғаның көптілділік негізінде кәсіби-тұлғалық сапаларының көрініс табуы қажеттілігін көрсетеді.

Мәселен А.Н.Жорабекова болашақ мұғалімнен мектепте көптілді білім беру лингвистикалық және коммуникативтік құзыреттіліктерді ғана емес, мысалы, ағылшын тілінде, екінші тілде оқытылатын пәннің мазмұнын білу, пәнді екінші тілде ықпалдастыра оқыту қабілеті мен іскерлігін талап ете отырып олардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілділік негізінде қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Ал ғалым Б.А.Жетпісбаева бірнеше тілді вербалдық мінез-құлықта қолдану қабілеттерінің; лексикалық жүйесінде дүниетанымдық ұстанымдардың, құндылықтық бағыттылықтың, мінез-құлық тәжірибесінің кіріктірілуі керектігін негіздейді.

Н.А.Оганесянц көптілділік негізінде қоршаған ортаны жаңаша ұғынуға, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты үйлестіру барысында коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту қажеттілігін дәлелдесе, Е.М.Верещагин тұлғаның өз сөзін екінші тілдік жүйеге тән шығармашылық тұрғыда, ойластырып жеткізе білу дағдысының болу керектігін көрсетеді.

Аталған ғалымдардың осы ой-пікірлері біздің зерттеу пәніміздің және көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы тұрғысынан қарастыру көзқарасымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

Өйткені олардың айтып өткен көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру, дамыту қажеттілігіне ие болашақ маманның кәсіби, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілігі, дүниетанымдық ұстанымдары, құндылық бағыттылығы, мінез-құлықтық тәжірибесі, шығармашылық дағдылары және т.б. олардың кәсіби-тұлғалық сапаларының құрамдас бөліктері екендігі ақиқат.

Сонымен сөздіктер мен еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде біз «*көптілділік* – адамның санасында сол үйренетін ұлт тіліне тән түрлі мәдени қабаттардың, мағыналардың, мәндердің біріктірілуі» деп нақтылаймыз. Әртүрлі салалар мен мәдениеттердің санадағы кіріктірілуі адамға өмір сүру ортасынан өз орнын табуға, өзінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін орын алған мәдениеттер шеңберінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл болса, болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларының негізін құрайды.

Осыған сәйкес «*көптілді білім беру* дегеніміз – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттерді кіріктіре отырып меңгертуде тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы» деп түсінеміз. Ал, «*көптілді тұлға* – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгеруі барысында кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған тұлға» дегенді білдіреді.

Біздің осы айтылған ойымыз келесі 1.2 параграфында магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесін педагогикалық проблема тұрғысынан негіздеу барысында айқындала түседі.

1.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту – педагогикалық проблема

1.1 параграфында тұжырымдалғандай тұлғаның даму орталығы болып табылатын көптілді білім беру кеңістігі болашақ маманның кәсіби, мәдени, адамгершілік тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік беретін тұлғалық мағынаға толы. Өйткені көптілді білім беру кеңістігінде оны жүзеге асырудың жетекші тірегі диалог болып табылады. Оның барысында жеке тұлға қарым-қатынас призмасы арқылы өз бейнесін жасайды, өзін-өзі бекітеді.

Осыған орай, көпэтникалық республика жағдайында көптілді білім беруді дамыту қажеттілігі үш бағытта жүзеге асырылады: ана тілі – этникалық өзін-өзі қамтамасыз етуді, этномәдени сәйкестендіруді бекіту, әдебиет және мәдениет бойынша білімді жетілдіру; орыс тілі – жалпы қазақстандық қоғамдастыққа қатыстылығын сезіну, орыс халқының әдебиеті мен мәдениетін терең игеру; шет тілі – басқа халықтың тілі мен мәдениеті арқылы жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарға баулу, шетел әдебиетін, мәдениетін үйрену.

Ал бұл болса, қазіргі ұлттық мәдениет пен білім беру жүйесінде тәрбие мен білім беруді интернационалдандыру мен ұлттандыруды қамтамасыз етеді. Ұлттық мәдениет пен тәрбие жүйесі сақталатын жерде ұрпақтардың бірегей әлеуметтік-мәдени тәжірибесі беріледі, ол нақты әлемдік кеңістікке кіріктіріледі. Біздің қазіргі экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайда ұсынатын көптілді білім беру ұлтаралық келісімнің, мемлекеттің әлеуметтік тұрақтылығының кепілі бола алатын деңгейде халықаралық қарым-қатынас тілін меңгерудің алғышарттарын жасайды.

Ұлттық білім берудің республикалық тұжырымдамасының негізіне қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқылатын пән ретінде ғана емес, сонымен қатар оқыту тілі ретінде пайдалану арқылы жүзеге асырылатын көптілділік қағидат алынған. Тұжырымдамаға сәйкес республикада көптілді білім беру ұйымдарын дамыту болжанып отыр.

Көптілді білім беру Қазақстанда да өз қолдаушыларын тапқан басымды бағыт болып табылады. Мұндай тәсіл студенттерді кәсіптік даярлау барысында арнайы пәндерді оқытуда тиімді. Оны пайдалану білім алушыларға оқу ақпаратын меңгеріп қана қоймай, шетел тілдерін меңгеру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Алдыңғы қатарлы білім беру ұйымдарында (Назарбаев Зияткерлік мектептері, Назарбаев Университеті, қазақ-түрік лицейлері, республиканың ұлттық және аймақтық университеттерінің кейбір факультеттері) бірқатар жыл бойы пәндерді ағылшын тілінде оқытып-үйретуде. Тіл мен пәнді ықпалдастыра оқыту әдістемесі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлық оқу процесі арқылы табысты жүзеге асырылып келеді [139, 140].

Сонымен қатар, көптілді білім беру мектеп және жоғары кәсіптік білім берудің отандық тәжірибесінде кеңінен таралған деп айтуға болмайды. Өйткенімен қазақстандық жастардың белгілі бір бөлігінде ағылшын, француз, қытай және басқа да тілдерді үйренуге деген ұмтылысы байқалатынын жоққа шығаруға болмайды. Шет тілдерін мектептен тыс – оқу орталықтарында,

курстарда қосымша оқыту кеңінен таралған. Жалпы білім беретін мектептердің көптеген түлектері мектепте ағылшын тілін оқыған болса да, бұл тілді жеткіліксіз меңгерген, бұл жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді ұйымдастыруды қиындатады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында көптілділік тәсілді іске асыруды қиындататын басқа да себептер бар:

- қажетті тілдік және коммуникативтік ортаның болмауы;
- шет тілдерін оқытудың әлсіз әдістемелік және технологиялық құралдары;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдері тек оқу пәні (оқу пәні) ретінде оқытылады, бұл оларды оқытуға функционалдық көзқарас мүмкіндігін шектейді;
- оқытушылардың тіл мен пәнге кіріктірілген оқыту әдістемесін меңгермеуі, яғни көптілді білім беру аспектісінде кәсіби және тілдік құзыреттіліктің жеткіліксіздігі.

Д.Ю. Крупновтың пікірінше, «...тіл – әлеуметтендіру құралы, ал тілдік даму – тұлғаны қалыптастыру тірегі» [141]. Бір жағынан, тіл мен ойлау танымның даму құралы болып табылады, екінші жағынан, олар психологиялық кедергілердің туындауына және «танымдық диссонансқа» әкелуі мүмкін. Қарым-қатынаста осы проблемаларды жеңу, педагогикалық қарым-қатынас және өзара іс-қимыл құралы ретінде тілді меңгеру үшін көптілді білім беруде тіл оқыту құралы ретінде қолданылатын технологияларды әзірлеу үшін алғышарттар жасайды. Осы тұрғыдан Д.Ю.Крупнов көптілді білім беруді модельдеу проблемасы педагогика, психология, этнопсихология, лингвистика және тіл білімі сияқты ғылымдардың тоғысында жатқанын айтады.

Біздің зерттеуімізде М.Г.Кряжевтің көзқарасы қызығушылық тудырады, ол көптілді білім беруді халықтардың өзара түсіністігі проблемасымен байланыстырады, оның стандартты шешімі байланыс аймақтарында көптілділікті тарату, деп санайды. Автор кез келген мәдениетаралық коммуникацияда орын алған жағдайды дұрыс түсіндіре білудегі маңыздылығы жағынан, сондай - ақ, әлемнің түрлі модельдерін – бір-бірімен сәйкес келмейтін ғылыми және тілдік арақатынасын барабар сәйкестендіруде көптілді білім беру кеңістігін жобалау кезінде өзара түсіністік мәселесі орталық болып табылатындығын айтады [142]. М.Г.Кряжевтің тұжырымдарына сүйене отырып, оқиғалар мен іс-әрекеттер жағдайында әлемнің тілдік суретін қалыптастыру үшін қабылдау; түсіндіру = іс-әрекет; іс-әрекет = оқиға; факт арақатынасты ұстану қажет [143].

Осы тұрғыдан магистранттың бойында өзіндік мінез-құлқы мен көптілді ортада өзін-өзі анықтауға, саналы адамгершілікті таңдауға бағытталған көзқарасын қалыптастыру маңызды. Өйткені көптілді білім беру жанжалды ортаның пайда болу тәуекелдерінің алдын алу факторы және «екі мәдениет диалогінің коммуникациялық жағдайында өзара түсіністікке қол жеткізудің шарты» [144]. Бұл мәселеге Б.А.Тахоховтың зерттеуі арналған, ол жоғары оқу орнына бірыңғай білім беру кеңістігін құрудағы басымдықты білім алушыларды даярлаудағы мәдени детерминацияны «...мәдениетаралық және жемісті қарым-қатынасты, мәдени көптүрлілікті, адамның қоршаған ортамен бірлігін, макро

және микроғарыштықты сақтау тәсілі ретінде мәдениеттің өзара әрекеттесуін түсіну және қабылдау» ретінде анықтайды [145]. Автор көпмәдениетті құзыреттілікті және төзімділікті қалыптастыруды студенттерді дамытатын жеке тұлғалық қасиеттермен – жеке тұлғаның мәдениетіне, социумға, этносқа төзімділік, жағдайға икемділік, басқаларды айыптамау, оларды түсінуге ұмтылу, сыйластық, жанашырлық қабілеттерімен байланыстырады. Біздің ойымызша, көптілді білім беруде оқыту мен тәрбиелеуді кіріктіруде өзге мәдениетті ашуға, оның құндылығын түсінуге, басқа адамға басқа көзқарастар жүйесімен қарым-қатынас жасауға, рухани-адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге әбден мүмкін.

Осыған орай, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бітірушіге көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды қамтамасыз ету мүмкіндігі айқын. Өйткені «көптілді білім берудің мәні тек екі тілде ғана емес, сонымен қатар көпмәдениетті толеранттылық, өзара түсіністік, этникалық топтар арасындағы өзара сыйластық көрінісінен байқалады» .

Осы тұрғыдан магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселесін зерттеуде қызығушылық тудыратын еңбектерге талдау жасадық.

Магистранттардың, яғни болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың көптілді білім беру жағдайында осындай толерантты тәжірибе жинау және балалар мен жастардың төзімділігін тәрбиелеу ортасы ретінде көптілді білім беру кеңістігін жобалаудың педагогикалық технологияларын меңгеру өте маңызды. Жоғары оқу орнынан кейінгі мектепте мамандарды даярлаудың оңтайлы шарттарын іздеуге бағытталған зерттеулерде халықтың көп ұлтты құрамы бар өңірлерде үлкен және шағын этникалық ұлттық қауымдастықтардың толерантты қатар өмір сүруі маңызды әлеуметтік және педагогикалық қағидат ретінде көпмәдениетті тәрбие мен білім беру қажеттілігі туындайды. Көптілділік қазіргі заманғы көпмәдени әлемнің рухани өмірінің маңызды факторына айналады, бұл көптілді және көпмәдениетті құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру мақсаты көптілді білім беру проблемасын өзектендіреді (З.Н.Зангиева, З.В.Кодзаева, Л.А.Кучиева, А.А.Левитская, В.З.Течиева, Л.В.Щерба, т.б.).

Алдымен көптілді білім берудің әр түрлі аспектілері қарастырылған шетелдік және отандық зерттеу еңбектерін кестеге түсірдік (Кесте 3, 4).

Кесте 3 – Көптіліді білім беру мәселесінің алыс және жақын шетелдік ғылымда зерттелуі

Автордың аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Ғылым саласы	Қорғау жылы, орны
1	2	3	4
Оганесянц Наталья Алексеевна	Формирование культуры полилингвальной личности в школе: На примере Республики Северная Осетия - Алания	13.00.01 - оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі	2001, Владикавказ Ресей
Хрусталева Ольга Николаевна	Формирование языковой личности школьника в условиях полилингвального образования	13.00.02- оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі	2002, Казань, Ресей
Ярунина Светлана Алексеевна	Дидактические основы профессиональной полилингвальной подготовки менеджеров индустрии Гостеприимства	13.00.08 Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі	2003, Мәскеу
Фалалеева Елена Игоревна	Полиязычие в вокальной музыке	Музыкалық өнер	2005, СПб
Исмагилова Лилия Ренатовна	Полилингвизм как компонент экономической культуры	22.00.03- экономикалық әлеуметтану демография	Казань, 2005
Девицкая Зоя Борисовна	Психолингвистическое исследование усвоения лексики при учебном многоязычии	10.02.19 – тіл теориясы	Тверь, 2008
Трофимова, Юлия Ивановна	Формирование полиязычной готовности первоклассников при обучении родному, региональному и иностранному языкам	13.00.01 Жалпы педагогика	2009, Сытыққары, Ресей
Евдокимова Н.В.	Концепция формирования многоязычной компетенции студентов неязыковых специальностей.	13.00.02- оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі	Ставрополь, 2009
Киргуева Фатима Хасановна	Подготовка учителя начальных классов в системе многоуровневого образования на основе компетентностного и полилингвального подходов	13.00.08 - Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі	2010, Владикавказ Ресей

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Хиневич Евгения Сергеевна	Фактор полилингвизма в профессионально-отраслевой динамике современных менеджеров: автореф. дис. ... канд. социол. наук / Е.С. Хиневич. –	22.00.04-элеуметтік құрылым, элеуметтік институттар мен процестер	Белгород, 2011 Ресей
Толмачева Ирина Анатольевна	Термин в сознании полилингва (экспериментальное исследование На материале бирманского, английского и русского языков)	10.02.19 – тіл теориясы	Перьм 2012
Тимирбаева Гузель Равиловна;	Развитие полилингвальной компетенции у студентов инженерного вуза в системе дополнительного профессионального образования	13.00.08 - Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі	2014, Казань, Татарстан
Arianna Iona Kitzinger	Multilingual and multicultural challenges in a hungarian kindergarten (Многоязычные и многокультурные вызовы в венгрейском детском саде)	Білім беру	2015, Piliscsaba– Budapest
Антипова Наталья Борисовна,	Развитие навыков говорения с использованием визуальных опор на начальном этапе обучения русскому языку как иностранному в полилингвальной аудитории	13.00.02-оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі	Москва 2019 Ресей
Хачак Фатима Долетчериев на	Этноспецифические вкрапления как средство реализации полилингвальной языковой личности (на материале публицистических текстов Рамазана Трахо)	10.02.19 – тіл теориясы	Майкоп, 2019
Хажгалиева Гульнар Хабдолкаким овна	Ценностное самоопределение студента в полилингвальном образовательном пространстве вуза	13.00.01 Жалпы педагогика	Оренбург 2019

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Седых Дина Викторовна	Педагогическое обеспечение процесса обучения студентов вуза в полилингвальной образовательной среде	13.00.08 Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі	Кемерево, 2019
Царева Екатерина Евгеньевна	Мультиязычность как средство формирования социокультурной компетентности студентов в инженерном вузе	13.00.08 - оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі	Казань 2019
Хромова Екатерина Олеговна	Полилингвальность в современном литературном дискурсе (на материале романов А.А. Макушинского и В.Г. Зебальда)	10.01.08- әдебиет теориясы. Текстология	Екатеринбург, 2019
Остапенко Татьяна Сергеевна	Межъязыковые взаимодействия при комбинированном трилингвизме (экспериментальное исследование)	10.02.19 – тіл теориясы	Перьм, 2019

Кесте 4 – Көптілді білім беру мәселесінің отандық әдебиеттерде педагогика ғылым саласынан зерттелуі

Аты - жөні	Диссертация тақырыбы	Зерттеу саласы	Қорғау жылы, орны
1	2	3	4
Берденова Сауле Жалгасовна	Формирование коммуникативной компетенции полиязычной личности учащихся 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения	13.00.02 – Теория и методика обучения и воспитания (русский язык в системе начального, среднего и высшего образования)	Алматы, 2006
Гаипов Давронжон Эркинұлы	Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы	13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және	Астана, 2007

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру	білім тарихы, этнопедагогика	
Жетписбаева Бакытгуль Асылбековна	Теоретико-методологические основы полиязычного образования	13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика	Қарағанды, 2009
Салханова Жанат Хамаровна	Теоретические основы развития коммуникативной языковой компетенции в условиях непрерывного полилингвального образования	13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика	Алматы, 2010
Жорабекова Айнур Назимбековна	Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода	6D010300 – Педагогика и психология	Астана, 2015
Сагидуллаев Иброхим Ирисматович	Формирование акмекреативных качеств у будущих учителей английского языка	6D010300 – Педагогика и психология	Алматы, 2015
Кудабаева Перизат Асанбаевна	Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру	6D010300 – Педагогика и психология	Алматы, 2017
Саймбетова Жанар Туребековна	Көптілді білім беруді іске асыру жағдайында болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының этностық-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру	6D012000 – Кәсіптік оқыту	Астана, 2018
Есимғалиева Тлекши Махсотовна	Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді	6D010300 – Педагогика және психология	Алматы, 2020

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	білім беру жағдайында қалыптастыру		
Тлеубай Сандуғаш Тлеубаевна	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту	6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	Алматы, 2021

Көптілді білім беру мәселесі зерттелген алыс және жақын шетелдік еңбектерге жасаған талдау, бұл мәселенің музыкалық өнер (Е.И.Фалалеева), әлеуметтану (Л.Р.Исмагилова, Е.С.Хиневич), лингвистика (З.Б.Девицкая, И.А.Толмачева, Ф.Д.Хачак, Т.С.Остапенко); әдебиеттану (Е.О.Хромова), педагогика (Н.А.Оганесянц, С.А.Ярунина, Ф.Х.Киргуева и др.) ғылымдары саласынан қарастырылғанын көрсетті.

Соның ішінде педагогика ғылымы саласындағы еңбектерде мектепке дейінгі ұйымдардағы көптілділік (І.К.Арианна); мектептің оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға қалыптастыру (Н.А.Оганесянц, О.Н. Хрусталева, Ю.И.Трофимова) жоғары оқу орнынның оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға қалыптастыру (С.А.Ярунина, Е.Е.Царева, Г.Р.Тимирбаева; Н.В.Евдокимова); жоғары оқу орнындағы көптілді білім беру ортасы (Г.Х.Хажғалиева, Д.В.Седых, Н.Б.Антипова), білім беру жүйесіндегі полилингвалды тәсіл (Ф.Х.Киргуева) мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Көптілді білім беру мәселесінің отандық педагогикалық әдебиеттерде зерттелуіне жасалған талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. **Біріншіден**, көптілді білім беру мәселесіне қатысты қазақстандық педагог ғалымдардың зерттеулері 2006 жылдан бастап жарық көре бастады. **Екіншіден**, бұл еңбектерді зерттеу объектісіне қарай 4 топқа бөліп қарастырамыз.: 1) көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері (Б.А.Жетпісбаева), 2) мектеп оқушыларының көптілділік құзыреттілігін қалыптастыру (С.Ж.Берденова, Д.Э.Гаипов); 3) көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның мәдениетаралық, коммуникативтік, құзыреттілігін қалыптастыру (Ж.Х.Салханова, И.И.Сагидуллаев, П.А.Кудабаева, Р.Ризаходжаева, Ж.Т.Саймбетова, С.Тлеубай); 4) кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (А.Н.Жорабекова, Т.М.Есімғалиева).

Жоғарыда көрсетілген талдаулар бізге шетелдік, отандық әдебиеттерде көптілді білім беру мәселесінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында, яғни магистранттардың оқу-тәрбие процесінде қарастырылмағанын көрсетті.

Осы ойымызды айқындай түсу үшін біз болашақ ғылыми педагог кадрларды, соның ішінде магистрлерді даярлау процесінің әдебиеттерде зерттелу жағдайына да талдау жасадық, кестеге түсірдік (Кесте 5).

Кесте 5 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында болашақ ғылыми педагог мамандарды (магистр) даярлау мәселесінің отандық ғылымда зерттелуі (2000-2021 жж.)

Автор аты-жөні	Диссертация тақырыбы	Қорғау орны, жылы
Баширова Жамал Рахимовна	Научные основы развития университетского образования в аспекте направленности на подготовку преподавателя высшей школы	Алматы, 2004
Булатбаева Айгуль Абдимажитовна	Развитие концептуальных и прикладных основ процесса овладения магистрантами военного вуза методологией исследовательской деятельности	Алматы, 2009
Нуртаев Ерден Рамазанович	Особенности мотивации учебно-исследовательской деятельности магистрантов	Алматы, 2013
Бекжанова Бахытжамал Жорабекқызы	Формирование акмеологической готовности специалистов в условиях послевузовского образования	Алматы, 2014
Аяпбергенова А.Ж.	«Магистранттардың педагогикалық қарым-қатынас жасауға даярлығының теориялық-әдіснамалық негіздері»	Алматы, 2014
Иманчиев Ж.Е.	«Магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту»	Алматы, 2015
Мизимбаева Альмира Сарсенбековна	Развитие исследовательской культуры магистрантов	Алматы, 2015
Абыкенова Дария Болатовна	Психолого-педагогические основы формирования информационно-коммуникационной технологической компетентности магистрантов в условиях виртуально-образовательной среды	Астана, 2017
Донцов Артём Сергеевич	Формирование готовности магистрантов научно-педагогического направления к реализации предметно-языкового интегрированного обучения	Павлодар, 2018

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында болашақ ғылыми педагог мамандарды (магистр) даярлау мәселесінің отандық ғылымда зерттелуіне (2000-2021 жж.) жасаған талдау, осы мәселенің 1) магистрлерді даярлаудың теориялық

негіздері (Ж.Р.Баширова); зерттеу іс-әрекетін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері (А.А.Булатбаева, Е.Р.Нуртаев, А.С.Мизимбаева), кәсіби мәнді сапаларын, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (А.Ж.Аяпбергенова, Ж.Е.Иманчиев, Д.Б.Абыкенова); акмеологиялық, пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуға даярлығын қалыптастыру (Б.Ж.Бекжанова, А.С.Донцов) бағыттарында жан-жақты зерделенгенін аңғартты.

Соның ішінде біздің зерттеуге жақын келеді деген еңбектер арасынан Ж.Иманчиевтің зерттеуіндегі магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту мәселесін қарастырғанмен көптілді білім беру жағдайында зерттелмеген. Ал А.С.Донцовтың магистранттардың пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуды жүзеге асыруға даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеу еңбегінде басқа пәндерді оқытуда шет тілін кіріктіріп оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін қарастырады. Осы талдаулар біздің зерттеу проблемамыздың бұрын соңды зерделенбегенін аңғартады.

Осы орайда магистрант тұлғасына тоқталып өткен жөн. «Магистр» сөзі – латын сөзі, ол «ұстаз», «мұғалім», «жетекші», «өз ісінің шебері» деген ұғымдарды білдіреді. Көне Римдіктерде «магистр» айбынды лауазымды адамды білдірді. Византияда «магистр» болып жоғары дәрежедегі ақсүйек қызметкер танылды. Орта ғасырда «магистр» - ерекше дәреже, жеті өнер шеберлігі бар ұстаз болды. «Тевтон», «Госпитальер», «Тамплиер» ордендерінің иегерлері «Ұлы магистр» атағына ие болған. Қазіргі уақытта «магистр» дәрежесі философия докторы дәрежесінен алдыңғы дәреже саналады

Қазақстанда жоғары ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) туралы Ереже 2000 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 7 маусымындағы «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 желтоқсандағы №1845 «Жоғары кәсіптік білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленді.

Ал, ЖОО кадрлар даярлаудың үшсатылы жүйесіне 2003-2004 оқу жылынан бастап көше бастаған болатын. Әуелі экономикалық, гуманитарлық және педагогикалық, ал соңынан басқа да мамандықтар бойынша төрт жылдық бакалавриатқа студенттер қабылданды. Қазіргі кезде бес жыл және одан да көп оқу мерзімі тек ветеринария және медицина мамандықтарының стандарттарында ғана сақталып қалды.

Қазақстанның жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес «магистрант» – магистратурада білім алушы тұлға болса, «магистр» - жоғары оқу орнындағы көп деңгейлі білім берудің екінші сатысын тамамдаған соң дәрежеге ие болған магистрант. Қазақстанның жоғары білімінен кейінгі білім беру жүйесімен Еуропа мен АҚШ елдеріндегі білім беру жүйесін салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мысалы, Қазақстанда бакалавр – бұл маман иесі болудың бастапқы баспалдағы болса, еуропа елдерінде магистратурада білім алатын бакалавр жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қызмет ете алады. Сондай-ақ, Ұлыбританиядағы философия мастері және философия докторы дәрежелерінің де мәні бөлек. Бакалавр дәрежесі бар студент магистрлік зерттеу

жұмысын бастаған күннен бастап философия мастері дәрежесіне ие болады. Ал егер сол зерттеуді аяғына дейін жеткізіп, қорғаса, онда ол философия докторы дәрежесіне ие болады [146].

Дейтұрғанмен магистр дәрежесі барлық мемлекетте де магистранттың таңдап алған мамандығы бойынша теориялық білімдерді терең меңгеруі мен ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне даярлығын талап ететіндігін жоққа шығармайды.

Сонымен бірге магистратураның негізгі бағыттарының бірі – өзін-өзі дамытуға үйрету, белсенді өмірлік шығармашылығында жаңа білімдерге өз білімімен жету; мамандардың мәдениетін жоғарлату, соның ішінде қарым-қатынас мәдениетін дамыту, қазіргі заманғы ғылыми-тәжірибелік мәселелерді сараптай білу, жоғарғы оқу орындарында дәріс беру, зерттеу немесе басқару қызметтерін сәтті жүргізу, адамдарға, қоғамға, қоршаған ортаға, ойлау мәдениетіне деген қатынасты реттеп отыратын этикалық-құқықтық нормаларды игере білу, мына дамып жатқан әлемде жан-жақты болу үшін магистранттарды біліммен қамтамасыз етуді көздейді [147].

Бұл проблема біздің зерттеуімізде көптілді білім беру әртүрлі мәдениет, ұлт, діни наным-сенім негізінде адам өмірінің бейбітсүйгіш қоғамдастығын құруға қабілетті заманауи ғылыми-педагог кадрларды тәрбиелеу жолы ретінде де, диалог негізінде тұлғаның мәдени ұқсастығын сақтау және жаһандық көпмәдени кеңістікке кіру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде де қарастырылады. И.Г.Агузарованың зерттеуінде көпмәдениетті тұлғаның дүниетанымын (гуманитарлық идеалдар мен құндылықтарды игеру), уәждемелік (білім беру бағдарламаларын меңгеруге оң көзқарастар), әлеуметтендіру (әлеуметтік маңызы бар ақпарат пен қызмет технологияларын игеру), толыққанды елдік бірегейлілік (азаматтық сана-сезім, патриотизм, төзімділік, өзін-өзі анықтаудағы жауаптылық) аспектісінде тәрбиелеуге баса назар аударылады.

Сонымен көптілді білім беру болашақ ғылыми-педагог кадрлардың бойында диалогтың, ынтымақтастықтың, басқа да мәдениеттерді тануға ұмтылыстың құндылықтарына негізделген әлемнің ғылыми және мәдени суретін қалыптастыруға; басқа ұлт тұлғасын ұғыну, тіл мәдениетін және мәдениетаралық коммуникация құралдарын ашу, тіл және білім беру ортасын қайта құру құндылықтары негізінде ғаламдық ақпараттық көпмәдени кеңістіктегі мәдениетаралық коммуникация тәжірибесін игеруге; болашақ ғылыми-педагог кадрлардың тұлғасын тәрбиелеуде өз мәдениетінің құндылықтарымен бірдей, белсенді және тату қоғамдастық құруға қабілетті өзге де тілдік мәдениеттердің өкілдеріне төзімділікке бағытталуы мүмкін. Республикада жоғары оқу орнынан кейінгі мектептің дамуында экологиялық, әдеби, тілдік білім беруге ғана емес, сонымен қатар ұлтаралық қатынастарды үйлестіру, мәдениеттерді «диалогтау», тіршілік әрекетінің табиғи әлеуметтік ортасының экологиялық қауіпсіздігі арқылы студенттердің жоғары азаматтық және өзіндік санасын қалыптастыруға көңіл бөлініп отырғандығы сондықтан.

Ал бұл болса, көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның әлеуметтік бейімделуіне, мәдениетаралық және кәсіби-тұлғалық сапаларды

дамытуға көзқарасты түбегейлі өзгертеді. Көптілді білім беру кеңістігінде жұмыс істей алатын қазіргі ғылыми-педагог кадрларды даярлау процесінде бірқатар міндеттер жиынтығын шешуді талап етіледі.

Осы ретте қабілетті дамытуға арналған міндеттер белгіленуі мүмкін, атап айтқанда:

- өзге мәдениетке, оның тіліне, құндылықтарына, мінез-құлық нормаларына мәдени бірегейлікке өзін-өзі сәйкестендіру;
- өзге мәдени қоғамдастықта жеке және кәсіби табысқа қол жеткізу;
- басқа мәдениет және коммуникациялардың өкілдерімен өзара іс-қимыл процесінде түсіністікті орнату.

Кәсіби дайындық барысында магистранттар көптілді ортада кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сапаларды игеруі маңызды. Дәл соларда өз бетінше жас ұрпаққа өмірдің жаңа философиясын – тану, түсіну, қабылдау, ынтымақтасуды қалыптастыра отырып, көптілділік коммуникацияның жаңа моделін іс жүзінде жасайтын болады. Көптілді білім беру өзінің және басқа да мәдениетті тану көкжиегін кеңейтеді, бұл әсіресе жаһандық білім беру аспектісінде өзекті. Өзінің және басқаның мәдениетін түсіну өзге дүниетанымды және мінез-құлықты, қарым-қатынас пен коммуникацияның өзге түрін қалыптастырады. Жаһандық білім беруді дамыту жағдайында жұмыс істеуге дайындалып жатқан мұғалімнен әлемдік тәжірибені, оқытудың жаңа технологияларын, өзінің педагогикалық тәжірибесінің рефлексивтілігін және сыни тұрғыдан ойлауда өзін-өзі дамытуды талап етіледі. Бұл құрауыштарды қабылдауды біз педагогтің әлеуметтік емес жағдайлардағы, мәдени құндылықтардағы, әлемге эмоционалды-құндылық қатынастардағы ұстанымы ретінде анықтаймыз, онда мұғалім мәдениет тасығыш, оның авторы, мәдениетаралық коммуникациялардың мұрагері және құрушысы ретінде әрекет етеді. Мұғалімнің көптілді білім беру кеңістігінде мәдениетаралық коммуникация құралдарын игеруі педагогикалық мамандыққа уәждемелік-құндылық қарым-қатынастың қалыптасуын, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен құралдарына ынтымақтастық технологиясы ретінде және оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің өмірінің жалпы проблемаларына араласуын қамтамасыз етеді. Әрбір жеке елде білім беруді дамыту жалпы жаһандық білім беруді дамытудың мәнін құрайды, ол тек өзара алмасу және әлемдік педагогикалық тәжірибені байыту арқылы ғана жүргізілуі мүмкін. А.П.Лиферов атап өткендей, қазіргі әлемнің өзара тәуелділігі мен бөлінбейтіндігін ұғынуды қамтамасыз ететін жаһандық білім өскелең ұрпаққа басқа ұлттар мен халықтар өкілдерімен қарым-қатынас жасай білуді үйретеді, жалпы білім беруді ізгілендіру және гумандандыру арқылы әлем халықтарының мәдениеті тұрғысынан өз ұлтының мәдениетін зерттеуге мүмкіндік береді.

Ол үшін келесідей қажеттіліктер туындайды

- әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу жолдарын көптілділік және мәдениетаралық қауымдастық ретінде анықтау
- педагогикалық білім беру мазмұнын адамның мінез-құлқы басқа мәдениетті тануға, өзге философия мен мәдениетті қабылдауға, адамзат тарихы

В.Д.Шадриков	қызметтің тиімділігіне және оны игерудің табыстылығына әсер ететін қызмет субъектісінің <i>жеке қасиеттері</i>	
А.А.Деркач Н.В.Кузьмина	арнайы білімді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеру үшін, сондай-ақ кәсіби еңбектегі қоғамдық қолайлы тиімділікке жету үшін қажетті тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің көрініс табуы	
А.М.Павлова, Э.Ф.Зеер		кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетін негіздейтін жалпы, арнайы және жеке қасиеттерінің тұрақты кіріктірілген жиынтығы

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
А.К.Маркова	кәсіби қызметті тиімді орындауға, қарым-қатынас жасауға, өсуге, төтенше жағдайларды жеңуге қажетті психологиялық қасиеттер	
К.Куанжанова		кәсіби педагогикалық кеңістіктің маманы субъектісіне, өзіне, іс-әрекетіне қатынасында көрінетін кіріктірілген тұлғалық қасиеттері
Ж.Иманчиев	кәсіби іс-әрекетін тиімді және ұтымды жүзеге асыруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттері мен лидерлік әлеуетінің және олардың дамуына ықпал ететін психологиялық сапаларының жиынтығы	

Бұдан аталған ғалымдардың маманның кәсіби сапасы ұғымын оның жеке қасиеттері, психологиялық ерекшеліктері, психологиялық қасиеттері тұрғысынан қарастырғанын көреміз.

Отандық PhD доктор Ж.Иманчиев маманның кәсіби маңызды сапасын кәсіби іс-әрекетін тиімді және ұтымды жүзеге асыруға қажетті педагогикалық, зерттеушілік қабілеттерінің, тұлғалық қасиеттері мен лидерлік әлеуетінің және олардың дамуына ықпал ететін психологиялық сапаларының жиынтығы, деп анықтайды. Осы анықтамада автор кәсіби сапа ұғымының мәнін оның құрамын ашып көрсету арқылы негіздеген. Сондай-ақ, Ж.Иманчиев маманның кәсіби сапасына қасиеттер мен психологиялық сапаларды ғана емес қабілеттер мен әлеуетті де жатқызады. Әрине кәсіби сапа ұғымын маманның кәсіби іс-әрекетіне қатысты тұлғалық ерекшелік, өзгешеліктерін сипаттайтын белгі тұрғысынан қарастырсақ, бұл оймен келісуге болады.

Жоғарыда кәсіби сапа ұғымына берілген анықтамалардың барлығы да оның негізін тұлғалық қасиеттер құрайтынын айтады. Сол себепті біз зерттеу пәнімізге сәйкес болашақ маманның тұлғалық сапасы ұғымын оның кәсіби табыстылығының негізі тұрғысынан кәсібилігімен біріктіріп, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары деп қарастырамыз.

Осы тұрғыдан біз «*магистранттың кәсіби-тұлғалық сапалары* дегеніміз оның *болашақтағы кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыруға қажетті арнайы білім, білік, дағдылары мен жеке қасиеттерінің кіріктірілген жиынтығы*» деп нақтылаймыз.

Кәсіби тұлғалық сапалар – бұл кәсіби-рөлдік мінез-құлықтың белгілі бір жүйесі тұрғысынан өз мамандығына, еңбекке, табиғатқа, заттарға деген үнемі бекітілген қарым-қатынас. Кәсіби-тұлғалық ұғымы ішкі және сыртқы ұғымдарды біріктіреді және субъективтілік пен объективтіліктің диалектикасын сипаттайды. Кәсіби қызметті дамыту үдерісіне кіріктірілген тұлғаның сапасы оның негізгі параметрлеріне, атап айтқанда өнімділігі, сапасына, сенімділігі бойынша орындалу тиімділігіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта кәсіби тұлғалық сапалардың құрамын анықтау мен жіктеуде бірыңғай тәсіл жоқ, алайда пікірлердің көпшілігі олардың маңыздылығына қатысты ұқсас болып келеді. Кәсіби тұлғалық сапалар кәсіби-педагогикалық бағыттылықпен қатар, кәсіби және педагогикалық шеберлікті меңгерудің маңызды факторы педагог тұлғасының іргелі компоненті болып саналады.

Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары ұғымының мәнін ашу олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінің түрлерінен және оларды табысты жүзеге асыруға қажетті сапаларынан талап етіледі. Магистранттардың болашақтағы қызметі ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке арналуы себепті біз психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде қарастырылған педагогтың кәсіби сапасы, кәсіби-тұлғалық сапасы түрлерінің топтастырылуына мән бердік және бір кестеге жинақтауға тырыстық (Кесте 7).

Кесте 7 – Әдебиеттерде кәсіби сапа, тұлғалық сапа, кәсіби-тұлғалық сапа түрлерінің жіктелуі

Ғалымдардың аты-жөні	Кәсіби сапа	Тұлғалық сапа	Кәсіби-тұлғалық сапа
1	2	3	4
В.Д.Симоненко		<ul style="list-style-type: none"> - кәсіби өзін-өзі анықтау, жетілдіру; - еңбекқорлық, іскерлік, ұжымшылдық; - жоғары кәсіби біліктілік, шеберлік; - кәсіби ұтқырлық; - технологиялық міндеттерді дербес шығармашылықпен шешу қабілеті; - эмоциялық тұрақтылық, коммуникативтік қызметке қабілеттілік; - жоғары жауапкершілік, тәртіптілік; - эстетикалық сезім, талғам; - заманауи экономикалық ойлау; - денсаулығының жақсы дамуы т.б. 	
О.В.Атаулова, В.И.Котельникова, З.Б.Тамарова, Т.Г.Якушева		<ul style="list-style-type: none"> - моральдық-адамгершілік қасиеттері; - эмоциялық-ерік қасиеттері; - психикалық және физикалық қасиеттері; - педагогикалық бағыт; «өзін-өзі құруды» қалыптастыру қабілеті 	

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Е.И.Рогов			Педагогикалық эрудиция, мақсат қою, ойлау, интуиция, алдын-ала көру, болжау, суырып салушылық, педагогикалық бақылаушылық, байқағыштық, оптимизм, тапқырлық рефлексия
Л.М.Митина			өз пәнімен әуестенушілік, өзінің оқыту қабілетіне сенімділік, коммуникативтік біліктілік оқушыларға проблемалық сұрақтар қоя білу, қамқорлық жасау, оқушылардың қабілетіне сенімділік, кәсіби өсуге ұмтылу
В.А.Сластенин	балаға, педагогикалық қызметке қызығушылық; әділеттілік; педагогикалық зеректілік, қадағалау; педагогикалық такт; педагогикалық қиял; қобалжушылық; талапшылдық, табандылық, мақсаткерлік; ұйымдастыру қабілеті; сабырлылық, шыдамдылық; кәсіби жұмысқа қабілеттілік.		

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
П.Ф.Каптерев		адамгершілік-ерік қасиеттері: әділдік (объективтілік), зейінділік, адалдық, төзімділік, шыдамдылық, өзін-өзі сынау, балаларға шынайы махаббат	
Ф.Н.Гонболин	дидактикалық және экспрессивті қабілеттерді, перцептивті коммуникативтік, ұйымдастырушылық, ғылыми-танымдық қабілет		
Ю.К.Бабанский		идеялық саяси мәдени ой-өрісі, қоғамдық белсенділік, жаңа сезім, балалармен жұмыс істеуге қажеттілігі, табандылық, педагогикалық такт, педагогикалық бағдар, талапшылдық, өзін-өзі бағалау, өз пәні саласындағы білім, ой еңбегін, пәнге қызығушылығын, оқу дағдыларын дамыту, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жеке көзқарас, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыра білу	

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Н.В.Кузьмина			гностикалық, жобалаушылық, конструктивтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық
А.И.Щербаков	ақпараттық, жұмылдырушылық, дамытушылық және бағдарлы		
А.М.Павлова, Э.Ф.Зеер	ықыластылық, байқағыштық, креативтіліктік, батылдық, өзін-өзі бақылау, дербестік, мақсатқа ұмтылушылық және т.б.		психофизиологиялық қасиеттер, кәсіби бағыттылық (құндылық-мотивациялық сала), кәсіби құзыреттер (әлеуметтік-кәсіптік жағдайларда кәсіби білім мен іскерлікті іске асыру қабілеті).
Н.А.Аминова М.В.Молоканова		жалпы интеллектуалдық; коммуникативтік қарым-қатынас барысында күйзеліске төзімділік; эмоционалдық өзін-өзі ұстай білу; аттракция (тартымдылық); шешім қабылдауда өзіне сүйенушілік	
Е.Г.Ромьщина	<i>Кәсіби салалық сапа</i> Коммуникативтік Ұйымдастырушылық Диагностикалық Құндылық-этикалық рефлексивті Шығармашылық	<i>Жалпыадамзаттық қасиеттер</i> Азаматтық Адамгершілік Интеллигенттік Еңбекқорлық Адамсүйгіштік Жоғары дамыған интеллект	<i>Кәсіптік арнайы сапа</i> Социабельділік Эмпатикалық Әдептілік Стресс тұрақтылығы Төзімділік Эмоциялық тартымдылық

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
А.К.Маркова	мотивациялық, ерік-жігер: адамның мотивтері; өзін-өзі кәсіби бағалау; эмоция; еңбекке қанағаттануы; кәсіби қабілеттер, кәсіби білім алу, кәсіби өсуге ұмтылу; кәсіби ойлау; кәсіби өзін-өзі дамыту; болмауы тиіс психикалық қасиеттер және т.б.		
В.Л.Марищук	кәсіп талаптарына сәйкес келетін және осы мамандықты табысты меңгеруге ықпал ететін жеке динамикалық қасиеттер, белгілі бір психикалық және психомоторлық қасиеттер, физикалық қасиеттер		
Н.С.Ахтаева	кәсіби қызметіне шығармашылық көзқарас, жаңашылдық, кәсібилігін үздіксіз көтеру, өзідігінен білім алу, өзін дамыту, педагогикалық шеберлік, кәсіби құзыреттілік, эрудиция, студенттің психологиялық,	еңбекқорлық, жауапкершілік, әділеттілік, объективтілік, ұстанымшылдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелілік, шыдамдылық, гуманистік, балаларға деген сүйіспеншілік, өнегелік, ұқыптылық, адалдық,	

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	<p>жекелік ерекшеліктерін ескеру, , мотивациясын, қызығушылығын ояту, мамандығын сүю</p>	<p>оптимизм, әзіл-сықақ сезімі, мейірімділік, достық, демократиялық, талап қоя білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін сыни бағалау, өзін-өзі талдау, абырой, харизма, беделдік, сүйкімділік, эмпатияға қабілеттілік, ықыластық, зияткерлік, тактикалық.</p>	
<p>Ж.Ы.Намазбаева; З.Ш. Каракулова</p>			<p>құндылық-адамгершілік; эстетикалық; коммуникативтік; уәждік (мотивация); эмоционалды-еріктік</p>
<p>К.Куанжанова</p>			<p>Өзін-өзі белсендіру</p>
<p>Ж.Иманчиев</p>	<p>Педагогикалық; зерттеушілік; тұлғалық; лидерлік; психологиялық</p>		

Кәсіби сапа түрғысынан тұлғаның қасиетін анықтайтын өлшемдер бірнешеге бөлінеді:

- маманның тұлғасына қойылатын талаптарға қоғам қоятын белгілі бір кәсіби сапаның әлеуметтік маңыздылығы;

- адамның жеке тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігіне әсері;

- осы сапаның кәсіптік білімнің табыстылығына ықпалы.

Кестеде берілген топтамаларға мән берсек, педагогтың кәсіби сапаларының жіктелмесін алғашқылардың бірі болып жасаған ғалым П.Ф.Каптерев сапаларды арнайы және жеке деп екі топқа бөлді. Оның негіздеуінше педагогтың арнайы сапаларын оның ғылыми дайындығы мен «ақыл-ойға» жатқызылатын жеке таланты құрайды. Ол педагогтың қажетті жеке қасиеттері қатарында адамгершілік-ерік қасиеттерді («әділдік (объективтілік), зейінділік, адалдық, төзімділік, шыдамдылық, өзін-өзі сынау, балаларға шынайы махаббат») көрсетеді [197]..

В.А.Сластенин бұл сапаларды толықтыра түседі. Ол педагогтың мынадай кәсіби сапаларын атап көрсетеді: балаға, педагогикалық қызметке деген қажеттілік, қызығушылық пен махаббат; әділеттілік; педагогикалық зеректілік және қадағалау; педагогикалық такт; педагогикалық қиял; қобалжушылық; талапшылдық, табандылық, мақсаткерлік; ұйымдастыру қабілеті; сабырлылық, шыдамдылық; кәсіби жұмысқа қабілеттілік [198].

Педагогикалық қабілеттің құрылымын қарастыра келе, Ф.Н.Гонболин дидактикалық және экспрессивті қабілеттерді, перцептивті және коммуникативтік, ұйымдастырушылық және ғылыми-танымдық қабілеттерді ерекшелеп көрсетеді [199].

Н.В.Кузьмина педагогтың іс-әрекетінің түрлеріне негізделген сапаның бес тобын бөліп көрсетеді, атап айтқанда: танымдық, жобалаушылық, конструктивтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық [200].

А.И.Щербаков бұл сапаларды функционалдық қызметіне сәйкес жалпы еңбекке жатқызады. Сондай-ақ, ол педагогикалық қызметтің ақпараттық, жұмылдырушылық, дамытушылық және бағдарлық функцияларын кәсіби сапаларға топтастырды [201].

В.Д.Шадриков «қызметтің тиімділігіне және оны игерудің табыстылығына әсер ететін қызмет субъектісінің жеке сапаларын» кәсіби сапалар деп санайды; автор бұл ретте аталған ұғымға қабілеттілікті қосады [202].

Ю.К.Бабанскийдің пікірінше педагогикалық іс-әрекет сипатына әсер ететін маңызды тұлғалық қасиеттер идеялық саяси мәдени ой-өрісі, қоғамдық белсенділік, жаңа сезім, балалармен жұмыс істеу қажеттілігі, табандылық, педагогикалық такт, педагогикалық бағдар, талапшылдық, өзін-өзі бағалау, өз пәні саласындағы білім, ой еңбегін, пәнге қызығушылығын, оқу дағдыларын дамыту, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жеке көзқарас, сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыра білу болып табылады [203]..

В.Л.Маришуктың зерттеулерінде кәсіби сапалар жеке динамикалық қасиеттер, белгілі бір психикалық және психомоторлық қасиеттер (сәйкес келетін психикалық және психомоторлық үдерістердің деңгейімен көрінетін), сондай-ақ кәсіп талаптарына сәйкес келетін және осы мамандықты табысты меңгеруге ықпал ететін физикалық қасиеттер ретінде түсіндіріледі. А.А.Деркач

және Н.В.Кузьмина кәсіби маңызды сапаларды интеллектуалдық (ойлау), адамгершілік (мінез-құлық), эмоциялық (сезім), ерік (өзін-өзі басқару қабілеті), ұйымдастырушылық (қызмет механизмі) сапаларға топтастырады [204].

Л.М.Митина бірқатар зерттеулерді талдау негізінде сапалы жұмыс істейтін мұғалімдердің жеке қасиеттерін ұсынды. Бұл өз пәнімен әуестенушілік, өзінің оқыту қабілетіне сенімділік, коммуникативтік біліктіліктің болуы, оқушыларға проблемалық сұрақтар қоя білу, оқушыларға қамқорлық жасау, барлық оқушылардың қабілетіне сенімділік, кәсіби өсуге ұмтылу сияқты қасиеттер [205]

А.М.Павлова, Э.Ф.Зеер кәсіби-тұлғалық сапаларды психофизиологиялық қасиеттер, кәсіби бағыттылық (құндылық-мотивациялық сала), кәсіби құзыреттер (әлеуметтік-кәсіптік жағдайларда кәсіби білім мен іскерлікті іске асыру қабілеті) деп бөледі.

Г.В.Акопов кәсіби-тұлғалық сапаларды анықтау кезіндегі тәсілдердің айырмашылығы екі фактормен: кәсіппен және жеке тұлғамен (даралықпен) байланысты екенін айтады. С.Б.Елканов кәсіби маңызы бар сапалардың ерекшелігі мен жеке кәсіби сапалық қасиеттердің ерекшелігін ажырата білуді ұсынады.

Аталған ғалымдардың педагогтың кәсіби сапасы, тұлғалық сапасы түрлері топтамасында нақты айырмашылықтар жоқ. Ғалымдардың кәсіби сапаларда көрсеткен сапа түрлері бірқатар ғалымдардың тұлғалық сапа түрлерін анықтаған топтамасында беріледі және керісінше. Мәселен, В.Сластенин балаға, педагогикалық қызметке деген қажеттілік сапасын кәсіби сапаға жатқызса, Ю.Бабанский тұлғалық сапаға жатқызады. Ал, П.Каптерев ерік-жігер сапасын тұлғалық сапаға жатқызса, А.Маркова кәсіби сапа тобында қарастырады. Н.Ахтаева, Ж.Иманчиев психикалық қасиеттерді кәсіби сапа құрамында қарастырса, О.В.Атаулова, В.И.Котельникова, З.Б.Тамарова, Т.Г.Якушева тұлғалық сапа құрамында көрсетеді (Кесте 7). Осы айтылғандар *педагогтың кәсіби сапасын оның тұлғалық қасиеттерінсіз қарастыру мүмкін еместігінің* жарқын дәлелі.

Осыған орай авторлар тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапалары кәсіби жарамдылықтың маңызды факторларының бірі болып табылады, олар тек жанама түрде белгілі бір қабілеттерді сипаттап қана қоймай, оқу және қызмет процесінде дами отырып, олардың құрылымына органикалық түрде енетіндігін айқындайды.

Б.Г.Ананьев еңбек субъектісі ретінде адамды зерттеу қазіргі уақытта оның дайындық, тәжірибелік, шеберлік, өнімділік және сапалық сипаттамаларымен шектелмейтіндігін көрсетеді [206]. Адамның еңбек қызметін одан әрі дамыту мүмкіндіктерін, өндірісте өзін жетілдіру жағдайында еңбек өнімділігін арттыру үшін тұлғаның ішкі күштерін анықтау маңызды, ал кәсіби-тұлғалық сапаларды анықтау кезінде тек сол немесе басқа сапалардың жиынтығын ғана емес, сонымен қатар олардың белгілі бір құрылымын, функционалдық құрамын және жекелеген компоненттердің біркелкі емес дамуын және олардың нақты кәсіби қызметте көрінуі мүмкін әртүрлі үйлесімін ескеру қажет.

Бірқатар ғалымдардың зерттеулерінде (Ф.Н.Гоноболдин, Т.А.Воробьева, Н.В.Кузьмина, Р.И.Хмельюк, А.И.Щербаков және т.б.) кез келген педагог үшін тұлғалық қасиеттер мен қабілеттердің қатаң құрылымы, еңбекке деген белгілі бір

әлеуметтік-психологиялық бейімділік – кәсіби-педагогикалық бағыттылықта бірінші дәрежелі мәнге ие болады.

Қасиеттер келесідей топтарға бөлінеді:

- доминантты қасиеттер – педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асырудың мүмкін еместігіне (әлеуметтік белсенділік, мақсатқа ұмтылу, тепе-теңдік, оқушылармен жұмыс істеуге ықылас, экстремалды жағдайларда өзін-өзі жоғалтып алмау қабілеті, ашық, адалдық, әділдік, гуманистік, эрудиция, педагогикалық такт, төзімділік, әлеуметтік белсенділік, адалдық) әкелетін кез келгенінің болмауы;

- педагогикалық қызметтің табыстылығына ықпал ететін, бірақ тиімділікке шешуші әсер етпейтін перифериялық қасиеттер (мейірімділік, адалдық, әртістік, даналық, оптимизм);

- жағымсыз сапа – педагогикалық еңбек тиімділігін төмендетуге әкеп соғатын сапа (мысалы, жақсы көретіндерді бір-бірінен бөлу, тепе-теңсіздік, кек алу, тәкаппарлық, шашыраңқылық);

- кәсібилікте жол берілмейтін қасиеттер кәсіби жарамсыздыққа әкеледі (зиянды әдеттердің болуы, қолжұмсаушылық, дөрекілік, ұстанымсыздық, адамгершілік тұрғыдан арсыздық, жауапсыздық).

Өйткені кәсіби сапалар маманның кәсіби қызметінің деңгейінен талап етіледі. Сол себепті «адамның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың жоғары деңгейі оның кәсіби еңбектегі жоғары сенімділігі мен өнімділігін қамтамасыз ететін маңызды шарт болып табылады» [207].

Педагогтің кәсіби дайындығының сапасы оның эмоционалдық-мотивациялық саласының дамуына, шығармашылық педагогикалық ойлау процестеріне, оқушылардың игерген білімдерінің санына емес, кәсіби маңызды қасиеттерге, педагогикалық қабілеттер мен педагогикалық техникаларға байланысты екенін есте сақтау маңызды. М.И.Лукьянова атап көрсеткендей кәсіби маңызды қасиеттердің болуы педагогикалық қызмет процесінен ажыратылмайды. Әңгіме кәсіби педагогикалық қызметпен байланысты, оның сипаты мен ерекшеліктерімен тығыз байланысты қасиеттерді табу туралы болуы тиіс [208].

Осы айтылғандар негізінде біз *магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларының түрлерін айқындау үшін оның болашақтағы ғылыми-педагогикалық іс-әрекетіне талдау жасау керектігін* ұғындық. Болашақ ғылыми-педагогикалық кадрларға қойылатын негізгі талаптар туа біткен емес, жүйелі және табанды еңбекпен, жүзеге асатын күрделі жұмысынан байқалады: педагогикалық қызметке деген сүйіспеншілік, жоғары дамыған интеллект, жалпы мәдениет пен адамгершіліктің жоғары деңгейі, педагогикалық эрудиция, кең эрудиция арнайы білімнің болуы, оқыту және білім әдістерін кәсіби меңгеру және т.б..

Р.Кеттел педагогикалық қызметте адамның қарым-қатынасы маңызды екенін, адамдар оны жалықтырмайтынын, ал олармен қарым-қатынаста ешқашан шаршамайтынын анықтады.

Сондай-ақ, олар:

- жоғары (жалпы) ақыл-ой қабілетіне ие болуы, терең, ақыл-ойлы, еркін ойлайтын, талдаушы, экспериментатор болуы тиіс.

- әлеуметшіл (көпшіл), адамдармен жұмыс істеуді жақсы көреді, әлеуметтік мойындауға (мақұлдауға) қуанады, адамдарға зор ықылас танытады, белсенді топтарды оңай қалыптастырады, адамдардың есімдерін жақсы есте сақтайды, мейірімді, әдепті, қарым-қатынаста дипломаттық.

- бірлескен іс-қимылды жақсы көреді, жеке тұлғаның мүдделерін топтық мүдделерге бағындыра алады, ар-ождан, адал, жауапкершілік борышы бар, күшті, жігерлі, өзіне бағындыра алады. Ол практикалық мәселелерді тез шешеді.

- эмоционалды шыдамды, ұстамды, тыныш, күйзеліске төзімді, жағдайды нақты өлшеуге икемді болуы тиіс және т.б. екендігін көрсетеді.

Н.А.Аминов және М.В.Молоканов [209] болашақ педагогтардың зерттеушілік және тәжірибелік арнайы бағдарлы қабілеттерін қалыптастыру алғышарттарын зерттеді, және төмендегідей зерттеушілік бағыт тән екендігін анықтады:

- байланысқа айқын дайындық;

- жалпы зияткерлік;

- эмоциялық салқындық пен ұтымды

байланыстарды қолдау;

- адамға ортақ қызығушылық танытудағы ұстамдылық.

Т.А.Верняеваның зерттеуінде педагог-зерттеуші үшін кез келген іргелі ғылымның ғалымдарына тән тұлғаның жалпы қасиеттері қажет екені анықталды. Ерекшелік тек коммуникативтік қасиеттердің айқындылығында байқалады, бұл олардың адамды зерттеуге арналған жалпы әрекетімен байланысты болады.

Н.А.Аминова мен М.В.Молоканова деректері бойынша [210], практикалық бағдарға мыналарды жатқызады: қарым-қатынасқа айқын дайындық; жалпы интеллектуалдық; қарым-қатынасты сақтай білу, яғни қарым-қатынас барысында күйзеліске төзімділік; өз мінез-құлқын бақылай білу, яғни қарым-қатынас барысында эмоционалдық өзін-өзі ұстай білу; аттракция (тартымдылық); эмпатия (әлемді басқа адамдардың көзімен көре білу, оны олар сияқты түсіну, олардың іс-әрекеттерін сол ұстанымдардан қабылдау және сонымен бірге басқаларға өз түсінігін айту және осы түсініктерді басқаларға растау немесе теріске шығару мүмкіндігін беру қабілеті болуы); шешім қабылдауда өзіне сүйену .

Біздің зерттеуіміз үшін Ж.Иманчиевтің магистранттардың кәсіби маңызды сапаларын (психологиялық сапа, лидерлік әлеует, педагогикалық білім, зерттеушілік қабілет, тұлғалық қасиет) топтастыруы қызығушылық тудырады.

Ғалымдар берілген жіктемелерде педагогтың кәсіби маңызды сапалары құрамына кәсіби қабілеттерді, психофизиологиялық ерекшеліктерді, икемділіктерді және тұлғалық қасиеттерді жатқызады. Сондай-ақ, олар кәсіби сапаларды дамыту барысында эмпатияның, яғни өзгенің жанын түсіну қажеттігін көрсетеді. Жалпы болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тиімді жүзеге асыру үшін оны меңгеруге деген мотивация мен рефлексия, өзін-өзі көкейстендіру мен өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы басым болатындығына мән береді. Осыған орай А.И.Щербаков педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мен жеке психологиялық қасиеттерінің бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамитындығын негіздейді [122].

Отандық ғалымдар Ж.Ы.Намазбаева, З.Ш. Каракулова жоғары оқу орны оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін былайша топтастырады: *құндылық-адамгершілік*: кәсіби және кәсіби емес құндылықтардың өзара байланысы; кәсіби іс-әрекет пен өмір мәнінің сәйкестігі; аталған құндылықтарды мағыналы түсіну деңгейі: мейірімділік, шынайылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тиянақтылық, өзін-өзі сыни бағалауы; *эстетикалық*: эстетикалық сезімінің болуы, нақты эстетикалық қабілеттер (музыкалық, әдеби, моторлы т.б.); *коммуникативтік*: ұйымдастыру қабілеттері, лидерлікке дайындығы; коммуникативті қабілеттер, сөйлеу – ішкі, сыртқы, вербалды, вербалсыз, ауызша, жазбаша, дауыстың күші, ырғағы; коммуникативті такт және тәрбиелілігі, әзіл-сықақ сезімі; *уәждік* (мотивация): кәсіби қызығушылықтар мен икемділігі, мотивтердің тұрақтылығы; мотивтердің бір-біріне қайшы келмеуі; – *эмоционалды-еріктік*: эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стресске тұрақтылығы.

Н.С.Ахтаева оқытушылардың кәсіби тұлғалық сапаларын төртке бөліп қарастырады: *кәсіби сапалар*: - кәсіби қызметіне шығармашылық тұрғыдан қарау; - жаңашылдықты, кәсібилігін үнемі үздіксіз жоғарылату; - өздігінен білім алу; -өзін-өзі өзі дамыту; -педагогикалық шеберлік; - кәсіби құзыреттілік; - кәсіби дамудың жан-жақтылығы; - эрудиция; - студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру; - жекелік тұғыр; - студенттің мотивациясын, қызығушылығын оята алу біліктілігі; - мамандығын сүю, қызығушылығы. *тұлғалық қасиеттері*: еңбекқорлық, жауапкершілік, әділеттілік, объективтілік, ұстанымшылдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелілік, шыдамдылық, гуманистік, балаларға сүйіспеншілік, өнегелік, ұқыптылық, адалдық, оптимисттік, әзіл-сықақ сезімі, мейірімділік, достық, демократиялық, талап қоя білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін сыни тұрғыдан бағалау, өзін-өзі талдау, абырой, харизма, беделдік, сүйкімділік, эмпатияға қабілеттілік, ықыластық, зияткерлік, тактикалық. *қабілеттері*: көшбасшылық қабілеттері, өзіне өзгелерді ілестіре алу икемділігі, суггестивті қабілеттері, коммуникативтік қабілеттері, шешендік, ұйымдастырушылық қабілеттер. *кәсіби іс-әрекеттері*: білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру, түзету, тұрмыстық тәжірибені ғылымның тәжірибесіне ендіре алу, студенттің тұлғасын қалыптастыру және дамыту.

Н.С.Ахтаеваның және Ж.Ы.Намазбаеваның авторлық бірлестікте анықтаған оқытушының кәсіби мәнді тұлғалық сапаларының негізіне ұлттық ерекшеліктер, мәдени салт-дәстүрлер, тіл және тарих алынған. Бұдан оның жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталғандығы көрініп тұр. Ал, оқытушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің дамуы яғни, тәрбиелік жұмыстарды және ұйымдастыруды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік маңызды білікті игеруі тиіс

Әртүрлі әлеуметтік ортадағы магистранттар үшін білім беру және ғылыми зерттеулер саласындағы біліктілікті арттыру мәселелері өзіндік сипаттамаларға ие болуы мүмкін. Осыған байланысты магистранттар үшін оқу және зерттеу қызметін ынталандыру ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі уақытта білім және интеллект біздің қоғам дамуының айқындаушы ресурстарына айналуда; жас ұрпақты ғылыми қызметке тарту ауқымы кеңейде, болашақ ғалымдарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптар артуда. Сондықтан да біз қазіргі білім беру саласында көптеген жаһандық өзгерістер мен жаңғыртуларды көріп отырмыз.

Мотивация, қызығушылық, білімге деген қажеттілік – бұл білім беру және зерттеу қызметі үшін қажетті жағдайлар. Демек, қазіргі уақытта жоғары оқу орындары кәсіби өзін-өзі дамытуға қабілетті, белгілі бір білім саласында зерттеу қызметін жүзеге асыруға дайын маман даярлау проблемасына тап болып отыр. Осыған байланысты кәсіби құзыреттілікті өзін-өзі жетілдіру процесін өзектендіру бакалавриат студенттерін магистратурада тиімді оқытудың негізгі шарты болып табылады.

Сонымен психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы ғалымдар кәсіби-тұлғалық сапаларының құрамын оның кәсіби іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруына қажетті тұлғаның мотивациясы, білімдері, педагогикалық қарым-қатынас іскерліктері, эмоционалдық-еріктік қасиеттер және оларды жүзеге асыруға ықпал ететін сапалар екенін тағы да дәлелдей түседі.

Нақтылай түссек, педагогтың кәсіби сапаларын дамыту олардың кәсіби іс-әрекетіне қажетті сапаларын дамытуды білдіреді, Өйткені педагогикалық іс-әрекеттің шыңына апаратын баспалдақ – кәсібилік. Осы мәселені терең зерттеген А.К. Маркова магистранттардың кәсіби деңгейге көтерілуінің мына төмендегі психологиялық өлшемдерін (объективті, субъективтік, нәтижелік, шығармашылық) анықтаған [212]

1.Объективті өлшемдер: жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың өз мамандығына сәйкестігі, сан және сападағы жоғарғы еңбек көрсеткіші;

2.Субъективті өлшемдер: адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкестігі;

3.Нәтижелік өлшемдер: мұғалім өз ісінде қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізуі;

4.Шығармашылық өлшемдер: магистранттардың өз кәсібінің шекарасынан шыға алу, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегіне қарай өзгерте алуы.

Сондай-ақ, ол магистранттардың кәсіби сапаларын арнайы: объективтік (ғылыми даярлығы), субъективтік (жеке талант); тұлғалық (адамгершілік-еріктік қасиеттер) деп, бөліп қарастырады. Автор әрі қарай осы топтаманың мазмұнын аша түседі. Мәселен, ол субъектілік сапалардың құрылымына кәсіби, психологиялық, педагогикалық білімдер, кәсіби іскерліктер – объективтік; ал кәсіби психологиялық ұстанымдар, ұстанымдар, уәждеме, тұлғалық ерекшеліктер субъективтік тұрғысынан сипаттама береді.

Л.М.Митина маманның кәсіби маңызды сапаларының құрылымын «іс-әрекет–қарым-қатынас–тұлға» жүйесі тұрғысынан гностикалық, ұйымдастырушылық, құрылымдық, жобалаушылық, коммуникативтік деп қарастырады [213].

Жалпы ғылыми әдебиеттерде жеке көрсеткіштермен атап айтқанда ғалымдардың анықтаған сапалары 80-нен асады [Иманчиев Ж.]. Оның барлығына, яғни

сапалардың көптігіне байланысты бір диссертацияның көлемінде тоқталып өту де, және эксперименттік-тәжірибе жұмысында тексеруден өткізу де мүмкін емес.

Жоғарыда аталған ғалымдардың магистранттардың болашақтағы ғылыми-педагогикалық қызметінің табысты болуына қатысты анықтаған кәсіби маңызды сапаларын қолдай отырып, ол сапаларды қайта қарастыруды, қайталауды жөн деп таппадық. Сол себепті біз өзіміздің зерттеу пәнімізге сәйкес көптілді білім беру жағдайында дамытуға мүмкіндігі жоғары магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтадық.

Осы тұрғыдан біз көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын топтастыруда біріншіден, олардың болашақтағы ғылыми-педагогикалық іс-әрекетеріндегі маңызды бөліктерге; екіншіден көптілді білім беру құрал тұрғысынан қандай сапаларды дамытуға ықпалының басымдығына мән береміз.

Магистранттардың *кәсіби сапалары* тұрғысынан олардың ғылыми іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыздандыратын *танымдық білімді, кәсіби ойлауды, академиялық білікті* бөліп қарастырамыз. Соның ішінде *танымдық білімдер* қатарында әдіснамалық-зерттеушілік, педагогикалық, ақпараттық білімдерді қарастырамыз. *Кәсіби ойлау* сапасы педагогикалық бағыттағы интеллектуалдық, креативтілік, аналитикалық, логикалық, психологиялық ойларды қамтиды. *Академиялық білік* ғылым саласында терминологиялық нақтылықты қажет ететіндігіне қарамастан бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық кадрлардың практикалық дағдыларын дамыту бағытындағы ең өзекті сапалардың бірі саналады. Көптілді білім беру жағдайында білім беру субъектілерімен психологиялық қарым-қатынасқа түсу бағытында ұлтжандылық, толеранттылық, эмпатия сапаларын дамыту керектігі туындайды. Ал бұл болса, олардың кәсіби өсу бағытында мәдениетаралық қарым-қатынастарын, ұлтаралық өзара түсіністік, этносқа төзімділік қабілеттерін дамытады. Осыған сәйкес біз магистранттардың көптілді білім беру жағдайындағы *тұлғалық сапалары* тұрғысынан *эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық* сапаларын бөліп аламыз.

Осы ой-тұжырымымызға сәйкес біз көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын екі топқа бөліп анықтаймыз : *кәсіби (танымдық білім, кәсіптік ойлау, академиялық білік); тұлғалық (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық)*. Айқындалған кәсіби-тұлғалық сапалар «іс-әрекет – коммуникация – тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында көрініс табады. (Сурет 3).



Сурет 3 - Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары

Осы біз айқындаған кәсіби-тұлғалық сапалардың көптілді білім беру жағдайында дамыту маңыздылығына тоқталып өтетін болсақ **танымдық білімдер** болашақ магистрлер үшін кез келген ақпаратты меңгеру барысында педагогикалық шығармашылық, әдіснамалық-зерттеушілік білімдерді меңгеру тиістігін білдіреді. Мәселен, әдіснамалық-зерттеушілік білім тобындағы жобалау сапалары кез келген іс-әрекеттің мақсатын, міндетін, соңғы нәтижесін алу үшін әдістерді қолдану дағдыларынан көрінеді. Жобалау сапалары магистранттардың өз бетінше білім алуына, мамандығына қатысты белгілі іс-әрекетті жоспарлауында, сол іс-әрекеттің жолында кездесетін қиындықтарды болжауда, оңтайлы әдістерді және жолдарды табуда, мақсат қоюда, оларды нақтылауда, ақпаратты қойылған мақсаттарға сай таңдап алуында көрініс табады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде **академиялық білік** academic skills феноменінің өзектілігі артып отыр. Дейтұрғанмен осы уақытқа дейін қазақстандық академиялық ортада терминологиядан бастап академиялық біліктерді оқу процесінде қолдану туралы нақты анықталған, негізделген бірегей пікір жоқ.

Академиялық біліктер ұғымы қазақ тілді педагогика үшін салыстырмалы түрде жаңа болғандықтан және терминология әлі қалыптаспағандықтан, осы терминді (academic skills) академиялық біліктер, деп аудардық. Академиялық дағдылар деп те алуға болатын еді, алайда academic skills мағынасы ағылшын тіліндегі қолданыстағы «дұрыс емес бақылау қағазы» дегеннен кеңірек ұғымды қамтиды. Түсіндіріп айтар болсақ, британдық (Oxford, Collins) және американдық (Webster) түсіндірме сөздіктерінде ұсынылған academic сөзінің көптеген мағыналарының ішінде екі мағына жоғары білім контекстінде үлкен қызығушылық тудырады: 1) оқу орындарында оқуға қатысты; 2) ("ұйым немесе

оқу процесі туралы" белгісімен) техникалық немесе практикалық жұмысқа емес, оқуға және білім алуға көбірек көңіл бөледі. С.Ожеговтың "академиялық" орыс баламасындағы сөздігінде біз ұқсас мағыналарды да табамыз: 1. Академиялық 1.1. Кальканың дұрыс еместігі (жоғары оқу орындарына қолдануда); 2) практикалық мәні жоқ таза теориялық. Екінші мағына сөздікте стилистикалық боялған, атап айтқанда кітап ретінде белгіленген. Сонымен, сөздік деңгейде, егер екінші мағына дау тудыруы мүмкін болса да, бірінші мағына жалпылануы мен бейтараптығына байланысты академиялық сөзді "академиялық" деп аударуды ақтайды. Батыс елінің түсіндірме сөздіктері (Oxford, Collins, Webster) "шеберлік" мағынасын *ability* сөзі арқылы түсіндіреді. Ағылшын-орыс сөздіктерінің көпшілігінде «шеберлік» деп аударылады. Осылайша, ағылшын тілінде *skill* лексикасы орыс тілінде бөлінетін екі ұғымды біріктіреді. Негізгі деңгейде демаркация қалыптасу деңгейінде жүреді: шеберлік — бұл автоматизмге әкелетін дағды. Бұл *skill* сөзінің аудармасын "шеберлік" деп санауға мүмкіндік бермейтін автоматтандырудың семантикалық компоненті.

Осы себепті *academic skills* біздің ойымызша, академиялық біліктер тұрғысынан аударылғаны жөн сияқты. Аударманың осы нұсқасын қорғаудағы дәлелдер бұдан әрі әдістемелік әдебиеттерді талдау аясында қарастырылады. Батыс педагогикасындағы академиялық біліктер термині ұзақ тарихы бар және дәстүрлі түрде академиялық оқуды, академиялық жазуды және жалпы білім беру құзыреттілігін біріктіреді, оның құрамына білім беру жағдайларының өзгеруіне байланысты үнемі жаңартылып отыратын көптеген компоненттер кіреді. Жалпы білім беру құзыреттеріне академиялық ауызша сөйлеу жатады. Бастауларға жүгініп, академиялық шеберліктің негізгі сипаттамаларын қарастырсақ, К.Пирсон, ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту бойынша маман, академиялық біліктер ана тілінде сөйлейтіндер үшін де, оқу процесі жүріп жатқан тіл иелері үшін де бірдей маңызды екенін айтады [Pearson Ch. (1981) *Advanced academic skills in the low-level ESL class // TESOL Quarterly*. 1981. Vol.15. No. 4. P. 413–423.]. Бұл тұжырым *academic skills* феноменін түсінудегі негізгі ұғымдардың бірі болып табылады және әлі күнге дейін *academic skills* компоненттерінің әрқайсысы жеке пән ретінде оқытылатын американдық колледждер мен университеттерде оқыту практикасының негізінде жатыр: *academic reading* (академиялық оқу), *academic writing* (академиялық жазу) және *college success strategies* (жалпы оқу құзыреттері). Бұл ретте академиялық біліктердің қалыптасу деңгейін біртіндеп арттыру жоғары білімнің бір сатысынан екінші сатыға өту кезінде міндетті шарт болып табылады. *Academic skills* негізінен жоғары білім саласына жататынына қарамастан, бұл ұғымды қолдану жоғары оқу орындарымен шектелмейді. Сонымен, АҚШ-та академиялық дағдылардың қалыптасуы қазіргі уақытта Батыс жоғары білім беру жүйесіне академиялық біліктердің ендірілуімен сипатталады. Академиялық оқу және жазу саласындағы кейбір дағдылар SAT Reasoning Test (Scholastic Aptitude Test және Scholastic Assessment Test, сөзбе — сөз - "мектептегі бағалау тесті", АҚШ-тағы жоғары оқу орындарына түсуге арналған стандартталған тест) емтиханында тексеріледі. Сонымен, тілдік шындықтан басқа тұжырымдамаларға негізделген академиялық

біліктердің тілдік компоненті пайда болады. Сондықтан *academic skills* мәселелері бойынша көптеген дереккөздерде тілдік пәндер үшін дәстүрлі тыңдау сияқты сөйлеу әрекетінің мұндай түрі қарастырылмайды. Олардың салыстырмалы дербестігіне байланысты *academic skills* оқу процесіне енгізу мынадай бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі: 1) академиялық шеберліктің белгілі бір топтарын қалыптастыруға бағытталған дербес пән шеңберінде; 2) арнайы зертханаларда студенттермен аудиториядан тыс жұмыс шеңберінде; 3) тілді оқытумен қатар тілдік пәндер шеңберінде; 4) философия, әлеуметтану және т.б. сияқты тілдік емес пәндер аясында соңғы уақытта үшінші және төртінші бағыттар ең қолайлы болып келеді. Мысалы, Оңтүстік Квинсленд Австралия университетінің оқытушыларына арналған нұсқаулықтарда академиялық біліктерді пәндік курстарға енгізудің артықшылықтары көрсетілген, өйткені мамандандырылған материалда академиялық біліктерді қалыптастыру тезірек жүреді. Жалпы оқу орны үшін бұл шығындарды үнемдеуді білдіреді. Бір пән аясында қалыптасқаннан кейін, академиялық біліктерді басқа пәндерге тек тілдік емес, сонымен қатар пәннен тыс сипатына қарай беруге болады: академиялық біліктер әмбебап сипатқа ие. Алайда, бұл сипаттамаға қатысты Батыс ел оқытушылары арасында келісілген біркелкі пікір жоқ. Мысалы, Берклидегі Калифорния университетінің мамандары академиялық біліктерді анықтауға екі көзқарасты ажыратады: жағдаяттық, позитивті [Stasz C., Brewer D. (2011) *Academic skills at work: Two perspectives* / University of California, Berkeley. Retrieved 2011, April 15 <http://vocserve.berkeley.edu/Summaries/1193sum.html>]. Жағдаяттық тәсілге сәйкес, академиялық біліктер адамның мінез-құлқынан және оның танымдық процестерінен де кеңірек түсініктерді қамтиды. Жеке адам әрекет ететін әлеуметтік жағдайлар оның дағдыларына қойылатын талаптарды ішінара ғана анықтайды. Ал, позитивтік көзқарас аясында, керісінше, академиялық біліктер жеке адамға тән өлшенетін белгілер ретінде қарастырылады, ол бір контекстен екіншісіне ауыса алады.

Біз өз зерттеуімізде осы айтылғандарға негізделе отырып магистранттардың академиялық біліктеріне төмендегілерді жатқызамыз:

- оқу дағдылары: өздігінен оқу, желілік /оффлайн оқыту, академиялық адалдық;
- жазу, оқу, тыңдау және сөйлеудегі академиялық дағдылары;
- зерттеу дағдылары: ақпаратты іздеу, таңдау және пайдалану үшін сыни тұрғыдан ойлау;
- жалпы білім беру дағдылары: мәселелерді шығармашылықпен шешу, уақытты басқару және т.б.

Демек болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлар ақпаратты мұқият тыңдап, ести білу, дұрыс қабылдай білу; зейін мен есте сақтаудың барлық түрлерін меңгеру; білім көздерімен жұмыс істеу; бүктелген (егжей-тегжейлі) жоспар құра білу, конспект, тезис, Аннотация, реферат жасау; қысқартылған жазбалар мен белгілер жасау (пб-латын сөздерінің бастапқы әріптері: назар аударыңыз, немесе деп аталатындар және т. б.); өзін-өзі танымдық жұмысқа, жүйелі өзін-өзі тәрбиелеуге жұмылдыру; психологиялық-педагогикалық ғылымның

ұсынымдарын, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибені зерделей және қолдана білу, библиография құра білу, каталогтарды пайдалану дағдыларын игерген болуы тиіс.

Кәсіби ойлау – бұл осы кәсіби салада қабылданған проблемалық міндеттерді шешу әдістерін, кәсіби жағдайларды талдау тәсілдерін, кәсіби шешімдер қабылдауды пайдалану. Кәсіби ойлауды дамыту – адамды кәсібилендіру процесінің маңызды жағы және кәсіби қызметтің табыстылығының алғышарты [105].

Кәсіби ойлауға мыналар кіреді:

- адамның кәсіби шындықты (еңбек пәнінің, міндеттердің, еңбек жағдайы мен нәтижелерінің) жалпылама және жанама түрде көрсету процесі);

- адамның еңбектің әртүрлі жақтары және оларды қайта құру тәсілдері туралы жаңа білім алу жолдары; кәсіби міндеттерді қою, қалыптастыру және шешу тәсілдері;

- еңбек барысында мақсатқа жету және жоспар құру тәсілдері, кәсіби қызметтің жаңа стратегияларын жасау.

Кәсіби қызметке әртүрлі ойлау түрлері кіреді:

- осы еңбек саласының дамуына жүйелі талдау жасауға бағытталған теориялық ойлау;

- адамның практикасына тікелей қосылған практикалық ойлау, кәсіби қызметтегі жағдайдың тұтас көрінісімен, оның өзгерістерін болжаумен, мақсаттарды қоюмен, жоспарларды, жобаларды әзірлеумен, уақыттың, ақпараттың қатаң тапшылығы жағдайында жиі өрістетілетін; жағдаймен ілесе жүретін және т. б. байланысты.;

- белгілі бір әдістерді, үлгі бойынша кәсіби іс-әрекеттің тәсілдерін жаңғыртатын репродуктивті ойлау;

- нәтижелі, шығармашылық ойлау, оның барысында проблемалар қойылып, еңбектің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа стратегиялар анықталады, экстремалды жағдайларға қарсы тұру;

- адам өзінің кәсіби қызметінің нәтижесінде алғысы келетін жағдайды және ондағы өзгерістерді білдіретін көрнекі-бейнелі ойлау;

- кәсіби міндеттерді шешуде ұғымдарды, логикалық құрылымдарды, белгілерді пайдаланумен байланысты ауызша-логикалық ойлау;

- кәсіби міндеттерді шешуде бақыланатын қозғалыс актісінің негізінде жағдайды нақты өзгерту арқылы болатын көрнекі-пәрменді ойлау;

- адам санасында қойылған ой операцияларының айқын кезеңдері бар, уақыт бойынша кеңейтілген ойлау, аналитикалық, логикалық ойлау;

- интуитивті ойлау, ол тез орындалуымен, айқын көрінген кезеңдердің болмауымен, ең аз саналы түрде сипатталады [10].

Ойлаудың барлық осы түрлері кәсіби ойлаудың сипаттамалары ретінде әрекет ете алады. Сонымен қатар, олардың пәнге, құралдарға, жағдайларға, еңбек нәтижесіне байланысты өзіндік үйлесімі кәсіби ойлаудың өзіндік түрлерін – оперативті, басқарушылық, педагогикалық, клиникалық және т.б. тудыруы мүмкін. Кәсіби ойлауды жетілдіру бір жағынан, оның спецификациясында, ал

екінші жағынан, кәсіптен неғұрлым кең өмірлік мәнге шығу, сондай-ақ тұтастықтың, икемділіктің және т.б. өсуі мүмкін.

Енді біз магистранттардың практикалық қызметін табысты жүзеге асыруға қажетті ең маңызды сапаларға тоқталайық. Магистранттың коммуникативтік кәсіби субъектісі ретіндегі кәсіби қызметі адамның немесе адамдар тобының қандай да бір сипаттамаларын өзгерту мақсатында әртүрлі деңгейлі және көп қырлы іскерлік қарым-қатынаста ақпарат алмасуды білдіреді. Ақпарат алмасу түрлі жүйелерге қосылуды көздейді. Магистранттың кәсіби қызметінің субъектілері адамдар немесе адамдар тобы болып табылатындықтан, аталған субъектілер арасындағы *өзара қарым-қатынас және тұлғааралық өзара іс-қимыл жүйесі* туралы айтуға болады.

Коммуникативтік болжамдық тұлғааралық өзара іс-қимыл жағдайларын талдау және адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың сапасы.

Біздің ойымызша, талдау қабілеті тек қана «барлығын сөрелерге бөліп қою», теориялық психологиялық тұжырымдамалар тұрғысынан талдай білу ғана емес, сонымен қатар қалыптасқан жағдайдан шығуды *іс жүзінде* таба білу. Тұлғааралық өзара іс-қимыл жағдайларының спектрі әртүрлі екенін ескере отырып, біз жай ғана білу туралы емес, өзара қарым-қатынас жағдайын, барабар шешу біліктерінің кең репертуары туралы, яғни коммуникативтік икемділік туралы да айтамыз. Бұл ұғымға біз басқа адамдармен қарым-қатынас орнатудағы әдептілікті, олармен ашық өзара іс-қимыл жасау қабілетін, өзара түсіністікке бағдарлануды, қарым-қатынас бойынша әріптеспен өзара іс-қимыл жасауды және өзара дамуды, қоршаған ортамен өзара іс-қимылда конгруэнттілікті енгіземіз.

Коммуникативтік икемділікті біз кәсіби іс-әрекетті табысты жүзеге асыру үшін қажетті ғылыми-педагогикалық кадрдың кәсіби-тұлғалық сапасының екінші белгісі ретінде ерекшелейміз.

Біз бөлетін үшінші кәсіби маңызды сапа – бұл **эмпатия** – басқа адамның ішкі жағдайын түсіну және эмоционалдық жақындық көрсету, достық, қолдау көрсету, нақты жағдайларда адамның эмоциялық реакциясын болжау қабілеті.

«Эмпатия» терминін философияға Э.Титченер енгізді, ол философиялық дәстүрде дамыған Э.Клиффорд және Т.Липпсаның «сезімталдық» теориялары мен симпатия туралы идеяларын жинақтады [146].

Эмоционалдық эмпатияны – басқа да моторлы және аффективті реакцияларға деген көзқарас пен еліктеу механизмдеріне негізделген; танымдық эмпатияны – зияткерлік процестерге негізделген (салыстыру, аналогия және т. б.); предикативті эмпатияны – нақты жағдайларда басқаның аффективті реакцияларын болжау қабілеті ретінде бөліп көрсетеді [146].

Эмпатия жоғарыда аталған коммуникативтік болжамдылықпен және коммуникативтік икемділікпен тығыз байланысты екені анық. Бұл қасиеттер бір-біріне ауысады, бір қарағанда олардың арасындағы қырлар өте жақын деуге болады. Алайда, оларды толық ұқсас деп айтуға болмайды. Эмпатия процестерінің маңызды сипаттамасы, оны түсінудің басқа түрлерінен, оның ішінде коммуникативтік болжамдылықтан және коммуникативтік икемділіктен

ерекшелендіретіні – рефлексивті тараптың әлсіз дамуы, тікелей эмоциялық тәжірибе шеңберіндегі тұйықтылық.

Эмпатия тұлғаның гуманистік құндылықтарының дамуын білдіреді, онсыз оны толық жүзеге асыру мүмкін емес. Гуманизмнің негізгі идеясы – адам ең жоғары құндылық. Жеке тұлға өзін, өз даралығын терең сезінуіне қарай, ол анағұрлым сезімтал және басқалардың өзгешелігін қабылдауға қабілетті болады. Сондықтан эмпатияның дамуы тұлғалық өсумен қатар, оның жетекші белгілерінің біріне айналады.

Біздің ұсынуымызда қазіргі көптілді білім беру білім алушыға кез келген тілдік кеңістікте ұтқыр болуға мүмкіндік беретін, қоғамдағы оның толерантты ұстанымын анықтайтын тілдік тәсілдерді, стилдерді, құзыреттерді жинақтауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнынан кейінгі мектепке қатысты көптілді білім беруді тілдік, ұлттық-мәдени құндылықтар мен жеке тұлғаны тәрбиелеу идеалдарын кіріктіретін жүйе ретінде анықтауға болады. Б.З.Вульфовтың көзқарасы бойынша, **толеранттылық** – адамның өзге менталитет пен өмір салты тән басқа адамдармен бірге өмір сүру қабілеті, ал толеранттылықты тәрбиелеу процесі – толеранттылықтың оң тәжірибесін мақсатты түрде ұйымдастыру, басқа адамдармен өзара іс-қимыл және өзге көзқараспен, мінез-құлықпен бірге өмір сүру кеңістігін құру.

Осыған байланысты біздің зерттеуде көптілді білім беру жағдайында тыңдау және сөйлеу процесіндегі тұлғаның толерантты мінез-құлықты жанжалды жағдайлардағы диалог мәдениеті, тұлғааралық және ұлтаралық деңгейдегі қақтығыстардың алдын алу және шешу тәсілдері, диалог жағдайында коммуникативтік міндеттерді шеше білу тұрғысынан қарастырылады.

Ал, **ұлтжандылық** сапасына келетін болсақ, Бауыржан Момышұлы айтқандай «Ұлтын сүю - ұлтшылдық емес, ұлтжандылық». Ұлтжандылық – бұл отансүйгіштік сезім. Отанға, туған жеріңе, өскен ортаңа деген сүйіспеншілік. Ұлтыңды құрмет тұту, тарихтан, ана тілден ажырамау. Ұлттық мақтаныш – ұлтшылдық пен шовинизмге қайшы келеді. Сондай-ақ, салт-дәстүр мен тілді сақтап, рухани даму және қоғамды жаңғыртуға, сонымен қатар, тәуелсіздікке қол сұғушылар мен басқа этникалық топтарды қорлауға тыйым салатыны мәлім. Осы тұрғыдан көптілді білім беру жағдайында өскелең ұрпақты, бүгінгі жастарды тәрбиелейтін магистранттар алдымен өздері ұлтжанды болуы керек. Осы мақсатты көптілді тұлға болып қалыптасуы барысында өзінің ана тілін жетік білі құрметтеуі, өзге тілдерді білуі арқылы басқа елдерге төл мәдениетін, ұлттық рухани мұрасын таныстыра алатындай, оларды әлемдік озық елдердің өркениеті деңгейіне көтере алатындай, бәсекегеқабілеттілікке жеткізе білетіндей, прогрессивтік тұрғыдан дамыта алатындай болуы тиіс.

Сонымен біз айқындаған магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының (*танымдық білім, кәсіби ойлау, академиялық білік; эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық*) дамыту құралы тұрғысынан көптілді білім берудің психологиялық ықпалын негіздеу қажеттігі туындайды. Біз бұл туралы келесі 2.2 параграфында баяндаймыз.

2.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының психологиялық аспектілері

Бұл параграфта көптілді білім берудің магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы психологиялық ықпалына талдау жүргіземіз.

Көптілділік адамның сапалы өмір сүруіне, әмбебап, жаһандық құндылықтарды бойына қалыптастыруына, бәсекеге қабілеттілігіне, әлемдік дағдарысқа қарсы тұра алуына тікелей ықпал етеді. Өйткені адам капиталының сапалылығы оның білім деңгейімен, денсаулығымен, адамгершілігімен, кәсіби құзыреттілігімен, коммуникативтік біліктілігімен айқындалады. Сондай-ақ, көптілді білім беру адамдар арасындағы келісім мен өзара түсіністікті шешуге септігін тигізе отырып, елдің ертеңгіөресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Осыған байланысты бүгінгі таңда әрбір бітіруші студент, тіпті мектеп түлегі үшін бірдей деңгейде мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық тіл – орыс тілін және халықаралық тіл – ағылшын тілін білуінің өмір қажеттілігінен туындап отырғандығы ақиқат.

Тілдің тұлға дамуындағы ықпалын ертедегі Түркі ғұлама ойшылдары мен қазақ ағартушылары да айтқан болатын. Мәселен, Әбу Насыр әл-Фараби: «Мына екі затты орындау қажет: олардың әріптерінен бұрын тіпті естілмеген сөздер құрылады немесе басқа сөздердің идеясына нұсқай отырып, осыған дейін пайдаланылған сөздерді қолданады. Мүмкін бұл жалпыға мәлім шығар, бірақ та бұл ережелерге идеяларға жақын болатын және бірінші идеялардың қайсысы сөз тіркесу ережесіне сәйкес келетін атаулар беру керек. Олардың тілі өнер сияқты: сөз арқылы үйретуге және үйренуге болады және айтылғандардың көпшілігін анықтауға болады. Егер де оларда ортақ түсініктер мен ережелер болса, оларды жазу арқылы өз әріптерін жазады және оларды сөз арқылы оқуға және оқытуға және айту үшін олардың бәрі қабылданған және қажетті. Осы ережелерді білдіретін сөздер екінші жағдайдағы сөздерге жатады. Бірінші сөздер – бірінші жағдайдағы сөздер, екінші жағдайдағы олар нұсқайтын идеялардан алынған. Осылайша адамдар төрт өнерді игереді: риторика, поэзия, тіл білу өнері және жазу өнері [16]. Осы ой арқылы ғалым тілді меңгерудің психологиялық астарларына мән береді.

Ұлы Абай Құнанбаев ертеден-ақ қазақтарды басқа ұлт тілін игеру негізінде, соның ішінде орыс тілі мен әдебиетін оқи келе әлем әдебиетіне қосылуға қабілетті болатынын айтқан [18]. Ол өзге тілді меңгеру арқылы сол тілдің мәдениетін, дінін, әдебиетін білудің мүмкіндігі мен маңыздылығына тоқталады.

А. Байтұрсынұлы тіл болмысының адам баласы үшін тек қарым-қатынас құралы ғана еместігін бірден аңғарып, тілдің адам санасынан, тұрмыс-тіршілігінен, ұлттық ерекшелігінен, қайталанбас болмыс қасиетінен көрініс беретіндігін көрсеткен [20]. Ол тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, сол елдің бүкіл болмысын анықтаудың бірден-бір жолы, деп түсіндіреді.

Біз 2.1 параграфында көптілді білім беру жағдайында *магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуы олардың «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында көрініс табатындығын айтқан*

болатынбыз. Осыған орай біз тіл кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудың құралы тұрғысынан сөйлеу, коммуникация, ойлау, өзара түсіністік және т.б. әрекеттердің жүзеге асуындағы психологиялық құбылыстар мен процестерке мән береміз.

Неміс философы, филолог В.Гумбольд «Тіл – ішкі және сыртқы әлемнің ортасында орналасқан әлем. Тілдің адамға нақты және негізгі әсері оның күшті ой күшімен шартталады. Ой әрекеті мен тіл екеуін де қанағаттандыратын форма тудырады. Тіл – халықтың рухының сыртқы көрінісі; халықтың тілі – оның рухы, халықтың рухы – оның тілі» деп айтқан болатын [214]. Ол сыртқы әлемге халықтың мәдениеті, рухани өмірін жатқызса, ішкі әлемге – сөйлеушінің субъективті белсенділігі, көмегі арқылы жүзеге асатын адамның бастапқы тілдік қабілетін жатқызған. Тіл – тұтас бір елдің сипаттамасы, рухани көрінісі, мәдениеті, тарихын сипаттайды. Олай болса, тіл сөйлеу құралы ғана емес біртұтас елдің толық болмысы, тіршілігі. Демек, тіл болашақ маманның кәсіби-тұлғалық сапасы сипаттамасының негізін құрайды.

Тіл – адамзаттың рухани байлығының фактісі ретінде адамдардың қоғамдық қарым-қатынасы мен рухани және материалдық процестерінің жиынтығымен түсіндіріледі. Психологиялық тұрғыдан, тіл ойлаумен тығыз қарым-қатынаста ең жоғары психикалық функцияларды жүзеге асыруға қатысады. Сөйлеу – тіл арқылы іске асырылатын сөйлеу әрекеті. Психологтар сөйлеу мен тілдің екі функциясын көрсеткен: қарым-қатынас құралы мен ой қорыту құралы [215]. Тіл арқылы адамдар қарым-қатынас жасап, ойларымен бөліседі. Тіл мен ойлау бір-бірімен байланысты себебі, ойлау тіл негізінде жүзеге асатыны белгілі.

А.Р.Лурия «Тіл мен сана» атты монографиясында сөйлеу психологиясын: сөйлеу проблемасын, функциясы мен ұйымдастырылуын, сөйлеу қатысымының қалыптасу жолдары: ішкі ойдың сыртқы сөйлеуге ұласуының психологиялық жолдарын терең зерттеген [216]. Ол ішкі сөйлеу кең көлемдегі сыртқы сөйлеуге дайындықтың қажетті кезеңі. Оның пікірінше сөйлеудің пайда болуы белгілі бір ойды білдіріп сөйлеу барысында іске асады: 1) қандай да бір мәнді білдіру қажеттілігі – мотив пен жалпы түрдегі пиғылдан, ең басынан адамның ойында белгілі болған ниеттен басталады; 2) ішкі сөйлеу сатысынан өтеді; 3) терең синтаксистік құрылымның қалыптасуы жүзеге асады; сыртқы сөйлеуге айналады.

А.Р.Лурия ішкі мотивтің үш түрін көрсетеді:

- 1) пікір білдіріп сөйлеудің мотиві талап (деманд);
- 2) ақпараттық мазмұндағы пікір айту мотиві (контакт);
- 3) өз пікірін нақты, анық білдіруге ынталану мотиві (концепт).

Автордың ойынша, жоғарыда аталған мотивтер пайда болмаған жағдайда, сөйлеу жүзеге аспайды [217].

Осыған байланысты кәсіби құзыреттілікті өзін-өзі жетілдіру процесін өзектендіру магистранттарын тиімді оқытудың негізгі шарты болып табылады. Сондықтан кәсіби құзыреттілікті өзін-өзі жетілдіру үшін мотивацияның маңызы зор. Танымдық, коммуникативті іс-әрекеттің тиімділігі, сондай-ақ болашақ

маманның міндеттерді шешудегі мүмкіндіктерін іске асыру деңгейі мотивацияға, олардың мазмұнына байланысты.

Магистранттардың мотивациялық саласы үнемі білім беру және зерттеу компоненттерін біріктіреді. Психология ғылымында кәсіби қызмет пен кәсіби тұлғаның дамуының әртүрлі аспектілері зерттеледі: оқу процесінде болашақ мамандарда кәсіби сананы қалыптастыру; кәсіби мотивацияны дамыту. Бірқатар еңбектерде оқу және зерттеу мотивациясының ерекшеліктері қарастырылды [218].

Магистранттардың білім беру және зерттеу мотивациясы және магистранттардың бағдары көптеген объективті және субъективті факторларға байланысты. Э. Дейзи мен Р. Райан, 1970 жылдары, ішкі және сыртқы мотивацияны түсіндірудің өзіндік теориялық тәсілін ойлап тапты, оны өзін-өзі анықтау теориясы деп атады. Э. Дейзи ішкі мотивация құзыреттілік пен өзін-өзі анықтау қажеттілігіне негізделген дейді. Өзін - өзі анықтау сезімі-бұл оның іс-әрекетінің себебін түсіну (және тек өзі). Құзыреттілік сезімі-бұл менің барлық мүмкіндіктерімнің толықтығы, "мен бұл сезімді білемін, аламын" [219]. Шын мәнінде, мотивация мәселелері сонымен қатар танымдық ішкі процестер, мотивтер, таңдау мәселелері болып табылады

А.Р.Лурия психологиялық тұрғыдан сөйлеудің әлдеқайда күрделі формаларына диалогтық сөйлеу мен монологтық сөйлеуді жатқызады.

Диалогтық сөйлеу:

- жалпы сұраққа жауап беру;
- арнайы сұраққа жауап беру.

Диалогтық қарым-қатынаста жалпы сұраққа жауап беру мотиві – сұхбаттасушының сұрағына жауап беру ынтасы пайда болады. Арнайы сұраққа жауап беру психологиялық тұрғыда күрделі процесс болады, өйткені субъект бірінші түсініп, ойында пайда болған альтернативадан біреуін таңдап, белсенді сөйлеу әрекетіне көшеді.

Ғылыми еңбектерде көптілді білім беру ортасы сөйлеушінің сөйлеу құзыреттілігі, меңгеру тәсілі мен жасына және психоллингвистикалық байланыстарға қатысты деңгейіне қарамастан екі (немесе бірнеше) тілде коммуникацияға түсе білу тұрғысынан қарастырылады.

Тілдерді меңгерудің келесі деңгейлері анықталған:

1. үйлестіруші – білім алушының ана тілі сияқты сипаттамаларға ие, қателіксіз екінші тілде сөйлеу;
2. субординативті – екінші тілді үйрену ана тілі жүйесіне бағынады, бірақ қарым-қатынаста сөйлейтін (жазатын) тілде, нормада қателіктер жібереді;
3. аралас – сөйлеуші екі тілде де орташа көрсеткіш көрсете алады [220].

Б.А.Жетписбаеваның еңбектері көптілді тәсілдерді енгізу идеясын дамытуға арналған. Танымал зерттеуші көптілді білім беруді «мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, ұтымды үштік оқудың үдерісі, адамның әлеуметтік маңызды тәжірибесінің фрагменті ретінде бірнеше тілдерді бір мезгілде меңгерген көптілді тұлғаның тәрбиесі мен дамуы, лингвистикалық білімі - тілдік және сөйлеу әрекетіне қатыса алуы, сондай-ақ тілдерге және

мәдениетке эмоционалды-аксиологиялық тұрғыда қызмет етуі» - деп түсінеді. Қоғамның сұранысына сай көптілді тұлғаны дамыту, оның сөйлеу әрекетіне қатыса алуының маңыздылығын айта келе, мәдениетке аксиологиялық тұрғыда қызмет етуінің ерекшелігін баса көрсетті.

Осы тұрғыдан көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда сөйлеу іс-әрекетіне мән беру аса маңызды.

Л.С.Выготскийдің пікірінше, сөйлеу – іс-әрекет түрі, ол пәндік мотивпен, мақсатқа бағыттылығымен сипатталады және бағдар, жоспарлау, сөйлеу жоспарын іске асыру, бақылау сияқты бірнеше тізбекті кезеңдерден тұрады [221]. Адамдардың сөйлеу іс-әрекеті кәсіби немесе оқу іс-әрекетінде аса маңызды рөлді атқарады. Өйткені маман сөйлеу арқылы өзінің коммуникативтік және кәсіби қызметін жүзеге асыра алады. Коммуникация процесінде орындалатын рөлдің сипаты бойынша сөйлеу қызметінің түрлері инициалды және реактивті болып бөлінеді. Сөйлеу мен жазу – бұл бастапқы, тыңдау мен оқуға ынталандырады. Тыңдау мен оқу жауапты реактивті процестер ретінде әрекет етеді және сонымен бірге, белсенділігі жағынан сөйлеу процесінен кем болмайды.

Бағыты бойынша сөйлеу әрекетінің рецептивтік және өнімді түрлері бар. Рецептивтік арқылы (тыңдау, оқу) адам сөйлеу хабарын қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады. Өнімділік (сөйлеу және хат) арқылы адам жаңа хабарламаны жүзеге асырады.

Сөйлеу іс-әрекеті өз құрылымының төрт деңгейімен анықталады.

Бірінші фаза (бағдар) болашақ нәтиже ретінде қажеттіліктердің, уәждер мен іс-әрекет мақсаттарының күрделі өзара іс-қимылымен жүзеге асырылады. Бағдарлы фаза сөйлеу қызметінің жағдайын зерттеуге, қызмет затын бөлуге, оның қасиеттерін ашуға, сөйлеу қызметінің құралдарын және т.б. тартуға бағытталған. Екінші – жоспарлау кезеңі сөйлеу қызметін жүзеге асырудың құралдары мен тәсілдерін таңдауды және ұйымдастыруды көздейді. Үшінші кезең – атқарушы, іске асырушы кезең. Ол сыртқы тұлғасы жағынан айқын ал ішкі жағынан шикі болуы мүмкін. Сонымен тыңдаудың атқарушы фазасы сыртқа көрінбейді, ол сөйлеу қызметінің атқарушы моторлы бөлігі анық. Төртінші кезең – жүзеге асырылатын әртүрлі қызметті бақылау.

Мысалы, тыңдау кезінде ол тыңдаудың мақсаты мен белгілі бір түріне байланысты, сөйлеу кезінде – өз-өзін бақылай сөйлеу және т.б. барлық процесс кезінде жүзеге асырылады.

Сөйлеу іс-әрекеті екі тараптың – сыртқы, атқарушы және ішкі, сыртқы бақыланбайтын бірлігімен анықталады. Олар ұйымдастыруды, жоспарлауды, бағдарламалауды жүзеге асыратын қызметтің ішкі жағы ретінде іске асырылатын психикалық функциялар болады.

Бұл – қажеттілік пен эмоциялар, ойлау мен есте сақтау, қабылдау мен зейін. Олардың күрделі бірлігі психологиялық тетік ретінде қарастырылады. Ол арқылы жалпы сөйлеу қызметі жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлерін іске асыратын ішкі жағы немесе негізгі «тетігі» мағыналық қабылдау болып табылады. Сөйлеу әрекетінің өнімді түрлерінің ішкі жағы өзін-өзі көрсету

(немесе сөйлеу) процесі болып табылады. Ол төрт негізгі кезеңге бөлінеді: мотивация, ой қалыптастыру, ойды іске асыру және іске асыру мен ойды салыстыру. Бұл кезеңдер өз қызметін құрылымдық ұйыммен байланыстыра отырып, оның ішкі жағы тіл немесе басқа код арқылы әртүрлі тәсілдермен қалыптастыру мен тұжырымдаудың уәждемелік-итермелеуші фазасын қамтитынын атап өту қажет. Сөйлеу әрекеті тілдік қарым-қатынас жағдайында жүзеге асырылады.

Тілдік қарым-қатынас – бұл нақты мақсатты қондырғыны іске асыруға бағытталған, сөйлеу әрекетінің нақты түрлерінде кері байланыс негізінде өтетін коммуникацияға қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың дәлелді жанды процесі. Ол адам әрекетінің барлық басқа түрлеріне қосылады, әсіресе кәсіби қарым-қатынас саласында маңызды. Тілдік қарым-қатынас екі жақты, әлеуметтік және мақсатты, сөйлеу тілінің әрбір қатысушысы белсенділіктің иесі болып табылады. Тілдік қарым-қатынас көрінісінің формасы – коммуниканттардың тілдік мінез-құлқы, ал мазмұны – олардың сөйлеу іс-әрекеті. Тілдік мінез-құлқтың және сөйлеу әрекетінің маңызды айырмашылық белгісі мотивация деңгейі және оған сәйкес мінез-құлық актісі уәждерін саналы түрде сезіну шарасы болып табылады. Сондықтан, егер сөйлеу әрекеті саналы түрде дәлелді мақсатқа бағытталған адам белсенділігі болса, онда сөйлеу тәртібі – бұл тәрбиемен, біліммен, мамандықпен негізделген, өзінің немесе басқаның тәжірибесі негізінде меңгерген іс-әрекеттердің үлгілері мен стереотиптерінде көрінетін аз танылатын белсенділік. Сөйлеу қызметінде терең сана құрылымы жұмыс істейді. Сонымен қатар, бұл ұғымдар бір-бірінен өз нәтижелерімен ерекшеленеді

Сөйлеу әрекетінің нәтижесі – ой мен мәтін, ал сөйлеу әрекеті – адамдар арасындағы қарым-қатынас пен әңгімелесушілердің сөйлеу мінез-құлқынан туындаған эмоциялар. Демек, әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыру екі жақтың бірлігінде: сөйлеу қызметі мен сөйлеу мінез-құлқында тілдік қарым-қатынасты дамытуды болжайды. Басқаша айтқанда, міндет болашақ маманның «коммуникативтік құзыреттілігін» қалыптастыруға негізделеді, ол тек тіл жүйесі мен сөйлеу құзыретін ғана емес, сондай-ақ тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік нормаларын, коммуникацияға қатысушылардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты тілдік мінез-құлық ережелерін сақтауды қамтиды.

Сөйлеу оқиғасы – сөйлеу коммуникациясының негізгі бірлігі. Аристотельдің айтуынша, «сөз үш элементтен тұрады: шешеннің өзінен, ол айтқан заттан, және ол назар аударған адамның бейнесінен» (Риторика, 1-кітап). Бұл идеялардың дамуын сөйлеу оқиғасының, оның құрылымы мен элементтерінің қазіргі түсінігінен табамыз. Бірінші кезекте бұл элементтер «іс-әрекет сахнасын» немесе оқиғаның «жеке контекстін» құрайды. Олардың саны төртеу: 1) оқиғаның түрі немесе оның жанры (мысалы, куәдан жауап алу); 2) оқиғаның тақырыбы (куәнің айғақтары); 3) функция (ақпаратты алу және тексеру); 4) жағдай (орны мен уақыты). Тілдік оқиға элементтерінің екінші тобы қатысушылардың маңызды белгілерін құрайды: олардың әлеуметтік мәртебесі, олардың бірдей болуы мүмкін (мысалы, тергеуші-куәгер) қарым-қатынастағы

рөлдері. Сөйлеу оқиғасы сондай-ақ сөйлеу актілерінің белгілі бір дәйектілігімен сипатталады, осылайша, жауап алу кезінде дискурс құрылымының негізгі бірлігі келесі элементтердің: сұрақ – жауап – бағалаудың кезектесуі болып табылады.

Сөйлеу актісі – қарапайым, ең аз мөлшердегі, одан әрі тілдік мінез-құлыққа бөлінбейтін бірлігі. Жоғары деңгейдегі бірліктерге біріктірілген сөйлеу актілері (сөйлеу қадамы, цикл, өзара іс-қимыл) дискурсты құрайды.

Сөйлеу қадамы – сөйлеушінің сөйлеу ниетін (интенциясын) білдіру үшін қызмет ететін ауызша дискурстың, нақты сөйлеу қарым-қатынас процесінің функционалдық бірлігі. Ауызша диалогтік сөйлеу ағымында сөйлеу қадамының шегі әдетте интонациялық топ шегімен (фраза) сәйкес келеді. Алайда, сөйлеу қадамы фонетикалық табиғатқа да, синтаксистік табиғатқа да жатпайды. Бұл – сөйлеу әрекетінің бірлігі, яғни дискурс деңгейінің бірлігі.

Қарым-қатынас мәселелерінің философиялық мазмұны Б.Г.Ананьев , М.С.Каган, Я.Л.Коломинский, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, Дж. Мида, Т.Парсон, А.В.Петровский, С.Л.Рубинштейн, т.б. еңбектерінде көрініс табады [36, 56,58,59, 160-190]. Ғалымдар оның шығу тегінің әлеуметтік табиғатын атап көрсетеді. Авторлардың көзқарасы бойынша, қарым-қатынаста адамның мәні көрінеді, ол адамдардың әлеуметтік және жеке өмірінің кез келген формаларының өмір сүруінің міндетті шарты болып табылады.

А.Н.Леонтьев тұлғаның дамуын зерттей отырып, іс-әрекет түсінігін енгізді. Іс-әрекет теориясы бойынша тұлға – индивидтің қарым-қатынас барысында қалыптасатын психикалық үдерістермен басқарылатын жоғары интеграцияланған инстанцияны орындайтын қайталанбайтын жүйе, іс-әрекеттің ішкі жағы және нәтижесі. Тұлғаның дамуы іс-әрекеттердің өзара әрекеттесу үдерісі, іс-әрекеттердің иерархиялық жиынтығы. А.Н.Леонтьевтің пікірінше тұлға қарапайым биологиялық түр емес, ол өзінің табиғаты бойынша қоғамдық, тарихи жоғары деңгейдің бірлігі, тұтастығы. Адам тұлғалық сапалармен туылмайды. Тұлғалық адамның дамуы барысында дамиды[160]

Б.Ф.Ломовтың пікірі бойынша психологиялық ғылым үшін рефлексия, белсенділік, қарым-қатынас және жеке тұлғаның негізгі категориялары, сондай-ақ адам психикасының детерминациясындағы биологиялық және әлеуметтік қатынастар қарастырылады[199].

Г.М.Андреева, А.А.Бодалев және т.б. еңбектерінде қарым-қатынастың іс-әрекеттік сипаты және оның диалогтік құрылымы ашылады [221-222,223]. Қарым-қатынас, қарым-қатынасты жолға қою және жалпы нәтижеге қол жеткізу қарым-қатынас процесіне қатысушылардың танымдық, мотивациялық-эмоционалдық және мінез-құлықтық салаларындағы өзгерістер мақсатында, өзара күш-жігерді біріктіру мақсатында субъектілердің тұлғааралық өзара іс-қимыл процесі ретінде қарастырылады, оның барысында олардың әрқайсысында «әлем бейнесі» және өзіндік «Мен бейнесі» қалыптасады.

Танымдық іс-әрекет субъектінің объектіге бағытталған белсенділігі, оны өзгертпейді, бұзбайды, ол білім түрінде көрсетіледі.

Психологтар түрлендіргіш және танымдық әрекеттерден басқа объектілер арасындағы емес, субъект пен объект арасындағы қарым-қатынасты

анықтайтын, яғни объективті-субъективті баға, құндылықтар туралы ақпарат береді.

Қарым-қатынастың перцептивті жағы – адамның психологиялық қасиеттері мен мінез-құлқы ерекшеліктерінің физикалық сипаттарына «оқумен» қол жеткізілетін басқа адамның бейнесін қалыптастыру процесі. Адамды танудың негізгі құралдары – тану субъектісін басқа адамдардың қалай қабылдайтынын анықтау және рефлексия болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір сипатымен байланысы перцептивтік процестің эмоциялық реттелуінде, атап айтқанда, аттракция, тартылыс көрінісінде де көрінеді. Бірліктегі қарым-қатынас процесінің негізгі жақтарына көзқарас – адамдардың бірлескен іс-әрекеті мен олардың қарым-қатынасын оңтайландырудың маңызды шарты.

Тұлғааралық қарым-қатынастың интерактивті жағы, әдетте, өзара іс-қимылдың жалпы желісін құру болып табылады. Бұл ретте өзара іс-қимылбірнеше түрге, ең алдымен ынтымақтастық пен қарсы тұруға бөлінеді. Әлеуметтік психологияда осы құбылыстарды «келісім» және «жанжал/қақтығыс» деп бағалау тән.

Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы олардың өзара қарым-қатынасының сипатын, мақсаттарын, ниетін ескере отырып, белсенді субъектілер ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінің ерекшелігін анықтаумен байланысты, бұл нақты адамдардың қарым-қатынас процесінде білімді, мәліметтерді, пікірлерді беруге әкеледі.

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікіріне сәйкес, бұл ұғымдар көбінесе синонимдер ретінде пайдаланылғанына қарамастан, коммуникация мен қарым-қатынасты ажырата білу керектігін атап өтеміз. Коммуникацияға кез келген байланыс, жүйелердің де, индивидуумдардың да өзара іс-қимылы кіреді және қарым-қатынастың барлық түрлерін қамтиды. Коммуникацияның мазмұны ақпарат алмасу болып табылады. Тіл коммуникация үдерісіне әрдайым қосылып отырды, тіл коммуникацияның заманауи негізі емес, тарихы болып табылады деп айтуға болады. Тұлғааралық коммуникация «бір адамнан екіншісіне коммуникация ретінде» біздің заманымызда қоғамдық коммуникациялық процестің бір бөлігі ғана бар. Ол жеке тұлғаның тікелей шағын ортасындағы бірлескен қызметті (яғни байланыс орнатады) көрсетеді.

Коммуникативтік біліктердің жиынтығы оқу, сөйлеу, тыңдау және жазу нәтижесінің үдерістерін қамтиды. Бұл үрдістерге негізделе отырып, коммуникация үш топқа бөлінеді.

Бірінші топ-коммуникативтік этикет ережелері. Олар іскерлік коммуникацияның тәртібі мен хаттамасын анықтайды.

Екінші топ – коммуникативтік өзара іс-қимылдағы келісу ережелері, олар коммуникация түрін (іскерлік, қоғамдық, жеке) белгілейді.

Үшінші топ – өзін-өзі беру ережелері, оларды орындау жеке қатысушылардың жеке жетістігімен байланысты.

Коммуникацияның кез келген түрі байланыс орнатудан басталады. Доминантты техниканы пайдалану үш реттілікке бөлінеді, бұл ретте бағынудың

доминанттылық дәрежесі сөйлеу қарқыны, көзқарас, бастама сияқты элементтердің көмегімен белгіленеді. Педагогикалық қарым-қатынас тиімділігінің негізгі көрсеткіштері: өзіндік шығармашылық даралығын сезіну; өзіндік психофизикалық жағдайды басқара білу; қажетті эмоционалдық көңіл-күй жасай білу; мәнерлі сөйлей білу; нәтижелі педагогикалық қарым-қатынас және алғашқы қарым-қатынасты ұйымдастыра білу; кәсіби және жеке қасиеттер ретіндегі жалпылық; педагогикалық үдерісте қарым-қатынасты басқара білу; қарым-қатынастағы жедел педагогикалық импровизацияға қабілеттілік; шығармашылық шешімдерді интегралдық қасиет ретінде қабылдау және іске асыру қабілеті.

Қазіргі уақытта тұлғааралық рухани байланыс ретінде қарым-қатынас процесі туралы түсініктердің шеңбері айтарлықтай кеңейді. Субъектінің полимодалдығы туралы ережеге сүйене отырып, ғалымдар субъектаралық қарым-қатынас сипаты туралы ой айтады, онда субъектілер әлеуметтік, сондай-ақ пәндік, табиғи әлемдердің өкілдері бола алады. Көптеген авторлар қарым-қатынас функциялары мен формаларының жіктелуін әртүрлі жасайды.

Тілді мақсатты сипаттағы құбылыс ретінде түсінуге келетін болсақ, бұл жерде әдетте тілді «адами қарым-қатынастың маңызды құралы», «ойдың тікелей шынайылығы» ретінде анықтай отырып, коммуникативтік және танымдық негізгі функциялары туралы айтады. Танымдық функция шеңберінде тілдің рөлін тек ойды қалыптастыру мен білдіруде ғана емес, сонымен қатар айтылғанды (танымдық функция немесе меңгеру функциясы) түсінуде де қарастырады, хабарлама мен әсерді, сондай-ақ онымен ұштасқан фатистикалық функцияны (байланыс орнату) ерекше бөледі. Егер әсер ету функциясы туралы айтатын болсақ, онда оны субъект жоспарлаған әсерге қол жеткізуді болжайтын тиімді мақсатты вербалды қарым-қатынас ретінде жиі түсінеді, бұл ретте түпкі нәтиже «адресат қондырғыларының мағыналық өріс-жүйесіндегі мақсатты жылжу болып табылатындығымен түсіндіріледі»

Жоғарыда айтылған дефиницияларды дұрыс пайдалану үшін оларды нақтылау керек.

Біріншіден, аталған функциялардың мақсатты ұстанымдары коммуникативтік актіге қатысушылардың мүдделеріне сәйкес келуі тиіс.

Екіншіден, әрбір функция қарым-қатынас жағдайында көрініс бере отырып, инвариант ретінде әрекет етеді, өйткені басқалармен, факультативтік функциялармен үйлеседі.

Үшіншіден, функцияның сипаттамасы адамның мінез-құлқын басқару ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

Танымдық функцияның шеңберінде тілдің рөлі қалыптасуы мен көріністерде ғана емес, сонымен қатар сөйлеуді түсінуде де (танымдық функция, меңгеру функциясы) бөлінеді. Адресант, бірінші кезекте, ықпал ету функцияларына мүдделі. Хабарлама ол үшін дербес құндылықты білдірмейді, өйткені оған ондағы ақпарат алдын ала белгілі. Адресаттың ұстанымында хабар мен әсерді қарама-қарсы қою мағынасы жоқ, себебі хабар тек әсер ету құралы болуы мүмкін. Адресат бұл ретте әсер етуге мүдделі емес, оған хабарлама,

ақпарат қажет. Адресаттың және сөз адресатының позицияларындағы айырмашылық тілге қатысты да жиі байқалады. Әсер ету эмоциялық негізде және адресаттың бағаларында жүзеге асырылады. Адресат, керісінше, пікірдің нақтылығын, қысқалығын іздейді.

Коммуникативтік мәдениет – білім, білік және дағды жиынтығы; қарым-қатынас құралдарын дұрыс таңдау және пайдалану негізінде адамдардың мақсатты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін технология, сондай-ақ әңгімелесушілерден пікірлердің әсерін болжау, ауызша және жазбаша коммуникация жағдайында ақпарат алу.

Сөйлеу мәдениеті – бұл үлгілі мәтін түріндегі қоғамның рухани мәдениетінің бір бөлігі, тыңдауды, сөйлеуді, полемизацияны білу. Сөйлеу мәдениеті вербалды және бейвербалды қарым-қатынас деңгейлерінде субъективті, объективті және гносеологиялық мәнге ие.

Мінез-құлық мәдениеті – тиімді іскерлік қарым-қатынас орнатуға немесе қалыптасқан байланысты бұзуға қабілетті эмоциялар, қимыл-қимыл, интонациялар көрінісі» .

Коммуникативтік субкомпетенция деңгейінде тілдік тұлға әлеуметтік маңызы бар сөйлеу оқиғалары шеңберінде жүзеге асырады, жауап реакциясын, белгілі бір әлеуметтік салдарларды тудыратын сөйлеу әрекеттерін жасайды. Бұл жерде сөз субъектісі үшін ең бастысы – адресатқа сөздің мағынасын жеткізу, коммуникативтік әсерге қол жеткізу, тілдік операциялар мен мәтіндік әрекеттер автоматты түрде жасалады. «Тілдік тұлға – тілдік оқиға» координаттар жүйесіне оқыту үдерісі шығады/8/.

Тұлғаның сөйлеу актілерін, сөйлеу әрекеттерін, сөйлеу мінез-құлқын және сөйлеудің өзара іс-қимылдарын оңтайлы және тиімді жасауды қамтамасыз ету ауызша – семантикалық, лингво-танымдық, уәждемелік құрылымдарды жүзеге асыру нәтижесінде тілдік тұлғаның жалпы прогрессиясы ретінде әрекет етеді, бұл жеке ой әлеуетін барынша шығармашылық іске асыруды қамтамасыздандырады. Тілдік тұлғаның даму деңгейі тілдік өзара іс-қимыл процесінде шынайы коммуникативтік әсерге жетуімен анықталады.

Көптілді білім беруді ұйымдастырудың дидактикалық принциптері оқытудың тұжырымдамалық ережелеріне, білім беруді жаңғыртуға, ізгілендіруге, ақпараттандыруға, кіріктіруге, сабақтастыққа негізделеді. Оқу үдерісін технологияландыру оқыту жүйесін ақпараттандырудың шарты ретінде оқыту құралдары мен әдістерін іріктеуді негіздейді. Стратегиялық мақсаты коммуникативтік тілдік құзыреттілікке ие көптілді тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу, дамыту болып табылады.

Ғалымдардың танымдық процестерге көптілді білім берудің оң әсері туралы пікірлері тіл мен пәнді оқытудың кіріктірілуі туралы ойға итермелейді. Атап айтқанда, оқылатын тіл оқыту құралы пән мазмұнына кіріктіріледі.

Сондай-ақ, Д.Шадриков педагогикалық қызметтің психологиялық жүйесі нақты қызметтің функцияларын орындау мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттің психологиялық құрылымы болып табылатындығын көрсетеді (нақты мақсатқа жету тұрғысынан) [194].

Осы құбылысты түсіну үшін адамның іс-әрекет субъектісі ретінде психикалық қасиеттерін дамыту проблемасына жүгінеміз.

Бұл мәселедегі ең кең тараған, бірақ сонымен бірге жеңілдетілген тәсіл – психикалық қасиеттің дамуы нәтижелі деңгейде оқытылатыны, яғни жаттығулардың (арнайы немесе кәсіби қызметпен байланысты) нақты психикалық қасиеттің жұмыс істеу нәтижелеріне әсері қарастырылады.

Арнайы тіл үйрету жаттығулары анализаторлық жүйелердің сезімталдығын жоғарылатады, қабылдауды, зейінді, есте сақтау, ойлау көрсеткіштерін жақсартатыны эксперименттік тұрғыда нақтыланған [194].

Екінші тәсілде жеке психикалық қасиеттер бір уақытта психикалық функциялар мен психикалық процестер ретінде қарастырылады және психикалық қасиеттердің дамуы психикалық функциялар мен процестерді дамыту арқылы ұсынылады (В.Д.Шадриков, Р.В.Шрейдер).

Іс-әрекетті игеруге кірісе отырып, субъект белгілі бір психикалық қасиеттерге ие болады, олардың қатары кәсіби маңызды болып табылады. Бұл кәсіби маңызды қасиеттер функционалдық және операциялық механизмдердің белгілі даму деңгейімен сипатталады. Бірақ бұл тетіктер нақты қызметке бейімделмеген, бұл негізінен операциялық тетіктерге жатады. Іс-әрекеттің психологиялық жүйесінің қалыптасу процесінде іс-әрекет талаптарына сәйкес психикалық қасиеттердің операциялық механизмдерін қайта құру жүргізіледі. Бұл процесс *психикалық қасиеттен кәсіби сапаға* көшу процесінің мәнін құрайды.

Г.В.Акопов кәсіби қызметте ерекше маңызы бар психикалық қасиеттердің үш деңгейін бөліп көрсетеді [224]:

1) кәсіби сананың даму деңгейін білдіретін және келесі қасиеттер топтарын қамтитын субъектілік қасиеттер тобы: кәсіби мақсат қою, кәсіби білім, кәсіби жоспарлар мен бағдарламалар, кәсіби идентификация (өзін-өзі тану) және т.б.;

2) субъектінің табиғатқа, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өзіне және т.б. қатынасын сипаттайтын тұлғалық қасиеттер тобы;

3) кәсіби қызмет субъектісінің жыныстық-жастық, нейродинамикалық және т.б. сипаттарын білдіретін жеке қасиеттер класы: психикалық процестер (зейін, есте сақтау, ойлау және т.б.); темперамент қасиеттері және т.б.

Г.В.Акоповтың идеяларына сүйене отырып, барлық қасиеттер – субъектілік, жекелік, тұлғалық – кәсіби сапаны қалыптастыруда және дамытуда маңызы бар деп ойлаймыз.

Мәселен, біз 2.1 параграфында айқындағын магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапасының бір көрсеткіші болып табылатын кәсіби ойлау дамуының психологиялық заңдылықтары қандай? Кейбір жалпы үрдістерді байқауға болады.

Адамның кәсіби ойлауын дамыту оның жеке тұлға ретінде дамуымен тығыз байланысты. Кәсібилендіру әлеуметтендірумен байланысты болады. Тұлғалық кеңістіктің ауқымы кәсібиліктен кең және оған айтарлықтай әсер етеді. Адам тұлғасы мамандық таңдауға, кәсіби бейімделу барысына дами түседі, кәсіби шеберлігі шындалады, кәсіби шығармашылыққа қызығушылығы артады.

Тұлғаның кәсіби ойлауының дамуына кедергілер де болуы мүмкін (еңбексүйгіштіктің, жалпыадамзаттық қабілеттің, мейірімділіктің және т.б. болмауы). Сонымен қатар, адамның кәсіби қасиеттері қалыптасу шамасына қарай тұлғаға кері (оң немесе теріс) әсер ете бастайды: кәсіптегі табыстар жеке тұлғаны қанаттандырады, ынталандырады, ал дамымаған жағдайда — тұлға өспейді, талпынбайды.

Кәсіби ойлаудың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін тұлғалық қасиеттерді былайша бөлуге болады:

- өзін-өзі бағалау және өз кәсібилігі деңгейін саралап бағалауға дайындық;
- ішкі бақылау (сыртқы жағдайларда емес, өз өмірлерінің себептерін көруге ұмтылу);
- жеке әлеуметтік жауапкершілік;
- мағыналы шығармашылық (өз өмірі мен жұмысында жаңа оң мәндерді табу қабілеті ретінде);
- тұлғаның ішкі диалогы;
- икемділік және жеделдік;
- кедергіге төзімділік және бәсекеге қабілеттілік.

Тұлғаның психологиялық қалыптасуы адамның психикасында бұрын болмаған немесе болған, бірақ басқа түрдегі жаңа қасиеттер (мысалы, кәсіптік қабілеттер жалпыадамзаттық қасиеттерден өседі) пайда болуын білдіреді. Демек, кәсіби ойлауды дамытуда адамның психикасының «өсуі», оның байытылуы бірге жүреді.

Кәсіби ойлауды дамыту динамикалық процесс болып табылады. Бұл адам өмірінде мамандықтың өзі, қоғамның оған қоятын талаптары өзгертінін, осы мамандықтың басқа кәсіптермен арақатынасы өзгертінін білдіреді; жаңа технологиялар пайда болған кезде кәсіби ойлау қайта құрылады. Сонымен қатар, адамның мамандық туралы түсініктері, адамның өз мамандығын бағалау критерийлері, ондағы кәсібилікті, сондай-ақ өзіндегі кәсібилікті бағалау критерийлері өзгереді.

Кәсіби ойлауды дамыту әрдайым жеке бастың жауапкершілігін арттырады. Әртүрлі адамдар кәсіпке ұмтылады: әртүрлі кәсіпке бейімделеді, әртүрлі кәсіпке және шығармашылыққа ұмтылады және дайын болады.

Даралық кәсіби ойлаудың дамуына қарай, әсіресе кәсіпті шығармашылық игеру кезеңдерінде өсуі мүмкін және жеке кәсіби дүниетанымға дейін көтеріле алады. Маманда әрдайым жеке ерекшеліктер болады, бірақ өздері оларды үнемі сезіне бермейді. Ересек тұлға өзінің жеке ерекшеліктерін ұғыну, қалыптастыру, түзету және жетілдіру нысаны ретінде жасайды.

Осы психологиялық аспектілердің барлығы өзара тығыз байланысты екені анық, олар үздіксіз өзара алмасуда, өзара толықтырылуда, өзара үздіксіз дамуда болуы тиіс.

Магистранттың кәсіби ойлауының маңызды сипаттамасы оның психологиялық қасиеттері болып табылады, атап айтқанда:

- психологиялық эрудиция – өз қызметінде икемді қолданатын заманауи білім қоры;

- психологиялық интуиция – толық саналы талдаусыз жағдайдың одан әрі дамуын алдын ала болжауды ескере отырып, тез, бір мезеттік шешім қабылдау.

Кәсіби ойлаудың интуитивті тәсілі болашақ ғылыми-педагогикалық кадрларға қажет, өйткені жағдайлардың алуан түрлілігі мен қайталанбастығы, іздеу және шешім қабылдау үшін уақыттың шектеулілігі және іс-әрекеттердің интуитивті алдын алу, психологиялық көңіл-күй дәл қисынды тұжырымдарды көрсетеді, логикалық пайымдауларды алмастырады, дұрыс шешімді тез көруге мүмкіндік береді.

- психологиялық инсайт - күтпеген психологиялық шешімді табу және оны жылдам іске асыру, оларды барынша аз уақытта құру және қолдану процестерінің сәйкес келуі;

- психологиялық қадағалау, зеректік — сыртқы елеусіз белгілері мен бөлшектері бойынша жағдайдың мәнін түсіну, адамның ішкі әлеміне оның мінез-құлқының азиматтық белгілері бойынша ену, адамның мәнерлеп кітап сияқты оқи білу қабілеті;

- психологиялық болжау – адамның мінез-құлқы мен реакциясын алдын ала білу, қиындықтарды қарастыру;

- психологиялық оптимизм – оның білім беру субъектісіне оптимистік болжамы, оның мүмкіндіктеріне сенуі, оның жеке басының қоры, әр адамнан онымен жұмыс істеу кезінде алға басуға болатын оң нәрселерді көру қабілеті.

С.Мэлоунның тұжырымдауынша «көптілді білім беру бағдарламасының мақсаты тілді құрылымдық оқыту және когнитивті даму бағдарламасы арқылы танымдық және ойлау дағдыларын дамыту болып табылады. Ал бұл болса, балаларға ана тілінде, мемлекеттік және халықаралық тілдерде табысты жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Көптілді білім беру бағдарламалары өмір бойы оқу үшін барлық тілдерді тиісті түрде пайдалануға мүмкіндік беретін екінші (мысалы, ұлттық) және үшінші тілдерді (мысалы, ағылшын) қоса отырып, бірінші тілде (ана тілі) берік негізді қамтамасыз етеді» [225].

А.В.Вареницаның көптілділікті «студенттердің басқа тілдерді, мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, өмір салтын білуін меңгеруіне ықпал ететін, сондай-ақ диалектикалық ойлауды дамыту, ой-өрісін кеңейту және жалпы тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде айқындайтын қазіргі заманғы жалпы білім берудің маңызды бөлігі» деп, түсіндіруі көптілді тұлғаның тілді меңгеріп қана қоймай сол тілдегі халықтың салт-дәстүрін, мәдениетін білімдерін тереңдетіп, ойларын дамытатындының негізі бола алатындығын дәлелдейді [226].

З.Н.Зангиеваның «әлемдік мәдениетке ана тілі мен орыс тілдері құралдарымен араласудың мақсатты процесі» тұрғысынан тілді үйрену кезінде тіл халықтардың материалдық және рухани мәдениетіне, оның салт-дәстүрлеріне мен әдет-ғұрыптарына араласудың және ұлттық сана-сезімді қалыптастыру тиімді құралы болатындығын негіздеуі де көптілділіктің адамның кәсіби-тұлғалық сапалары дамуындағы ықпалын айқындай түседі [227].

Белгілі психолог Л.С.Выготский әсіресе, көптілділіктің адамның ойлау мен даму деңгейіне тек оң әсерін тигізуі мүмкін екенін атап өтті. Ғалым оң әсер

ретінде «бірнеше тілде бір ой білдіру қабілетін» түсінеді, бұл адамға өз тілін басқалардың арасында белгілі бір жүйе ретінде көруге мүмкіндік береді, бұл оны лингвистикалық операцияларда ерекше санаға әкеледі» деп түсіндіреді [228]. Сондай-ақ, ол өзінің осы ойын «адамның алгебраны меңгеруі оның арифметикалық ойлауын жоғары сатыға көтеретіні сияқты, шет тілін меңгеруде оның ана тілі жоғары сатыға көтеріледі», – деп жалғастыра түсті [229]. Ал бұл болса, біздіңше адамның көп тілді меңгеруінің оның ана тіліне, төл мәдениетіне деген сый-құрмет сезімдерінің артуы мен жағымды көзқарасының тереңдей түсетіндігіне ықпал ететіндігін көрсетеді.

Сонымен көптілді білім беру мәселесін зерттей келе, бірқатар ғалымдар басқа тілді (бірнеше тілді) оқытудың және тұлғаның танымдық сферасын дамытудың өзара байланысына назар аударды. Мұндай тәсіл көптілді білім беруге біржақты, лингвистикалық тәсілден бас тарту үшін кең мүмкіндіктер ашады, оның басым міндеті адамның сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда пәндерді ана тіліндегі сияқты, екінші немесе үшінші тілде оқытуға даяр, жаңа бейнедегі педагогтардың әлеуметтік және академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін болашақ педагог мамандарын даярлаудағы көптілді көпмәдениетті кеңістік құру талап етіледі.

Осы орайда, Қазақстанның ашық қоғам құрып әлемдік өркениетке кірігуі өскелең ұрпақта көпмәдениетті ортадағы өмірге қатысты құзыреттіліктерді қалыптастыру талаптарын күшейтеді.

Тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытуға көптілді білім берудің оң әсері бар. Көптілділік жадының дамуына, тіл құбылыстарын түсіну, талдау және талқылай білуіне, ойлауға, реакция жылдамдығына, математикалық дағдыларға және логикаға оң ықпал етеді/11/.

Қорыта айтқанда, көптілді білім беру магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан *психологиялық аспектілерін* келесідей көрсетеміз:

1. көптілділік - қажеттілік, эмоциялар, ойлау, есте сақтау, қабылдау мен зейіннің күрделі бірлігі тұрғысынан магистранттың кәсіби-тұлғалық сапасын дамытудың психологиялық тетігі қызметін жүзеге асырады;

2. ақпарат алудың арнасының көп болуына сәйкес оларды мағыналық қабылдау мен меңгеру процесі магистранттардың танымдық білімдерінің дамуына әсер етеді;

3. магистранттың бірнеше тілдік және сөйлеу әрекетіне қатыса алуы негізінде олардың тілдерге және мәдениетке эмоционалды-психологиялық қатынасын психологиялық тұрғыдан қамтамасыздандырылады;

4. тіл мен ойлау өзара байланыста болғандықтан көп тілді меңгеру ойлау процесін жылдамдатады;

5. көп тілді үйрену барысында уәждеме, ой қалыптастыру, ойды іске асыру мен ойды салыстыру және т.б. психологиялық процестері негізінде шығармашылық-зерттеушілік дағдылары, академиялық біліктері дамиды;

6. магистранттың кәсіби ойлауын дамытуда психологиялық инсайт,

психологиялық зеректік, психологиялық болжау, психологиялық оптимизм құбылыстары қамтамасыздандырылады;

7. магистранттың бірқатар ұлт мәдениетері арнасында тілдік қарым-қатынасқа түсуі, өзге мәдениетпен танысуы әртүрлі жағдайларға тез бейімделуі мен мінез-құлқының кері ықпалының алдын-алу мүмкіндігін тудырады, толеранттығын дамытады;

8. коммуникативтік қарым-қатынаста коммуникативтік болжамдықпен және коммуникативтік икемділікпен рефлексивтіліктің артуы жағдайында магистранттың эмпатиясы дамиды және т.б.

9. көп тілдерді меңгеруде оның ана тіліне, төл мәдениетіне деген сый-құрмет сезімінің арта түсуі оның ұлтжандылығын дамытады.

2.3 Көп тілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделі

Психологиялық-педагогикалық ғылым саласында модель құру модельдеудің теориялық тәсілдеріне және педагогтың практикалық кәсіби іс-әрекетінің тәжірибесіне негізделеді. Модельдеу ғылыми зерттеу әдістерінің бірі бола отырып, білім беру мен практикалық іс-әрекеттің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Модельдеуді түсінуде көптеген тәсілдер бар.

Философияда модельдеуді жасанды жүйеде зерттелетін ғылыми білім әдісі ретінде анықтайды. Модельдеу зерттеу объектісінің мәніне тереңірек енгуге мүмкіндік береді [230].

Психологияда модельдеу дегеніміз – «тәртіп (жағдай), онда субъект үлгі ретінде қабылданған мінез-құлық моделін бақылайды және осы мінез-құлықты көбейтуге (еліктеуге) тырысады» [231].

Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық құбылыстарды зерттеуде модельдеу әдісін қолдануға арналған көптеген зерттеулер бар (Г.У.Матушанский, В. И.Михеев, В.Н.Янушевский және т.б.) [232]. Модельдеу шындықты практикалық немесе теориялық игерудің әдістері мен амалдарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Модельдеу арқылы объектілердің кез-келген құбылыстары, процестері немесе жүйелері олардың модельдерін құру және зерттеу арқылы негізделеді.

Педагогикадағы модельдеуде педагогикалық процестерді олардың идеалды, соның ішінде математикалық модельдерін қолдана отырып зерттеу саналады. «Модель» дегеніміз – түпнұсқа жүйенің кейбір маңызды қасиеттерін шығаратын объектілер немесе белгілер жүйесі. Ішінара ұқсастықтың болуы модельді зерттелетін жүйенің орынбасары немесе өкілі ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әдетте модельдің келесі функциялары айқындалған: 1) түпнұсқа туралы білімді қайта құру және көбейту; 2) оның жана қасиеттерін құрастыру; 3) оны басқару және дамыту [233].

Жалпы жағдайда модельдеуді зерттеушілер модельдерді жасау, енгізу және жетілдіру процесі ретінде түсінеді. Модельдеу, ең алдымен, жүйенің немесе объектінің күйін олардың жұмысын жақсарту бағытында өзгертуге бағытталған іс-әрекет кезеңі ретінде әрекет етеді. Модель ұсынған процесс немесе объект көрінісі

болып табылады, бұл олардың теориялық талдауын, демек, оларды жетілдіру жолдарын негіздеу мен дамытуды жеңілдетеді.

Модельдеу процесіне бірқатар талаптар қойылады: ол зерттелетін объектінің қазіргі жағдайын, оның алдыңғы дамуы мен болжамды күйін талдауға негізделеді, объектінің дамуын анықтайды, объектіні дамытудағы қолайлы және тежеуші процестерді, қатынастарды ескереді, объектінің дамуындағы қатынастардың заңдылықтарына негізделеді.

Модельдеу әдісінің негізгі түсінгі – модель. Модель – бұл зерттеу, болжау және оны процеске енгізу сатысында құру әдісімен, яғни модельдеу әдісімен құрылған нақты жүйені құру құралы. Мұндай процесс айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді. Модель құбылыстың өзінен гөрі оның сұлбасын білдіреді. Бірақ модель жүйелі, модельдеудің барлық ережелеріне сәйкес жасалады.

Модельді құру үшін оның құрылымдық элементтерін анықтау өте маңызды. Педагог-ғалым Е.М.Павлютенков болашақ педагогтерді даярлауда келесі құрылымдық компоненттер маңызды екенін атап өтті: операциялық-техникалық, қажеттілік-мотивациялық, өзін-өзі тану, жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауы және өз іс-әрекетінің нәтижелері [234].

Ол операциялық және техникалық сала бойынша жалпы және арнайы білім, білік, дағдылардың және кәсіби маңызды қасиеттердің жиынтығымен сипатталатын кіріктірілген сапаны түсіндіреді.

Автор қажеттілік-мотивациялық саланы мотивтердің негізін құрайтын әлеуметтік көзқарастардың, құндылық бағдарларының, мүдделердің жиынтығымен сипатталатын кіріктірілген сапа ретінде түсіндіреді. Өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау, оның пікірінше, адамға сыни тұрғыдан қарауға, әртүрлі қиындықтардың күштері мен міндеттерін дұрыс байланыстыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби дамуды модельдеу тұтастықты, осы процестің дәйектілігін, деңгейлерді бөлуді және тетіктерді анықтауды, осы құбылыс құрылымның барлық компоненттерінің өзара тәуелділігін бейнелейді. Ғылыми білімнің әртүрлі салаларындағы құрылымдық ұсыныстар зерттелетін объектілердің түсіндірме модельдерін құрудың сенімді құралы ретінде қолданылады (Деркач, Холодная). Болашақ маманның кәсіби даму процесін модельдеу дамудың тетіктері мен шарттарын анықтауды, дамудың сәйкес алгоритмі мен технологиясын құруды да болжайды [46].

Демек, модель түпнұсқаның, оның прогрессивті өзгеруінің даму перспективаларын, құралдары мен мақсаттарын белгілейді. Сонымен қатар, модельдер – бұл болашақты құруға арналған технологияның бір бөлігін, сонымен қатар пайдалы құралдарды ғана емес, шын мәнінде болашақта жасалатын іс-қимыл тәртібі. Модель тұлғаның қазіргі күйінің сипаттамасын, оның өзгеру (даму) тәсілін және оның «аяқталу күйін» қамтиды [233].

Сонымен көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың моделін жасауды педагогикалық модельдеу арқылы жүзеге асыру мүмкін.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту процесінің моделін құру кезінде динамикалық, функционалды, болжамды;

тұжырымдамалық, құрылымдық және т.б. модельдердің әр алуан түрлері ескерілді. Соның ішінде біздің зерттеу пәнімізге сәйкес модельді құруға оның тұжырымдамалық, құрылымдық және функционалды түрлері негіз болды.

Тұжырымдамалық модель өзара байланысты болжамдардың, тұжырымдардың белгілі бір жиынтығы түрінде қолданыла отырып, объект туралы білімді көрсетеді.

Құрылымдық модель негізгі элементтердің, объектінің қатынастарын графиктер, диаграммалар, әртүрлі түрлендірулерде өзгеріссіз қалатын әртүрлі визуалды модельдер түрінде жаңғыртады. Құрылымдық модель зерттелетін объектінің тұрақты және берік негізі болып табылады.

Функционалды модель модельге енгізілген жүйенің жұмыс істеу шарттары мен принциптерін көрсетеді.

Бастапқы кезеңде тұжырымдамалық модель қалыптасты. Ол тақырып бойынша теориялық әдебиеттерді зерттеу барысында алынған зерттелетін объект туралы білімді талдау және жалпылау нәтижелеріне, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту процесінде күшті және әлсіз жақтарды бөлуде нақты оқу процесін бақылауға, жоғарыда келтірілген бірқатар әдіснамалық заңдылықтарды, қағидаларды қолдануға негізделген.

Құрылымдық модельге айналған кезде көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту процесі жүйесінің көрнекі бейнесін құру міндеттері шешілді; жүйенің негізгі құрылымдық бірліктерін, оның құрамдас элементтерін анықтау; олардың иерархиялық арақатынасын белгілеу; жүйе элементтері арасындағы қатынастардың жиынтығын анықтау және олардың өзара әрекеттесу сипатын анықтау; жүйенің одан әрі дамуына әкелетін түйінді сәттерді белгілеу; бұлар тұтастай алғанда әзірленген модельдің эвристикалық функциясын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Құрылымдық модель оның жұмыс істеу шарттары мен принциптерін ескере отырып жасалады.

Құрылымдық-функционалды модель бірқатар кезеңдерден тұрады:

- модель құру үшін *әдіснамасын* айқындау. Көптілді білім беру жағдайында білім берудің тұлғалық-іс-әрекеттік парадигмасы; таным үрдісін ұйымдастырудағы әдіснамалық тұғырлардың жиынтығы; шығармашылық және креативтілік ойлауды, академиялық біліктерді және т.б дамыту әдіснамалық негіз бола алады;

- модельдеудің міндеттерін тұжырымдау, қойылған нақты *мақсаттың* негізінде *міндеттерді* айқындау. Оны оқытудың әр кезеңдік құрамына қарай белгілеу және нақтылау;

- модельдің мазмұнын жобалау. Оның басты *құрамдас бөліктерін*, олардың арасындағы тәуелділікті айқындау, даму динамикасын болжау және т.б.;

- жасалған құрылымдық-функционалды модельдің тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде тексеру;

- қол жеткізілген талдау және түсіндіру.

Біз ұсынатын көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделі бірқатар өзара байланысты бөліктерді қамтиды: *тұжырымдамалық, технологиялық, тиімділік.*

Құрылымдық-функционалды модель зерттелетін процесті жан-жақты қарастыруға, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды қамтамасыз ететін негізгі бағыттар мен педагогикалық шарттарды бірыңғай жүйеде қамтуға мүмкіндік береді. Бұл процесс студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін сәтті дамытуды жүзеге асыруға бағытталған өзара байланысты ішкі жүйелердің жиынтығы болып табылады. Бұл ішкі жүйелер болашақ мұғалімдердің кәсіби маңызды жеке қасиеттерін дамытудың құрылымдық-функционалды моделін зерттеу барысында жасалған бөліктерде (*тұжырымдамалық, технологиялық, тиімділік*) көрініс тапты.

Ұсынылған модельдің негізгі құрылымдық компоненттері 4-суретте көрсетілген.

4-суретте көрсетілген көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың *құрылымдық-функционалды моделі* бөліктерінің әрбірін толығырақ қарастырамыз.


Тұжырымдамалық бөлікте зерттеу проблемасының *қоғамның талап-сұраныстарынан* туындағаны негізделеді:

- болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби даярлығында көптілділікті жүзеге асырудың қажеттіі;
- магистранттардың даярлығын жетілдіруге әлеуметтік сұраныс;
- кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған маман қалыптастыру керектігі.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту процесінде бүкіл оқу процесінің құрылымдық құрамына кіретін және модельдің әр құрамының нақты мазмұнын көрсететін мақсаттар мен міндеттер алға қойылады. *Басты мақсат* – көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту. Оның *ішкі мақсаты* – магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын көптілді білім беру арқылы дамыту.

Аталған мақсатқа қол жеткізу келесідей *міндеттерді* жүзеге асыру арқылы мүмкін болады: көптілді білім беру негізінде магистранттардың танымдық білімдерін кеңейту; кәсіби ойлауын, академиялық біліктерін дамыту; жеке қасиеттерін тұлғалық сапаға айналдыру.

Сондай-ақ, осы тұжырымдамалық бөлікте көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар беріледі: *этномәдениеттік, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, жүйелік* (диссертацияның 1.3 параграфында жан-жақты сипаттаған болатынбыз).



Сурет 4 – Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құрылымдық-функционалды моделі

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың негізгі мазмұнын *психологиялық диагностика, теориялық білімдер, практикалық біліктер* құрайды.

Психологиялық диагностика – бұл болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша ерекше психологиялық жұмыс. Ол біздің зерттеуімізде магистранттардың кәсіби іс-әрекетке мотивациялық, эмоционалдық-еріктік сапаларын дамытудан тұрады (бұл туралы диссертацияның 3.1 параграфында жан-жақты мазмұндалады).

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы *теориялық білімдері тұрғысынан* болашақ ғылыми-педагог кадрдың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің басты функциялары (*оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік*) туралы білімдерді меңгеру, бұдан басқа болып жатқан үдерістерді бақылау, олардың барысын талдау, құрамдас компоненттерін бөліп шығару және арасында өзарабайланыс орнату, кез келген үдерістің әрбір бөлігін ұғыну және оған тән заңдылықтарды табу қабілеті түсіндіріледі.

Теориялық білімдер *әдіснамалық деңгейде*:

- зерттеу іс-әрекетінің қажеттілігін сезіну;
- мамандандудың әртүрлілігін түсіну;
- кәсіби іс-әрекеттің («адам-табиғат», «адам-техника», «адам-таңбалау жүйесі», «адам-адам» салалары бойынша) ерекшеліктері туралы білімдерді меңгеру;
- зерттеудің алгоритмін ұғыну;
- зерттеудің этикалық мәдениетін білу және т.б.

теориялық деңгейде:

- педагогикалық мамандық бойынша теориялық білімдерді тереңдету;
- кәсіби біліктердің негізгі теориялық алғышарттарын білу;
- танымдық-ізденістік теориялық білімдерін кеңейту саналады.

Практикалық біліктер – магистранттардың теориялық білімдерін бекітудің және білік, дағды, құзыреттілікті қалыптастырудың негізі. Магистранттарды практикалық оқыту оқу үрдісінің міндетті бөлігі және оларды кәсіби-өндірістік іс-әрекетке даярлау мақсатында жүзеге асырылады. Практикалық даярлық талап етілетін деңгейде кәсіби икемдер мен дағдылардың қалыптасқандығынан байқалады.

Практикалық даярлықтың міндеттері:

- ғылыми-педагогикалық іс-әрекет үшін магистранттардың сапалы практикалық даярлығын қамтамасыз ету;
- теориялық білімді бекіту және практикалық, кәсіби дағдылар мен іскерлікті меңгеру мақсатында ғылыми-педагогикалық практиканың түрлерін (педагогикалық, зерттеушілік және т.б.) ұйымдастыру;
- практикадан өту шарттарын жақсарту үшін қолданыстағы практикалар базасын жетілдіру;
- магистранттардың ғылыми-педагогикалық практикасын, тағылымдамаларын ұйымдастыру және оларды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілермен өзараәрекеттестік орнату.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби іс-әрекетке практикалық даярлығы әдіснамалық, теориялық, әдістемелік білімдер мен біліктер жүйесіне сүйенеді.

Магистранттардың көптілді білім беру жағдайында практикалық даярлығы – белгілі әлеуметтік жағдайларда тұлғаның өзін-өзі толыққанды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін және кәсіби іс-әрекеттің басымдығы практикалық жұмыспен жүзеге асырылатын үдеріс. Оның негізін «Мен»-тұлға тұжырымдамасы болып табылатын жеке тұлғаның өзі туралы («Мен» бейнесі) пікірі мен ғылыми-педагогикалық іс-әрекеті бойынша жетік түсінігінен және өзіндік бағалау тәжірибесінен тұрады.

Осыдан *болашақ ғылыми-педагог кадрлардың көптілді білім беру жағдайындағы* практикалық даярлығы олардың келешек кәсіби іс-әрекетінде ұлтаралық қатынас, этносқа төзімділік, эмпатия, толеранттылық сапалары мен ұлтжандылық қасиетінің дамуына басым ықпал етеді, деп батыл айта аламыз.

Сонымен *психологиялық диагностика* – оқу барысында өзін-өзі реттеу мен кәсіби дамуында басқару тетіктерін қалыптастырып, дамыту; білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық құрылымындағы жеке қасиеттерін көптілді білім беру жағдайында кіріктіруді; *теориялық* – көптілді білім беру үдерісіне енуді; оқыту субъектісін өзара ұлтаралық, тұлғааралық қарым-қатынасты жүзеге асыра отырып соңғы нәтижеге бағдарлауды; *практикалық* – көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту тұрғысынан қарастыруы қамтамасыз етеді.

Модельдің **технологиялық бөлігі** көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үдерісінің технологиялық (ішкі мазмұндық, ұйымдастырушылық) жағын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес технологиялық бөлік көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан; оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан, дамыту кезеңдерінен тұрады.

Көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда *психологиялық-педагогикалық шарттардың* (көптілді білім беруді тұлғаны дамытудың құралы тұрғысынан қарастыру; ұлтаралық мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгерту; кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында жүзеге асыру) өзара байланыстылығы маңызды. Осы шарттар сақталғанда және олар өзараәрекеттестікте іске асырылғанда ғана көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үдерісінің тиімділігі артады.

Осы бөліктегі көптілді білім беруді тұлғаны дамытудың құралы тұрғысынан қарастырудың қажеттілік шарт болуы тілдерді ұлтаралық мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгертуге мүмкіндік туғызып қана қоймай оқытылатын бірқатар пәндер бағдарламаларына қосымшалар әзірлеуді, сондай-ақ психологиялық-тренингтік бағдарлама мазмұнын жасауды қажет етеді.

Осылайша, оқу материалын құруға кіріктірілген көзқарас болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға бағытталған оқу материалының мазмұнын таңдау шарттарының бірі болып табылады.

Осы Білім беру бағдарламасына сәйкес болашақ педагогика ғылымының магистрі түлегінің моделі мынадай болуы тиіс:

- қолдану қабілеті жаңа мамандандырылған білім саласындағы білім беру және психология;

- эмоционалды интеллект және эмоционалды тұрақтылық ("педагог" кәсіби стандарты негізінде»);

- көптілділік пен көпмәдениеттілікке ие, төзімділік танытады;

- қолданбалы сипаттағы жаңа білімді құруда креативтілік танытуға қабілетті;

- үздіксіз кәсіби өсу және өзін-өзі дамыту қабілеті;

Ақпаратпен жұмыс істеу, қызметті дамыту үшін қажетті ақпарат көздерін анықтау қабілеті;

Зерттелетін саламен байланысты кең (немесе пәнаралық) бағыттар аясында контексте және жаңа немесе таныс емес жағдайларда мәселелерді шешу мүмкіндігі.

ББ бойынша оқыту нәтижелері:

ОН1 – қазіргі заманғы ғылым философиясының өзекті мәселелеріне, педагогика және психология ғылымының дамуы саласындағы теориялық-әдіснамалық білімдеріне *бағдарланады*

ОН 2 – кәсіби іс-әрекетінде басқару процестерін, білім беру мен тәрбие әдістерін және педагогикалық-психологиялық зерттеулердің әдіснамалық білімдерін қолданады

ОН 3 – білім беру үдерісінің сапасын басқарудың перспективалық және стратегиялық жоспарын құрылымдау *тетіктері қолданылады*

ОН 4 – білім беруді басқарудың мәні мен ұстанымдары қызметтің ерекше түрі ретінде түсіндіріледі

ОН 5 – стратегиялық менеджменттің ғылыми тәсілдері, ұстанымдары мен қызметкерлерді басқарудың маңызды аспектілері қалыптасады

ОН 6 – білім беру менеджерінің басқару қызметін ұйымдастыру бойынша эксперименталды нәтижелерді талдау үшін бағдарламалық қамтамасыз етудің қазіргі заманғы құралдары қолданады

ОН 7 – педагогикалық үдерісті басқарудың ұстанымдары мен әдістерін жасау арқылы білім мазмұнын басқаруда өзіндік стратегиялық амалдары талданады

ОН 8 – педагогтың тұлғалық және кәсіби қасиеттерін бағалаудың әдістемесін жоспарлауда оқыту тренингтері, коучинг, семинар, вебинарларды ұйымдастыруда басқару дағдыларын көрсетеді

ОН 9 – кәсіби іс-әрекетте басқару үдерісіндегі білімдері, оқыту мен тәрбиелеу әдістері, психологиялық-педагогикалық әдіснамасы қолданылады

ОН 10 – зерттеу нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу процедурасының алгоритмін жасайды.

ОН 11 – білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі шеңберінде оқу-тәрбие үдерісін бағалаудың теориясы мен практикасына негізделген жеке білім беру траекторияларын бағалау нәтижелерін *дәлелдейді*

ОН 12 – білім беру қызметтері нарығының маркетингін талдау негізінде білім беру менеджерінің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерін болжайды

Көрсетілген 7М01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби білім,біліктеріне; қол жеткізетін нәтижелеріне қойылатын талаптар олардың біз айқындаған кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға ықпал ететін негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді:

а) болашақ ғылыми-педагогикалық кадрдың тұлғалық сапалары кәсіби шеберліктің негізі ретінде;

ә) әдіснамалық мәдениеті тиімді педагогикалық-зерттеушілік іс-әрекеттің алғышарты ретінде;

б) технологиялық мәдениет кәсіби танымдық білімдер, кәсіби ойлау, академиялық біліктердің құрамдас бөлігі ретінде;

в) коммуникативтік; мәдениет – педагогтің кәсіби шеберлігінің, тұлғалық сапасының (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық) негізгі көрсеткіші;

г) басқару мәдениеті – кәсіби өсудің негізі.

Жүргізілген теориялық зерттеу мен ББ мен талдау нәтижесі 2017/2018 жылғы «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу жоспарында берілген талаптарды толықтыра түспесе жоққа шығармайды. Соның негізінде «Педагогика және психология» мамандығының *көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»; «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәндерінің мазмұнына қосымшалар жасалды (3.2 параграфында толық баяндалады).*

Аталған бағдарламаға қосымшалар, психологиялық-тренингтік бағдарлама оқу міндеттерінің сатысы арқылы қойылған мақсаттарға кезең-кезеңімен қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, оның ішінде:

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үшін оқу пәндерінің әлеуетін анықтау;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға бағытталған оқу материалының мазмұнын таңдау;

- көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын табысты дамыту үшін оқытудың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдау;

- психологиялық-педагогикалық диагностика құралдарын таңдау және әзірлеу және т.б.

Жүргізілген талдау барлық оқу пәндері белгілі бір дәрежеде көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

Алайда, дәстүрлі оқыту жүйесі «пәндік орталықтандырылудан» немесе «мұғалімді дайындаудағы әр бағыт өздігінен жүзеге асырылатын» білім беру процесін жүзеге асыруға осы тік тәсілден зардап шегуі ықтимал. Мұндай жүйе өте көп

уақытты қажет етеді және қазіргі жағдайда жаңа экономикалық формацияны құру, ақпарат көлемінің тез өсуі, болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың тұлғасына қойылған жоғары талаптарды толық орындай алмайды.

Модельдің бұл бөлігі көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту процесін ашық жүйе ретінде сипаттайды, бұл оны қайта қарауға, қайта қарастыруға, нақтылауға, толықтыруға, педагогикалық ғылымның жаңа жетістіктерін қолдануға және болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлардың жеке қажеттіліктерінің өзгеруіне мүмкіндік береді.

Ал «магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында жүзеге асыру» деп аталатын қажетті шарты әзірленген қосымшалар мен психологиялық-тренингтік бағдарламаны жоғары оқу орнынан кейінгі оқу үдерісінде пайдалануды қажет етеді, өйткені магистранттардың кәсіби білім, білік, дағдыларын, соның ішінде танымдық білімдері мен кәсіби ойлауын, академиялық біліктерінің дамығандығын іс-әрекетте бақылауға мүмкіндік туады. Магистранттардың эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық сияқты тұлғалық сапалары дамығандығы олардың коммуникация, тұлғааралық іс-қимыл әрекеттерінен айқын көрінеді. Ал бұл болса, “У researcher discussion club” ережесін, іс-шаралар жоспарын әзірлеп практикаға ендіруді және «International of education» халықаралық жобасын әзірлеуді, оны іске асыруды қажет етеді.

Сондай-ақ, магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда заманауи әдістер мен құралдар, формаларды пайдалану қажет. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытын магистранттар дербес ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады, ғылыми-әдістемелік журналдарға мақалалар дайындайды, халықаралық, республикалық, университетішілік ғылыми жобаларға қатысады; мектеп, колледж мұғалімдерімен кәсіби өзараәрекеттестік байланыс орнатады, біргелікте ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлейді, мастер-класстар, тақырыптық кездесулер өткізіледі, оқушылардың олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, ғылыми конференцияларға даярлығына жетекшілік жасайды, тәжірибе алмасады, оқу және оқудан тыс, тәрбиелік іс-шараларын бірлесіп орындайды.

Осы тұрғыдан аталған бөлікте көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын тиімді дамытуда қолданылатын формалар, әдістер, құралдар көрсетіледі. *Формаларға* инновациялық дәріс, семинар-тренинг, мастер-класс, бірлескен жоба, дәріс-конференция, virtual visit, workshop, debate, coaching, tutorials, mentoring және т.б. *әдістерге* диалог, өзара-әрекеттестік, CLIL, INSERT, SWOT analysis, concept analysis және т.б. *құралдарға* пәндер мазмұнына қосымшалар, психотренингтік бағдарламалар, ережелер, ақпараттық, коммуникациялық, электрондық құралдар, цифрлық платформалар және т.б. таңдалып алынды. Бұлардың барлығының да магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын нәтижелі дамытуда ықпалы орасан.

Технологиялық бөлікте тағы бір маңызды құрам тұрғысынан көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды

жүзеге асыру кезеңдері берілген. Бұл білімділік, біліктілік, тұлғалық сатылардан тұрады. Осы кезеңдер даярлықтың мазмұнына (психологиялық диагностика, теориялық білімдер, практикалық біліктер) кәсіби-тұлғалық сапаларының компоненттерінің (эмоционалдық-еріктік, когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық) дамуына сәйкес жүзеге асырылады. Кезеңдердің жүзеге асырылуына жоғарыда берілген технологиялық бөліктің мазмұны негіз болады. Ал бұл болса, модельдің құрылымдық бөліктерінің өзара байланыста құрылғандығын көрсетеді. Осындай өзара әрекеттестіктегі байланысты құрылым *өлшемдік бөліктің* болуын керек етеді.

Өйткені дамыту кезеңінде жүзеге асырылатын технологиялық мазмұн нәтижесіне мониторинг жасалады. Мониторинг біз айқындайтын өлшемдермен, көрсеткіштермен өлшеніп деңгейлеріне қарай топтастырылады. Олардың даму динамикасы біз анықтаған психологиялық-педагогикалық шарттардың және оларды іске асыру формалары, әдістері мен құралдарының, дамыту кезеңдерінің тиімділігін айқындайды. Бұл да модельдің өзара байланыста құрылымдалғанын дәлелдей түседі.

Модельдегі өлшемдік бөлікте көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың эмоционалдық-еріктік, интеллектуалдық-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері көрсетіледі. Олардың

Кесте 8 – Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері		
		<i>төмен деңгей</i>	<i>орта деңгей</i>	<i>жоғары деңгей</i>
1	2	3	4	5
Эмоционалды-еріктік	Көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуына эмоционалды қатынасының, ерік-жігерінің болуы	Көптілділікке жағымды қатынасы жоқ. Ұлтжанды, толерантты болуға ұмтылысы көрінбейді. Эмпатияны қажет етпейді. Оларды дамытуға ерік-жігерін жұмсамайды.	Көптілділікке оң қатынасы бар, бірақ оны кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан түсінбейді. Ұлтжанды толерантты болуға ұмтылысы байқалады, алайда оның маңыздылығына мән бермейді. Эмпатиясын дамытуға ерік-жігері жетісе бермейді.	Көптілділікке оң қатынасы анық. Оның кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан маңыздылығын айқын сезінеді. Ұлтжандылықта, эмпатияда, толеранттылықта эмоционалды сезімнің маңызын терең түсінеді және көрсете алады. Оларды дамытуға ерік-жігері жеткілікті.
Когнитивтік-креативтілік	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте танымдық білімінің тереңдігі	Үш тілді, алайда ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік білімдердің, кәсіби ойлаудың маңыздылығына мән бермейді.	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік білімдердің, кәсіби ойлаудың маңыздылығын түсінеді. Үш тілді біледі, бірақ сол білімдерін кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға пайдаланбайды. Академиялық білік түрлерін біледі, бірақ оларды шығармашылықпен, креативтілікпен іс-әрекетте көрсете алмайды.	Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік, кәсіби ойлау, академиялық білік туралы білімі жеткілікті. Үш тілді біледі, және осы тілдерді кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға пайдаланады. Академиялық білік түрлерін көптілді білім беру жағдайында

8 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
		Академиялық білік түрлерінен білімі жеткіліксіз.		креативтілікпен пайдалана алады. Көптілділікті жаңа идеялар ойлап табуға қолданады.
Коммуникативтік-бағалаушылық	Өзінің кәсіби-тұлғалық сапаларын өздігінен бағалауы, көптілді білім беру жағдайында ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестікке түсе алуы	Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапаларын таныта алмайды. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін талдауға ұмтылмайды, өздігінен бағалай алмайды. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестікке түсе алмайды.	Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапаларын тұрақты көрсете алмайды. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін ішінара түсінеді. Бірақ оларды талдау, бағалау барысында өзгелердің көмегіне сүйенеді. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестік қимылын ара-арасында көрсете алады. Ұлтжандылығын көрсеткенімен, толеранттылығы айқын емес. Эмпатияның мәнін түсінгенімен, практикада толық көрсете алмайды.	Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапалары анық көрінеді. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін ерік-жігерімен таныта алады. Оларды өздігінен талдайды және бағалайды. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғааралық субъектілермен өзараәрекеттестігін анық көрсетеді. Ұлтжанды, этносқа төзімді толерантты тұлғасы айқын. Эмпатияны практикада тұлғаның ішкі дүниесін, жанын түсінуін жанашырлықпен толық көрсете алады.

төмен, орта, жоғары деңгейлері айқындалған (Кесте 8). Олар туралы 2.1 параграфында жан-жақты баяндалған.

Эмоционалдық-еріктік – кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуға сәйкес іс-әрекеттің тұрақты мотивтерін, оң жағымды қатынастарын, эмоционалдық күйін, ерік-жігерін қалыптастыруды қарастырады (ұлтжандылықты, толеранттылықты, эмпатияны психологиялық күйі тұрғысынан қабылдау; білім беру субъектілерімен өзара әрекеттесуге ұмтылушылық; көптілділікті кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға өзінің тілегінің болуы және т.б.)

Когнитивтік-креативтілік – көптілді білім беру жағдайында магистранттардың танымдық білімдерін, кәсіби ойлауын, академиялық біліктерін дамытуға қатысты психологиялық-педагогикалық білімдерін қалыптастыруды көздейді. Осы компонент болашақ кәсібіне қажетті ғылыми-педагогикалық міндеттермен қатар және академиялық, көптілділік саласындағы міндеттерін шешу барысында кәсіби және арнайы меңгерген білімдерін пайдалана алу іскерліктерін кіріктіретін әдіснамалық, теориялық және технологиялық білімдердің бірлігін құрайды. Сондай-ақ, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша осы құрам жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының аталған дамытуды жүзеге асыратын ақпараттық білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік-бағалаушылық – болашақ ғылыми-педагог ғалымдар көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын танытуға, практикалық іс-әрекетте ұлтаралық, тұлғааралық қарым-қатынасқа түсе алу қабілеттілігін көрсетуге мүмкіндік беретін жағдайларды қарастырады. Көптілді білім беру жағдайында білім беру субъектілерімен өзара белсенді әрекеттестігін қамтиды. Осы компонент білім алушылардың кәсіби және өмірлік тәжірибесіне, олардың мотивациясына, жоспарларына, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне негізделеді. Білім алушылардың көптілділікті кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан талдауын танытады. Көптілді білім беру жағдайында өзінің ұлтаралық, тұлғааралық қарым-қатынастарын өздігінен бағалауын, алынған нәтижелерді қойылған мақсаттармен біріктіруін көрсетеді, білім беру субъектілерімен ізгілікті бағыттағы өзара әрекеттестік түсе алуын көздейді.

1. Эмоционалдық-еріктік компонентінің өлшемі – Көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуына эмоционалдық қатынасының, ерік-жігерінің болуы.

Көрсеткіштері:

- көптілділікке оң қатынасының болуы;
- көптілділіктің кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан маңыздылығын сезінуі;
- ұлтжандылықта, эмпатияда, толеранттылықта жағымды эмоционалдық қатынасын көрсете алуы;
- ұлтжандылық, эмпатия, толеранттылық сапаларын дамытуға ерік-жігерінің болуы.

2. *Когнитивтік-креативтілік компонентінің өлшемі* – Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте танымдық білімінің тереңдігі.

Көрсеткіштері:

ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік, кәсіби ойлау, академиялық біліктердің маңыздылығын түсінуі және олардың түрлері мен мазмұны саласынан білімдерінің болуы;

үш тілді білуі және осы тілдерді кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға пайдалануы;

академиялық білік түрлерін көптілді білім беру жағдайында креативтілікпен пайдалануы;

көптілділікті жаңа идеялар ойлап табуда қолдануы;

эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық кәсіби-тұлғалық сапаларының мән-мағынасын жете түсінуі және т.б.

Коммуникативтік-бағалаушылық компонентінің өлшемі - Өзінің кәсіби-тұлғалық сапаларын өздігінен бағалауы, көптілді білім беру жағдайында ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестікке түсе алуы

Көрсеткіштері:

- топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапаларын көрсете білуі;

- өзінің коммуникативтік әрекеттерін ерік-жігерімен таныта алуы;

- өзінің кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуын өздігінен талдауы және бағалауы;

- көптілділікте ұлтаралық, тұлғараралық субъектілермен өзараәрекеттестігін көрсетуі;

- ұлтжанды, этносқа төзімді толерантты тұлғасын таныта алуы;

- эмпатияны практикада тұлғаның ішкі дүниесін, жанын түсінуімен көрсете білуі.

Осы проблеманы зерттеудің теориялық және практикалық нәтижелерін қорытындылау магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың үш деңгейін (төмен, орта және жоғары) көрсетуге мүмкіндік берді:

1. Төмен деңгей

Көптілділікке жағымды қатынасы жоқ. Ұлтжанды, толерантты болуға ұмтылысы көрінбейді. Эмпатияны қажет етпейді. Оларды дамытуға ерік-жігерін жұмсамайды. Үш тілді, алайда ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік білімдердің, кәсіби ойлаудың маңыздылығына мән бермейді. Академиялық білік түрлерінен білімі жеткіліксіз. Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапаларын таныта алмайды. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін талдауға ұмтылмайды, өздігінен бағалай алмайды. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестікке түсе алмайды.

2. Орта деңгей

Көптілділікке оң қатынасы бар, бірақ оны кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан түсінбейді. Ұлтжанды толерантты болуға

ұмтылысы байқалады, алайда оның маңыздылығына мән бермейді. Эмпатиясын дамытуға ерік-жігері жетісе бермейді. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік білімдердің, кәсіби ойлаудың маңыздылығын түсінеді. Үш тілді біледі, бірақ сол білімдерін кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға пайдаланбайды. Академиялық білік түрлерін біледі, бірақ оларды шығармашылықпен, креативтілікпен іс-әрекетте көрсете алмайды. Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапаларын тұрақты көрсете алмайды. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін ішінара түсінеді. Бірақ оларды талдау, бағалау барысында өзгелердің көмегіне сүйенеді. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестік қимылын ара-арасында көрсете алады. Ұлтжандылығын көрсеткенімен, толеранттылығы айқын емес. Эмпатияның мәнін түсінгенімен, практикада толық көрсете алмайды.

3. Жоғары деңгей

Көптілділікке оң қатынасы анық. Оның кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан маңыздылығын айқын сезінеді. Ұлтжандылықта, эмпатияда, толеранттылықта эмоционалдық сезімнің маңызын терең түсінеді және көрсете алады. Оларды дамытуға ерік-жігері жеткілікті. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте әдіснамалық-зерттеушілік, кәсіби ойлау, академиялық білік туралы білімі жеткілікті. Үш тілді біледі, және осы тілдерді кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға пайдаланады. Академиялық білік түрлерін көптілді білім беру жағдайында креативтілікпен пайдалана алады. Көптілділікті жаңа идеялар ойлап табуға қолданады. Топтық, халықаралық іс-шараларда, кәсіби-тұлғалық сапалары анық көрінеді. Өзінің коммуникативтік әрекеттерін ерік-жігерімен таныта алады. Оларды өздігінен талдайды және бағалайды. Көптілділікте ұлтаралық, тұлғараралық субъектілермен өзараәрекеттестігін анық көрсетеді. Ұлтжанды, этносқа төзімді толерантты тұлғасы айқын. Эмпатияны практикада тұлғаның ішкі дүниесін, жанын түсінуін жанашырлықпен толық көрсете алады.

Модельдің тиімділігін айқындау үшін тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу қажет болды. Оның өткізілу барысы мен мазмұны келесі тарауда баяндалады.

Біз зерттеу барысында көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамуы деңгейінің өзгеруін бақылау үшін диагностикалық әдістерді тандадық. Диагностикалық әдістемелерді іріктеу мәселелері педагогикалық экспериментті ұйымдастыруға арналған 3.1-тарауында қаралатын болады.

3 КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҮЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ

3.1 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының диагностикасы

Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология, бастауышта оқытудың теориясы мен әдістемесі мамандықтарының, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің педагогика және психология, педагогикалық өлшемдер, бастауышта оқытудың теориясы мен әдістемесі мамандықтарының *көптілді топтарының* магистранттарына жүргізілді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысына барлығы 106 магистрант қатысты.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының *көптілді топтарда* жүргізілген *себебі*, диссертацияның 1-2 теориялық бөлімдерінде негізделгендей көптілді білім беру біздің зерттеуімізде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту *құралы* тұрғысынан қарастырылады. Осыған байланысты біз магистранттардың қазақ, орыс, ағылшын тілін білу деңгейін өлшемейміз. Өйткені олар осы көптілді топқа үш тілді қатар меңгеруі нәтижесінде қабылданған. Көптілді топтарда оқытылатын пәндердің 50%-ы қазақ тілінде, 20%-ы орыс тілінде, 30%-ы ағылшын тілінде оқытылады (Қосымша 3). Біздің мақсатымыз осы үш тілді қатар білетін топтарда үш тілдегі ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін, оқыту әдістемесін, академиялық ерекшеліктерін сол тілдерде оқыту арқылы олардың *ұлтаралық, тұлғаралық қарым-қатынастары* негізінде кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңнен тұрды: айқындау, қалыптастыру, қорытындылау.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту барысында алдымен олардың бастапқы деңгейін анықтап алудың қажеттігі туындады. Бұл диагностика тәжірибелік-эксперимент жұмысының айқындау кезеңінде жүргізілді.

Сауалнама әдісі негізінде магистранттардың не себепті көптілді топқа жазылғандығы анықталды. Олардың басым бөлігі «үш тілді білетіндіктерін» айтса, 67%-ы «тіл қарым-қатынас құралы тұрғысынан сол тілде сөйлемесе ұмытылатындығын, сол себепті үштілді қатар алып жүргісі келетіндіктерін», 53%-ы «сол ұлттардың тілі арқылы олардың мәдениетін, ғылым мен білім саласындағы өзгешеліктерімен танысқысы келетіндігін» айтты. «Осы үш тілдің ішінде қайсысына басымдық танытатынын» сұрағанымызда, өкінішке орай сауалнамаға жауап берушілердің 78%-ы ағылшын тіліне басымдық танытатындығын жасырмады. Әрине бұл бізге магистранттардың ұлтжандылық тұлғалық сапасын дамыту қажеттігіне себеп болды.

«Кәсіби кеңес беру картасы», «Жеке әңгімелесу», әдістемелерін қолдану барысында магистранттармен олардың ниеті мен бейімділігін, кәсіби-тұлғалық сапаларын жан-жақты талқыладық.

Біз магистранттар магистратураға түсуде өз мүмкіндіктерін қаншалықты шынайы және барабар бағалайтынына назар аудардық. Бұл ретте сауалнамаға қатысушылар кәсіптің мазмұнын, оның талаптарының маңыздылығына мән берді. Мысалы: «Ғылыми-педагог кадрлардың міндеттеріне білім алушылармен жұмыс істеу ғана емес, ұлтаралық, тұлғааралық өзара әрекеттестік кіреді, сондықтан болашақ педагогика ғылымының магистрлері бірнеше тілде қарым-қатынас техникасын меңгеруі тиістігін» (Д.А.); «өзара түсіністік, толеранттылық, эмпатия талап етілетіндігін» (С.С.); «танымдық-зерттеушілік білімдер, академиялық біліктер қажет етілетіндігін» (Г.Д.); «педагогикалық сананы қалыптастыруда кәсіби ойлауды дамыту керектігін» (Д.Е.) айтты.

Магистранттардың болашақ кәсіби іс-әрекетіне деген өз қабілетін өздері бағалауға ынталандыра отырып, респонденттердің 12% оларды дұрыс бағаламайтыны байқалды. Мысалы, Е.И.: «Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тиянақты айналысу үшін шыдамдылық, назар, жақсы жады қажет» деп есептесе, И.М. : «магистрлік зерттеу жұмысын болашақта докторлыққа жалғастыру үшін докторантураға түсу қажеттігін, осы мақсатта ана тілінен басқа шет тілін жетік білуі керектігін, оны магистратурада дамытудың мүмкіндігін» жасырмады.

Жеке әңгімелесу барысында магистранттардың коммуникативтік қабілеттері мен бейімділігіне ерекше көңіл бөлінді.

Магистранттар екінші орынға адамдармен жұмыс істеу қызықты екенін қояды. Болашақ ғылыми-педагог кадрлар өздерінің мақсатты педагогикалық әрекеттерімен ғана емес, мінез-құлқымен де жағымды әсер етуі мүмкін. Сондықтан магистранттар қоғамның моральдық нормаларын бойына сіңіргісі келеді, ал бұл олардың жеткілікті педагогикалық бағыттылығын және педагогикалық қызметтің мәні туралы дұрыс түсінігін көрсетеді. Мысалы, Т.П. «Мен адамдармен жұмыс істедім ұнататын, өйткені олардың барлығы әр алуан және олардан көптеген жаңа әрі қызықты нәрселерді білуге болады».

Үшінші орынды бейімділік пен қабілет алады. Бұл:

- олардың тұлғалық қасиеттері педагогикалық қызметке сәйкес келуі;
- оларды зерттеу жұмыстары қызықтыруы;
- олар ұлтаралық, тұлғаралық қарым-қатынасқа түсуге бейімделігіне мән берілді.

Мысалы, Б.Б. «маған аяушылық, жауапкершілік сияқты қасиеттер тән, сондықтан білім алушылармен қарым-қатынасқа түсу саласында жұмыс істегім келеді» деген жауап берді. С.С: «Адамдардың психологиясын білгім келеді, адамдармен жұмыс жасау оңай болу үшін дұрыс қарым-қатынас жасауды үйренгім келеді». Осындай пікірде Н.Ш.-да болды: «Ол өзінің адамның жанын түсінгісі келетінін, басқа да ұлт өкілдерімен түсіністік, татуластық қатынасқа түскісі келетінін» айтса, С.С. «ұлтаралық қатынастарда көптілділіктің маңыздылығын, алайда ең алдымен өзінің тілін, мәдениетін жетік білгенде ғана өзге тілді, өзге ұлттың мәдениетіне сыйластықпен қарау сезімдерінің арта түсетінін» тілге тиек етті.

Бұдан әрі, жалпы, мотивтер тізімінде еңбектің шығармашылық сипаты болады. Креативтілік болашақ ғылыми-педагогтарға тек қана зерттеу жұмыстарымен айналысу барысында ғана емес өмірлік, ұлтаралық, тұлғааралық жағдаяттар жағдай туындағанда қажетті шешім таңдауға мүмкіндік береді. Мысалы, А.П. «ғылыми-педагог зерттеу жұмыстарымен ғана емес, білім беру субъектілерімен жұмыс істейді, сондықтан оған вариативтілік қажет» деп санайды.

Келесі кезекте олар танымдық білімдерге және академиялық біліктерге баса назар аударады. Өйткені әдіснамалық-теориялық білімдерді меңгермей, зерттеу жұмысын нәтижелі жүзеге асыру мүмкін емес. Мысалы, Е.К.: «Танымдық білімдерсіз, академиялық біліктерді қалыптастыру мүмкін емес, егер жалаң академиялық біліктер ғана болса, оның ғылыми жаңалығына қол жеткізу мүмкін емес, бұрынғы қолда бар жаңалықтар қайталанарды», – деп жауап берді. Ал бұл болса магистранттардың кәсіби ойлауын дамыту қажеттігін тағы да дәлелдей түседі.

Осындай сауалнама жауаптары бізге көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары қатарында танымдық білімдерін, академиялық біліктерін, кәсіби ойлауын, ұлтжандылығын, толеранттылығын, эмпатиясын дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Сауалнама әдісін пайдалана отырып, біз магистранттардың кәсіби жеке қасиеттері туралы жеткілікті хабардар бола алмайтынымызды ескеру керек.

Біз пайдаланған авторлық педагогикалық сауалнама екінші кезеңде диагностикалаудың тиімді құралы болды.

Оның көмегімен жиналған эмпирикалық материал негізінде келесіге қол жеткіздік:

- оқыту барысында қызығушылық танытқан магистранттардың білімдеріне қолайлы саланы анықтау;
- магистранттарды қызықтыратын нақты білім саласындағы белсенділігі (яғни мәдени танымдық қызығушылықтың пәрменділігі);
- өзінің оқу жетістіктерін және мінез-құлқының даму қабілетін өзіндік бағалау;
- жеке кәсіби ниеттерін жүзеге асыруды қиындататын өзіндік мінез-құлықтық қасиеттер туралы түсінік;
- өзін-өзі дамытудағы белсенділік;
- жоғары оқу орнынан кейінгі өмір тынысының жеке жоспарының жалпы белгілері.

Бұл диагностикалық ақпараттың кең көлемі магистранттардың өзін-өзі дамыту үшін де, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында да аудиториядан тыс пікірталас клубтарын ашудың маңыздылығын арттырады.

Диагностикалық тұрғыдан алғанда, әдістеме, осылайша, өте ақпараттық қана емес, сондай-ақ толтыруға оңай, өңдеуге ыңғайлы болып табылады. Оның ашық және жартылай жабық сұрақтардан басқасы компьютерлендіруге беріледі. Бірақ осы сұрақтарға жауаптар бойынша деректерді өңдеу барысында біз оларды типологияладық, бұл бастапқы талдауға бітіруші курс магистранттарын тартуға мүмкіндік берді, яғни өңдеудегі еңбек сыйымдылығы бір жағынан айтарлықтай

төмендеді, ал екінші жағынан оларды зерттеу процесіне тарту үшін алғышарттар жасалды.

Магистранттардың эмпатия деңгейін анықтау мақсатында, біз *Т.П.Гаврилованың «Өзіңіздің эмпатия деңгейіңізді анықтаңыз»* әдістемесін қолдандық.

Бағалау объектісі ретінде сыналушыларға өздеріндегі емес, қатар отыратын көршісіндегі эмпатияның көріну дәрежесін бағалау ұсынылды, сипаттайтын адамның аты-жөні мен өзінің аты-жөнін көрсету қажет болды. Сапаны бағалаудың мұндай нұсқасында сыналушыға басқа адамдардағы эмоцияның (эмпатия) жалпыланған аспектісі айқын көрінеді.

Алынған материалды баяндауға көшпес бұрын мыналарды атап өту қажет. Тест 12 пікір тармақтарынан тұрады. Әр пікір бойынша жауаптың 7 нұсқасы бар. Студенттер әр пікір бойынша бір жауапты таңдау керек. Біз барлық пікірлерді үш топқа бөлдік:

- қолдау мен мақұлдаудың эмоциялық көрінісі, интуитивті түсіну (1, 2, 3, 6,7,11);

- адамдармен ауызша қарым-қатынас (4, 9,10, 12);

- сыни пікірлер (5, 8).

Біз әр топ бойынша барлық мәліметтерді талдадық. Зерттелген деректер бізге басқа адамның проблемаларына эмоционалдық жауап беруге ұмтылу неғұрлым айқын көрінеді деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің эмпатия механизмі белгілі бір ерекшеліктерде идентификация механизмімен ұқсас екенін көрсетеді: өзін басқа орынға қойып, оның көзқарасы тұрғысынан нәрсеге қарау қабілеті бар. Төмен деңгей «сыни пайымдаулар» тобында болды. Бұл топтың магистранттары қуанышқа ренішпен жауап береді, яғни оларға зұлымдық сияқты қасиеттер тән. Олар сондай-ақ басқа адамға жаман көзқарас танытуымен де сипатталады. Орта деңгей, біз болжағанындай, екінші топта болды. Яғни, студенттер қарым-қатынас барысында шектен шықпау қажеттілігін түсінді. Осылайша, олар дұрыс кәсіби позицияны иеленді. Одан әрі біз топтар бойынша көрсеткіштерді жинақтадық және балл бойынша нәтижелер алдық. Белгілі бір балл саны жоғары, орташа, төмен деңгейге қатысты. Деңгейлерді біз «жанасу қабілетінің дамуы» көрсеткіші негізінде шартты түрде анықтадық.

Ең алдымен деңгейлерді қарастырайық:

Жоғары – басқа адамның сезімдеріне үңіле алады, онымен қарым-қатынас жасай алады және оны сезіне алады, оның орнына өзін қоя алады, онымен бірге қуанышын бөлісе алады.

Орта – әрқашанда басқа адамның сезіміне ие бола алмайды, адамның ауыр және күрделі өмір жағдайын түсінуге тырыспайды.

Төмен – басқа адамның мүдделері мен уайымын елемейді, көз жасын елемеуі мүмкін, өзімшіл.

Әр деңгей және қандай да бір жаққа ауытқулар бойынша бөлінген орташа шамалар негізінде әр студенттің нәтижелері топтардың біріне жатқызылды (Кесте 8).

Кесте 9 - Диагностикалық әдістемеге қатысқан магистранттардың эмпатиясының даму деңгейлері

Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төменгі деңгей
51 адам	48 адам	7 адам
48%	45%	7%

Алынған нәтижелер магистранттардың өз араларында эмпатиялық дәрежесі бойынша айырмашылығы бар екендігін, олар өздерін басқа адаммен қандай дәрежеде теңестіретінін дәлелдейді.

Магистранттардың жартысынан азы ғана ғылыми-педагог кадрдың кәсіби-тұлғалық сапасының бірі болып табылатын эмпатияның жоғары деңгейіне жеткендігі бізді алаңдатты және болашақ ғылыми-педагог кадрларды кәсіби тәрбиелеу бойынша қосымша жұмыстардың бағыттары жасалды.

Маклени әдістемесі «Сіз әңгімелесушіні тыңдай және ести аласыз ба?»

Магистранттардың барлық жауаптары әңгімелесушіні тыңдау қиындығы бойынша үш топқа бөлінді.

Бірінші топқа біз түсінуде қиындықтар туындаған жауаптарды жатқыздық. Бұл топқа магистранттардың 15%-ы жатқызылды. Әңгімелесуші сөйлегенше күте алмайтын және тыңдаушыға сөйлеуге мүмкіндік бермейтін магистранттар тобы бөлек бөлініп, ондай тыңдаушылардың нәтижелері 52% болды.

Үшінші топқа қызығушылықтардың сәйкессіздігін көрсететін жауаптар енгізілді. Олар 33% болды. Қарым-қатынас жасаудағы мұндай қателіктер жеткілікті деңгейде анықталды.

Тыңдай білудің мұндай әлсіз даму себептерін анықтау көбінесе қиындықтар дәрежесі бойынша ерекшеленетін ықтимал көріністерге байланысты болды.

Осылайша, талдау нәтижелері магистранттардың көпшілігінде әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті жағынан қиындықтарға кездесетінін көрсетті.

Негізгі қиындықтар мына мәселелерге:

- ақпаратты түсіну күрделілігімен (күрделі немесе қарапайым);
- сұхбаттасушының «әңгіме ағынына көңіл бөле алмауы», мысалы студенттің эмпатиялық деңгейінің төмендігіне;
- қызығушылықтың сәйкессіздігіне байланысты туындады.

Осы жерден магистранттың ғылыми-педагогикалық қызмет барысында әңгімелесушіні тыңдай білуін мақсатты дамыту бойынша өзінің белсенді жұмысының қажеттілігі туралы бір жақты тұжырым жасалады, яғни бұл сапа болашақ ғылыми-педагог кадр үшін кәсіби маңызды болып табылады.

Магистранттардың мамандыққа деген қарым-қатынасын, кәсіпті меңгеру себептерін зерттеу мақсатында біз *"Аяқталмаған сөйлемдер"* әдістемесін қолдандық.

Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі классикалық психодиагностикалық әдістеме ретінде құрылған. Жобалық әдістеме ретінде онымен жұмыс істеу жақсы нәтиже берді. Бұл тұрғыда ол өз функциясын орындады, бірақ оны өңдеу процесі айтарлықтай еңбек шығындарын талап етті. Біз бұл еңбек шығындары институттың іс-әрекетін жетілдіруде магистранттардың тәжірибелік-бағытталған ұсыныстарының конструктивтілігімен ақталды деп есептейміз. Зерттеу нәтижелері институтта ұйымдастырушылық-тәрбие жұмысын қайта құруға себеп болды. Өкінішке орай, әдістеме іс жүзінде компьютерлендірілмейді, себебі бастамашылық ұсыныстардың барлық бағыттарын, әсіресе бірінші екі мәселе бойынша болжау қиындық тудырады. Негізінде магистранттардың жинақталған жауаптары бойынша жауаптың негізгі нұсқаларының дайын тізбесі бар жабық түрдегі әдістемені жасау және оның маңыздылығын балмен (магистранттың өзі) өзін-өзі бағалау мүмкіндігі жоқ. Алайда, бізге бұл жұмыс кәсіби психодиагностика үшін маңызды болып табылады.

Магистратурада кәсіби дайындық сапасы магистранттардың кәсіби ғылыми-педагогикалық қызметін ұйымдастыруға байланысты екенін түсіне отырып, біз оны жақсартудың себептері мен жолдары туралы жалпы түсініктерді көруге болатын ұсыныстарды қалыптастырдық.

Магистранттарға келесі ұсыныстарды жалғастыру керек болды:

1) «Педагогика және психология институты магистранттарының дайындығын жақсарту үшін қажет...».

2) «Егер мен педагогикалық практиканы ұйымдастырушы болсам, онда...».

3) «Мен мамандықты меңгеру процесіне қанағаттанамын, егер ...».

4) «Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке даярлығын жақсарту қажет.....».

5) «Көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан қолдану қажет болған жағдайда..... »

Магистранттардың дайындығын жақсарту магистранттың өзіне (35%) байланысты екені анықталды, мысалы, С.К., бірінші сөйлемді аяқтай отырып, келесідей жауап берді: «...қоғам үшін маңызды және адамдарға пайдалы болу үшін өзінің болашақ мамандығын түсіну қажет. Сондықтан магистрант ғылыми-педагогикалық іс-әрекет бойынша қосымша әдебиеттерді оқып, практикалық сабақтарда өз білімдерін көрсетуі тиіс».

Екіншіден, дайындықты жақсарту оқытушыға байланысты (45%), «мысалы, М.Б. осы сөйлемге былай жауап берді: «... магистранттардың кәсіби бағыттылығын анықтау қажет және қызығушылығын, қабілетін, сенімін ескере отырып, оқытушы өзінің дәрістік және семинарлық сабақтарын магистранттардың танымдық білімін арттыру және академиялық біліктерін шыңдауды жоспарлау керек».

Үшіншіден, дайындықты жақсарту институтта ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке магистранттарды дайындау процесі қалай ұйымдастырылғанына байланысты (20%). Мысалы, С.К. «... жас маман өзін сенімді сезінуі үшін, кәсіби тәжірибені жинақтау үшін, ғылыми-педагогикалық жұмыстың әртүрлі бағыттарында зерттеушілік, өндірістік практикадан өту қажет», – деп есептейді.

Кәсіби даярлықты жақсартудың ең ашық көрсеткіші ретінде екінші ұсыныс ұсынылды. Магистранттардың 90%-дан астамы оларды қызығушылықтары бойынша практикаға бөлу қажет деп санайды: тұлғааралық қарым-қатынасқа түсу, ұлтаралық қатынас жағдаяттарында жұмыс істеу, көптілді білім беру жағдайында жұмыс істеу және т. б. Мұндай жұмыстың маңыздылығы туралы С.К. былай деп жауап берді: «... ол өзін-өзі тануы және өз білімін жүзеге асыруы үшін магистранттардың түрлі қабілеттерін, кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтайтын әртүрлі шығармашылық, өзіндік тапсырмаларды ұйымдастырар еді».

Мамандықты меңгеру уәждемесін талдай отырып, келесі заңдылықтарды атап көрсетуге болады: «күшті» және «әлсіз» магистранттар бір-бірінен интеллект деңгейі бойынша емес, ерік-жігер, сапа және түрткі түрі бойынша ерекшеленеді. «Күшті» магистранттарға ішкі ерік-жігер тән: оларға мамандықты жоғары деңгейде игеру қажет, олар мықты кәсіби білім мен практикалық дағдыларды алуға бағдарланады. Мысалы, соңғы сөйлемге А.К. «... жаңа білім алған кезде, әсіресе көптілді білім беру жағдайында басқа ұлттың мәдениеті негізіндегі білімдерден өзімнің жеке және рухани қажеттіліктерімді қанағаттандырамын, осылайша менің өз-өзімді жетілдіруім жүзеге асады», – деп жауап берді. Магистрант О.Б. былай жауап берді: «... мен өз алдыма қойған мақсатыма жеткенде, мен өзімді басқа ұлт тілімен мәдениеті, дәстүрі білімдерімен байытқан кезде мен өзімнің кәсіби тұрғыда өскенімді көремін».

«Әлсіз» магистранттарға келетін болсақ, олардың себептері негізінен сыртқы, жағдайлық: мұндай магистранттар үшін ең алдымен талдаудан аулақ болу маңызды. Мысалы, С.С. былай жауап берді: «... маған орындалған тапсырма бойынша ескертулер жасамаса».

Осылайша, болашақ ғылыми-педагог кадрлар мамандықты меңгеру себептері әлеуметтік педагог мамандығына және кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуға бағытталу компоненті ретінде, одан әрі кәсіби дайындық және өзіндік практикалық іс-әрекет барысына әсер етеді.

Зерттеу жалғасты. Зерттеудің мақсаты магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын өзін-өзі бағалауы болды.

Өзін-өзі бағалау рефлексия, рефлексивті сана ұғымымен тығыз байланысты, өйткені «адам бір нәрсе туралы ойлап қанақоймайды, өзінің ой-өрісін саналы түрде бақылайды; бір нәрсе түсініп қана қоймайды, оны түсінетінін түсінеді» [84, 48].

Зерттеу логикасы болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын: ұлтжандылық, толеранттылық, кәсіби ойлау және т.б. даму деңгейін анықтау болды (7-қосымша).

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін біз К.М.Левитан әдістемесін қолдандық, онда магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларының репрезентативті шкаласы жасалды және біз магистранттарға (106 адам) сапа деректерін бес балдық шкала бойынша бағалауды ұсындық (7- қосымша).

Сапаның даму деңгейі бойынша мәліметтерді өңдеу нәтижесінде магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларының иерархиясы жалпы алғанда былайша көрінеді: зерттеу нәтижелері 10-кестеде келтірілген.

Кесте 10 - Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын өзін-өзі бағалауы

Орын реті	Кәсіби-тұлғалық сапалар	Саны %	
<i>Танымдық білімдер</i>			
1	Педагогикалық	79	74,5%
2	Психологиялық	39	37%
13	Әдіснамалық	20	18,8%
<i>Кәсіби ойлау</i>			
7.	Шығармашылық	30	28%
14.	Аналитикалық	17	16%
16.	Креативтілік	5	4,7%
<i>Академиялық біліктер</i>			
6.	Академиялық оқу дағдылары	32	30%
18.	Академиялық жазу, тыңдау, сөйлеу дағдылары	3	2,8%
8.	Зерттеу дағдылары	29	27%
9.	Жалпы білім беру дағдылары	27	25,4%
<i>Ұлтжандылық</i>			
11.	Көптілділікте ана тілінің басымдығы	24	22,6%
12.	Ұлтының мәдениетін, дәстүрін өзге елге таныту	23	21,6%
3	Отансүйгіштік сезімі	38	35,8%
<i>Толеранттылық</i>			
5.	Сөйлеу әрекеті	33	31%
15.	Этносқа төзімділік	12	11,3%
4	Тұлғааралық қарым-қатынас	36	33,9%
<i>Эмпатия</i>			
17	Өзінің дербестігін сезінуі	5	4,7%
10	Өзгенің жанын түсінуі	26	24,5%
19	Өзін басқа адамның орнына қоя білуі	3	2,8%

Көрсетілген сапалардың алғашқы сегіздігін қарастырайық.

Мұндай талдау магистранттардың болашақ ғылыми-педагогикалық іс-әрекетін түсінуді, олардың маңыздылығына қарай реттік орындармен көрсетуін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, магистранттардың 74,3%-дан астамы педагогикалық білімдерді маңызды деп атап өтті, бұл алғашқы көзқарас тұрғысынан шынайы және айқын көрінді. Ал магистранттың негізгі функциясы оқу болып табылатындықтан, олар өз бойларында дербестік пен өзін-өзі бақылау қажеттілігін қалыптастыруы қажет. Магистранттарда бұл сапаның 17-ші орында (барлық жауаптардың 4,7%) болғаны қызығушылық тудырады, бұл олардың педагогикалық тәжірибесінің жоқтығымен, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық бағыттылығының жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Екінші орынға магистранттар (37%) психологиялық білімді қояды, алайда, олардың өзгенің орнынан өзін қоя алуын (2,8%) 19 орынға қоюы білімнің қажеттілігімен олардың өз сезімдерінің сәйкессіздігін көрсетеді.

Магистранттарда дамыған сапалар тізімінде үшінші орынды отансүйгіштік сезім (38 адам 35,8%) иеленгенімен, көптілділікте ана тілінің басымдығын 11-нші орынға (24 адам 22,6%), ұлтының мәдениетін, дәстүрін өзге елге танытуды 12-нші орынға (23 адам 21,6%) қоюы олардың ұлтжандылық сезімін дамыта түсу қажеттілігін көрсетеді.

Төртінші, бесінші орындарға қарым-қатынасты қою (33,9% / 31%) өте әділ болып табылады, өйткені ғылыми-педагогикалық іс-әрекетте коммуникативтік қабілеттердің басымдығы мен қажеттілігі айқын. Алайда магистранттардың тұлғаралық қарым-қатынастың маңыздылығын сезінгенімен этносқа төзімділікті 15-нші орынға (11,3%) қоюы магистранттардың толеранттылық сапасын дамыту қажеттілігінің айқындылығын көрсетеді.

Алтыншы орынға академиялық оқу дағдыларын (30%) қоюы қуантады. Дегенмен академиялық жазу, тыңдау, сөйлеу дағдыларын 18-нші орынға (2,8%) орналастыруы магистранттардың академиялық біліктерін дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттігін туындатады.

Жетінші орынға шығармашылықты қойғаны (28%) өте орынды, өйткені ғылыми-педагог кадр үнемі жаңа, бірегей нәрсені іздеу үстінде болуы қажет. Дейтұрғанмен аналитикалықты 14-нші орынға (16%), креативтілікті 16-ншы орынға (4,7%) жайғастыруы олардың кәсіби ойлауын дамыту бойынша жұмыстардың жүргізілу керектігін талап етеді.

Сегізінші орынға зерттеу дағдыларын қоюы (27%) магистранттардың магистратурада және болашақ кәсіби іс-әрекетінде зерттеу жұмыстарының маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді. Алайда олардың әдіснамалық білімдерді 13-нші орынға қоюы (18,8%), зерттеу дағдылары мен әдіснамалық білімдердің өзара байланыстылығын жете түсіне бермейтіндігін білдіреді және олардың ғылыми бағыты бойынша дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттігін айқындайды.

Бес баллдық шкала бойынша магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуын бағалай отырып, біз ғылыми-педагогикалық қызметтің

тиімділігі үшін қажетті сапаларды түсіну пайызы өте жоғары - 48% екенін анықтадық.

Ғылыми-педагогикалық іс-әрекетке белгілі бір бейімділігі бар, бірақ педагогикалық қызметте жеткіліксіз білімі бар және өз іскерліктерін әрдайым қолдана алмайтын магистранттар тобы бөлек бөлінген, олар –36%-ды құрады. Оларға қатысты болашақ мамандардың педагогикалық шеберлігін қалыптастыру мен жетілдіруге неғұрлым мақсатты көзқарастың болуы, әрине, жоғары нәтижелер береді.

Көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапасын дамыту құралы тұрғысынан түсінбеуі (16 %) қынжылтады. Бұл бізге қалаптыастыру эксперименті барысында үштілділікті осы мақсатта қолдану қажеттілігін, әсіресе «Discussion club» Ережесін, іс-шаралар жоспарын; «International of education» халықаралық жобаларын жасап практикаға ендіру қажеттілігін дәлелдей түседі.

Левитан әдісі өзінің құрылу технологиясы бойынша типтік әуесқойлық әдіс болып табылады. Сонымен қатар бұл болашақ педагогтің кәсіби өзін-өзі бағалауын зерттеуге бағытталған бірнеше әдістемелердің бірі.

Бастапқыда, оны құрастырушының ойы бойынша, тәжірибеден өтуші педагогтардың өзін-өзі бағалауы үшін анағұрлым қолайлы болатындығы туралы бірнеше факт бізде алаңдаушылық тудырды. Оның біздің зерттеуде сынақтан өтуі әдістеменің магистранттардың контингентінде жақсы жұмыс істейтінін көрсетті. Алайда әдістеменің салыстырмалы әлсіздігін «жалпы педагогтардың» жоғары әмбебаптығы деп есептеуге болады. Жеке тұлға сапасының тізімін қозғамай тұрып, біз бұл әдістеменің нәтижелерін өңдеу бағдарламасына кейбір өзгертулер енгіздік, жоғары, орта, төмен деп санауға болатын деңгейлерді сараптамалық жолмен анықтадық.

Бізге бұл өзгерту магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мен өзін-өзі дамыту деңгейін анықтау үшін әдістеменің диагностикалық әлеуетін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін сияқты көрінді. Мұндай тәсіл магистранттармен топ бойынша тәрбие-түзету жұмыстарын бір мезгілде саралауға мүмкіндік берді. Бізге осындай нұсқадағы әдістеме деректерін өңдеу кезінде ғана емес, оны толтыру кезеңінде де компьютерлендіруге мүмкіндік болаы.

Магистранттар үшін кәсіптік бейімделу сипатындағы арнайы тапсырмалар әзірленді. Тапсырмаларды жүйелеу олардың мақсатты бағыттылығымен байланысты болды:

1-тапсырмалар блогы магистранттарды болашақ ғылыми-педагогикалық іс-әрекетімен және оның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту жұмыстарымен танысуға;

2 - блок оны ұйымдастыруға;

3-блок- магистранттарды болашақ ғылыми-педагогикалық іс-әрекеті және оның кәсіби-тұлғалық сапалары (КТС) туралы білім деңгейін өзіндік бағалауға болашақ кәсіби қызметіне дайындық жолдарын және КТС дамуын өзін-өзі бағалауға бағыттайды.

Мұндай блоктарға бөлу шартты сипатта болады, өйткені әрбір тапсырмада мазмұндық, технологиялық және жеке аспектілер бар, бұл КТС дамуының жалпы логикасына сәйкес келеді

1-блок.

1. Шағын топтар педагогикалық практикаға бара отырып, сол білім беру ұйымының іс-әрекетін сипаттайтын жалпы мәселелерге, сондай-ақ оның өзгеше ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оның құрылымын, міндеттерін егжей-тегжейлі зерделейді. Жазбаша түрде зерттелетін білім беру ұйымдары үлгісіндегі «портрет» жасалады (гимназия, лицей, оқу-педагогикалық орталық, колледж, университет және т.б.).

2. Аталған білім беру ұйымдарының проблемалары бойынша үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) реферат дайындау (кемінде 6 дереккөз пайдалану). Нақты адамның өмір сүруі мен педагогикалық қызмет мәнінің ғылыми анықтамаларын салыстыру (анықтамалық және арнайы әдебиеттер негізінде).

3. Берілген мәселе бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиетті таңдау; оқылған әдебиетке қысқаша аннотация беру, тезистер, сөз сөйлеу жоспарын құрастыру.

4. Ғылыми-педагогикалық қызмет үшін өзекті ұғымдардың сөздігін құру, үш тілдегі әдебиеттерде берілген анықтамаларға мән беру, осы тұрғыдан өзінің көзқарасын білдіру.

5. Мұғалімдердің, білім алушылардың, оқытушылардың ауызша немесе жазбаша сұхбаты негізінде ғылыми-педагогикалық қызметті дамыту қажеттілігінің өзектілігі туралы негіздеме дайындау.

6. Ғылыми-педагогикалық қызметті дамытудың ұсынылған тұжырымдамаларының біріне талдаудың тезисін дайындау. Эксперименттің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру. Ауызша сөйлеуге дайындалу. Жүргізілген зерттеудің практикалық маңыздылығын бағалау.

2-блок.

1. Үш тілдегі ұлттардың (қазақ, орыс, ағылшын) мәдениет, дәстүрлері бойынша материалдарды пайдалана отырып, магистранттар үшін маңызы бар тәжірибелік эксперименттік жұмысты (ТЭЖ) ұйымдастыру жобасының тақырыбын таңдау (немесе өз бетінше құрастыру). Ғылыми-педагогикалық ұстаным бойынша тақырыпты таңдаудың өзектілігіне негіздеме беру. Сабақты іскерлік ойын түрінде өткізу.

2. ТЭЖ авторларымен сауалнама (сұқбат, диалог) өткізу, аналитикалық сипаттама жасау және оны сабақ барысында талқылау. Педагогикалық зерттеудің осы әдістерін қолдана білуді бағалау.

3. Үш адамнан тұратын топ құрып, ұлттар мәдениетінің ұқсастығы мен айырмашылығына талдау жасау. Олардың озық дәстүрлері мен жаңа технологиясын ұлттардың өзара пайдалану мүмкіндіктерін іздестіру. Қорытындысын ауызша қорғау.

3-блок.

1. КТС-ның өз бойында дамуын бағалау: магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметінің қандай бағыттары туралы ақпарат толық, қандай бағыттары туралы жеткіліксіз, үзінді түрде ғана ма немесе жоқ па? Олардың

ғылыми-педагогикалық қызметінің қызықтырған аспектісін таңдау, педагогикалық конференциялар материалдарының контент-талдауы негізінде құрылған «Ғылыми-педагогикалық инновациялар банкін» пайдалана отырып хабарлама дайындау.

2. Ғылыми-педагогикалық іс-әрекет және КТС дамыту мәселелері бойынша мақаланың конспектісін әзірлеу. Материал бойынша өз таңдауын негіздеу, өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетінде оны практикалық қолдану мүмкіндігін бағалау.

3. Үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) Эссе-болжам жазу: «Ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттің болашағы», «КТС болашақтағы табыстылығы».

Тапсырмалар кешенін орындаудың нәтижесі әлеуметтік-педагогикалық білімнің, біліктіліктің маңыздылығын ұғыну ғана емес, сонымен қатар ЖОО-да дайындық барысында КМТҚ толықтыру болуы тиіс.

Біз тапсырмалар блоктарын орындау барысында КТС дамыту әр түрлі формада жүзеге асырылады деп болжаймыз, өйткені жұмыстың жаңа шығармашылық түрлерін игеру – КТС табысты дамуының шарты. Сонымен қатар, біз ұсынған тапсырмалар студенттер үшін «қиындық» тудыруы мүмкін. Өзін-өзі бағалау сияқты зерттеу іскерліктерінің процесін қалыптастыру өте күрделі.

Сонымен қатар, біз магистранттарды болашақ әлеуметтік жұмысқа дайындау бойынша атқарылған жұмыстың практикалық құндылығы туралы және КТС-тың дамуы туралы қорытындыларды жинақтап, экспетименттік-тәдірибелік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде атқарылатын жұмыстарға қатысты міндеттеріміздің дұрыстығына тағы да бір рет көз жеткіздік.

Анықтау эксперименті нәтижелерін талдау анықталған магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мақсатында көп тілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың «Педагогика және психология» және «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы пәндер мазмұнына қосымшалар мен психологиялық тренингтік бағдарлама, «Ү research Discussion club» Ережесін, іс-шаралар жоспарын; «International education» халықаралық жобаларын жасап, мақұлдаудан өткізу қажеттілігін көрсетті.

Осы айтылып өткендерді тәжірибеге ендіру барысы көп тілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша жүргізілетін эксперименттің екінші кезеңінде жүзеге асырылады. Ол туралы келесі 3.2 параграфында жан-жақты баяндалады.

3.2 Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесінің мазмұны


Қазіргі уақытта кәсіби-тұлғалық сапаларды мақсатты дамытудың көптеген құралдары мен әдістері бар. Біз көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды үш түрлі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін екенін айттық. *Біріншіден*, бұл білім беру бағдарламасы мазмұнымен жұмыс – «Педагогика және психология» және «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының *көптілді білім беру тобына арналған* оқу жоспарындағы пәндер мазмұнына қосымшалар; *екіншіден*, мотивациялық саламен жұмыс – психологиялық тренингтік бағдарлама, *үшіншіден*, танымдық-коммуникативтік саламен жұмыс – «Ү research discussion club» Ережесін, іс-шаралар жоспары, *төртіншіден* өзінің кәсіби іс-әрекетін көрсететін жағдайларды жасанды түрде жасау – «International education» халықаралық жоба жасау және практикаға ендіру. Аталған жұмыс түрлерін практика ендіру барысында қолданылатын жұмыс формалары мен әдістері, құралдары анықталды. Осы айтылғандарға байланысты көптілді білім беру жағдайында магистранттардың *кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың әдістемесі* жасалды (Сурет 6).

Әдістеменің мақсаты – көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыздандыру.

Әдістемеге көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру үш сатыдан тұрады: *білімділік, біліктілік, тұлғалық*.

Әдістеменің *білімділік* сатысында айқындалған 1-ші психологиялық педагогикалық шарт (*көптілді білім беруді тұлғаны дамытудың құралы тұрғысынан қарастыру жүзеге асырылады*). «Педагогика және психология» мамандығының *көптілді білім беру тобына арналған* оқу жоспарындағы) пәндерге талдау жасалып, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға мүмкіндік беретін пәндер анықталып, олардың мазмұнына қосымшалар енгізілді. Атап айтқанда «*Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану*» пәнінің бағдарламасының мазмұнына қосымша, «*Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері*, «*Менеджердің инновациялық іс-әрекеті*», «*ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер*» пәнінің бағдарламасының мазмұнына қосымша жасалды.

Магистратурадағы көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы бейіндеуші пәндердің бағдарламалары мазмұнына қосымшалардың *мақсаты* – магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту саласынан тұтас теориялық білімдерін қалыптастыру. Аталған қосымшалардың мазмұны (Кестелер 11-14) көрсетілген.



Сурет 5 – Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесі

Қосымшаның ерекшелігі болып пән тақырыптары мен олардың мазмұнына қосымшалардың үш тілде жүргізілуі (CLIL технологиясы негізінде).

Пәндер мазмұнына қосымшалардың міндеттері:

- Көптілді білім беруді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан қолдану;
- пәндер мазмұнын магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуына ықпал ететін білімдермен толықтыру және оларды үш тілде меңгерту;
- магистранттардың танымдық білімін кеңейту;
- кәсіби санасын, кәсіби ойлауын дамыту;
- кәсіби-тұлғалық сапаларының когнитивтік-креативтілік құрамдарын дамытуға ықпал ету және т.б.

Кесте 11 - «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану» пәні бағдарламасының мазмұнына қосымша

№	Пәннің тақырыптық жоспары	Оқыту тілі	Бағдарламаның мазмұнына қосымша	Зерттеу пәніне сәйкес білімдерінің толықтырылуы
1	2	3	4	5
1	Постиндустриалды дәуірдің білім жүйесі туралы ұстанымдары	Қазақ тілінде	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданылатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың негізгі ұстанымдары. Оқу үрдісінде қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар оқу пәні ретінде. Интерактивті әдістерді қолданудың тарихи-әдістемелік негіздері	Ғылыми эрудиция, педагогикалық білімдерінің толықтырылуы
2	Интербелсенді оқытудың басты ерекшеліктері	Ағылшын тілінде	Cognitive and didactic principles of interactive methods in teaching process	Педагогикалық, креативтілік, аналитикалық, әдіснамалық-зерттеушілік

11 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
3	Диалог - интербелсенді әдістеменің негізгі құралы ретінде	Орыс тілінде	Сократовский диалог как современный метод обучения	интеллектуалдық, креативтілік, аналитикалық, логикалық, психологиялық ойлар
4	Интербелсенді әдістеде оқу мақсаттары	Ағылшын тілінде	Modern requirements to the use of interactive methods	педагогикалық, академиялық білік
5	Интербелсенді әдістеде білім алушылардың білімін бағалау мәселесі	Қазақ тілінде	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде магистранттардың білім деңгейін жетілдіру. Академиялық білікті қалыптастыру жолдары	Интеллектуалдық, креативтілік, аналитикалық, академиялық білік
6	Интербелсенді әдістеде	Орыс тілінде	Особенности использования CLIL технологии	әдіснамалық-зерттеушілік, әдістемелік
7	Интербелсенді әдістеде қолданатын сабақ құрылымы	Ағылшын тілінде	Interactive information technologies in the system of postgraduate education. Ideological activity of interdisciplinary connections in the use of interactive methods in the system of postgraduate education	әдіснамалық-зерттеушілік, ақпараттық, әдістемелік
8	Интербелсенді сабақты ұйымдастыру және жоспарлау	Қазақ тілінде	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқыту үдерісін басқару және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі интербелсенді әдістерді қолдану ерекшеліктері	академиялық білік

«Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану» пәнінің мазмұны бойынша 8 тақырыпқа қосымшалар енгізілді. Соның ішінде 3 тақырып қазақ тілінде жүргізілді: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданылатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың негізгі ұстанымдары; Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде магистранттардың білім деңгейін жетілдіру; Академиялық білікті қалыптастыру жолдары; Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқыту үдерісін басқару және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі итербелсенді әдістерді қолдану ерекшеліктері. 2 тақырып орыс тілінде жүргізілді: Сократовский диалог как современный метод обучения; Интерактивные методы обучения в системе послевузовского профессионального образования. 3 тақырып ағылшын тілінде жүргізілді: Cognitive and didactic principles of interactive methods in teaching process; Modern requirements to the use of interactive methods; Interactive information technologies in the system of postgraduate education.; Ideological activity of interdisciplinary connections in the use of interactive methods in the system of postgraduate education.

Кесте 12 - «Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәні бағдарламасының мазмұнына қосымша

№	Пәннің тақырыптық жоспары	Оқыту тілі	Бағдарламаның мазмұнына қосымша	Зерттеу пәніне сәйкес білімдерінің толықтырылуы
1	2	3	4	5
1	Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекет және білім берудегі менеджмент тұжырымдамасының даму тарихы, білім беру ұйымдарындағы менеджменттің ғылыми-теориялық негіздері	Қазақ тілінде	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы	Кәсіби ойлау, жалпы азаматтық сапалар саласынан білімі
2	«Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың әлеуметтік-	Орыс тілінде	Изучение принципов управления системой послевузовского образования.	Коммуникативтік қарым-қатынас

12 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	экономикалық және психологиялық-педагогикалық алғышарттары		Формирование коммуникативной компетентности магистрантов	саласынан білімі
3	Қазіргі білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың мәні мен мазмұны	Ағылшын тілінде	Development of managerial abilities of undergraduates in the system of postgraduate education	Болжаушылық саласынан білімі
4	Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке шетелдік және отандық мектептерде даярлаудың тәжірибе негіздері	Қазақ тілінде	Магистранттардың көптілді тұлға ретінде дамыту. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыру	Тілдік, инновациялық, стратегиялық, ұлтжандылық саласынан білімі
5	Білім беру ұйымдарындағы менеджердің іскерлік қарым-қатынасы	Орыс тілінде	Профессиональные навыки и личностное развитие будущих научно-педагогических кадров	Толеранттылық, эмпатия саласынан білімі
6	Қазіргі кездегі білім беру ұйымдарындағы менеджердің көшбасшылығы және көшбасшылық қасиеті.	Ағылшын тілінде	Development of leadership qualities of undergraduates	Көшбасшылық сапалары саласынан білімі
7	Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетті даярлау үшін ғылыми-әдістемелікті қамтамасыз ету	Қазақ тілінде	Болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың жұмысын әдістемелік қамтамасыз етумен танысу	Болжаушылық білімдері
8	Қазіргі білім беру ұйымдарында менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың технологиясы	Ағылшын тілінде	Promising directions in the development of future scientific and pedagogical personnel. Formation of organizational and activity of undergraduates	Жеке әлеуметтік жауапкершілік саласынан білімі

«Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері» пәнінің мазмұнына 8 тақырыпқа қосымша енгізілді. Соның ішінде 3 тақырып қазақ тілінде жүргізілді: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы; Магистранттардың көптілді тұлға ретінде дамыту. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыру; Болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың жұмысын әдістемелік қамтамасыз етумен танысу. 2 тақырып орыс тілінде жүргізілді: Изучение принципов управления системой послевузовского образования; Формирование коммуникативной компетентности магистрантов. Профессиональные навыки и личностное развитие будущих научно-педагогических кадров. 3 тақырып ағылшын тілінде жүргізілді: Development of managerial abilities of undergraduates in the system of postgraduate education; Development of leadership qualities of undergraduates. Promising directions in the development of future scientific and pedagogical personnel; Formation of organizational and activity of undergraduates.

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасы негізінде оқытылатын «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті», 7M01102 – Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы негізінде «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер (ағылшын тілінде)» пәндеріне талдау жасалып/7/, қосымшалар енгізілді.

Кесте 13 - «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті» пәні бағдарламасының мазмұнына қосымша

№	Пәннің тақырыптық жоспары	Оқыту тілі	Бағдарламаның мазмұнына қосымша	Зерттеу пәніне сәйкес білімдерінің толықтырылуы
1	2	3	4	5
1	Теория и методология инноваций в образовании	Қазақ тілінде	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы	Кәсіби ойлау, жалпы азаматтық сапалар саласынан білімі

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	Инновационные процессы и инновационная деятельность в образовании.	Орыс тілінде	Изучение принципов управления системой послевузовского образования. Формирование коммуникативной компетентности магистрантов	Коммуникативтік қарым-қатынас саласынан білімі
3	Innovative educational and educational(upbringing) systems as an object of activity of an education manager	Ағылшын тілінде	Development of managerial abilities of undergraduates in the system of postgraduate education	Болжаушылық саласынан білімі
4	Innovative potential of didactic ideas of domestic scientists and teachers-practitioners.	Қазақ тілінде	Магистранттардың көптілді тұлғаретінде дамыту. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын қалыптастыру	Тілдік, инновациялық, стратегиялық, ұлтжандылық саласынан білімі
5	Менеджмент в современном образовании	Орыс тілінде	Профессиональные навыки и личностное развитие будущих научно-педагогических кадров	Толеранттылық, эмпатия саласынан білімі
6	The main theories of motivation of activity in the management of education.	Ағылшын тілінде	Development of leadership qualities of undergraduates	Көшбасшылық сапалары саласынан білімі
7	The essence and classification of functions in the activity of an education manager	Ағылшын тілінде	Болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың жұмысын әдістемелік қамтамасыз етумен танысу	Болжаушылық білімдері

13 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
8	Қазіргі білім беру ұйымдарында менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың технологиясы	Қазақ тілінде	Promising directions in the development of future scientific and pedagogical personnel. Formation of organizational and activity of undergraduates	Жеке әлеуметтік жауапкершілік саласынан білімі
9	Сущность стратегического управления в сфере образования.	Орыс тілінде	Стратегии директора школы	Көпбасшылық сапа білімдері болжаушылық білімдері
10	Management experience in modern innovative educational institutions in Kazakhstan	Ағылшын тілінде	Interactive teaching methods in contemporary higher education	Кәсіби ойлау, жалпы азаматтық сапалар саласынан білімі

7M01102 – Педагогикалық өлшемдер білім беру бағдарламасы негізінде «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер (ағылшын тілінде)» пәндеріне талдау жасалып, қосымшалар енгізілді.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мәселелерін зерттеу барысында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» кафедрасында және **Қазақ** ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Жалпы педагогика кафедрасында» құрастырылған, талқылаудан өткен «Педагогикалық өлшемдер» магистрлік білім беру бағдарламасына салыстырмалы талдау жүргізілді. Екі университеттегі білім беру бағдарламасының мақсаты бір - біріне ұқсас келеді, атап айтқанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жоғары сапалы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауда білім беру сапасын бағалау мен заманауи өлшемдер жайында терең білім алып, қазіргі ғылым мен тәжірибенің міндеттерін шеше алуын мақсат етеді. **Қазақ** ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аталған магистрлік бағдарламасының мақсаты бәсекеге қабілетті педагогика ғылым магистрлерін даярлауда халықаралық, аймақтық және ұлттық контекстіндегі білім мен ғылым саласындағы өлшемдердің, бағалаудың, тестілеудің және сараптаудың ғылыми-практикалық негіздерін меңгеру деп көрсеткен.

Демек, диссертациялық зерттеу тақырыбы аясында қойылып отырған көптілді магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын «Педагогикалық

өлшемдер» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы да қамтамасыз етуге болады. Халықаралық және аймақтық контекстегі білім мен ғылым саласындағы өлшемдердің, бағалаудың, тестілеудің және сараптаудың ғылыми-практикалық негіздерін меңгеру үшін көп тілді меңгеру, соның ішінде ағылшын және орыс тілдерін білу шарт екендігі анық. Сол арқылы болашақ педагог магистрлерінің кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптасады.

Салыстыра отырып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогикалық өлшемдер магистратура бағдарламасының түлектері Моделінің құрастырылуы осы университет бағдарламасының ұтымды тұсы деп айтуға болады. Осы бағдарламаның тағы бір ерекшелігіне магистранттардың оқу нәтижесіне көпмәдениетті ғылыми және білім ортасында жинақталған шет тілі білімін академиялық және кәсіптік мақсаттарда қолдану деп көрсетуін байқаймыз.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Педагогикалық өлшемдер» магистратура бағдарламасы халықаралық және аймақтық педагогикалық өлшемдерді оқып тануға көбірек назар аударған. Оған «ТМД елдері мен және ҚР-дағы педагогикалық өлшемдер» пәнінің ағылшын тілінде жүргізілуі мысал бола алады. Біздің пайымдауымызша, аталған білім беру бағдарламасы аясында көп тілді меңгере отыр бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлғалық сапасы толық жетілген педагогика ғылым магистрлерін даярлау әбден мүмкін екендігін тәжірибелік эксперимент жүргізу арқылы көз жеткіздік. Сонымен қатар, **Қазақ** ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Педагогикалық өлшемдер» магистратура бағдарламасының алғаш рет ашылуы осы университетте тәжірибелік эксперимент жүргізілуіне негіз болды.

Кесте 14 - «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер (ағылшын тілінде)» пәні бағдарламасының мазмұнына қосымша

№	Пәннің тақырыптық жоспары	Оқыту тілі	Бағдарламаның мазмұнына қосымша	Зерттеу пәніне сәйкес білімдерінің толықтырылуы
1	2	3	4	5
1	Педагогикалық өлшемге кіріспе. Курстың мақсаттары мен міндеттері, студенттердің қажеттіліктерін бағалау	Қазақ тілінде	Қоғамның білім беру сапасын бағалау рәсімдеріне қатысуы	Кәсіби ойлау, жалпы азаматтық сапалар саласынан білімі

14 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	Концепции теории измерений и их применение в социальной сфере	Орыс тілінде	Эксперимент - План - Измерительная система	Коммуникативтік қарым-қатынас саласынан білімі
3	History of testing and evaluation	Ағылшын тілінде	Using the results of international comparative studies	Болжаушылық саласынан білімі
4	Педагогикалық өлшемдердің теориялық негіздері	Қазақ тілінде	Тест тапсырмаларын әзірлеу және талдау	Тілдік, инновациялық, стратегиялық, ұлтжандылық саласынан білімі
5	Өлшеу теориясындағы статистикалық ұғымдар	Орыс тілінде	Расчет статистических показателей	Толеранттылық, эмпатия саласынан білімі
6	Monitoring as a measurement organization system	Ағылшын тілінде	Critical analysis of monitoring systems	Көшбасшылық сапалары саласынан білімі
7	Концепция различий между классической и современной теорией тестирования.	Қазақ тілінде	Классикалық және заманауи тестілеу теориясын салыстыру	Болжаушылық білімдері
8	Классикалық және заманауи тестілеу теориясының айырмашылықтары туралы түсінік.	Ағылшын тілінде	Comparison between classical and modern testing theory	Жеке әлеуметтік жауапкершілік саласынан білімі

Осы қосымшаларды магистранттарға меңгертуде үш тілділік қана емес, оларды жүргізуде қолданылған *инновациялық дәріс, семинар-тренинг, мастер-класс* және т.б. жұмыс формалары мен **CLIL, INSERT, SWOT analysis** әдістері де олардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуы саласынан

білімдерін кеңейтуде тиімді болды. Осы келтірілген әдістерге сипаттама беруді жөн көрдік.

1. CLIL сөзі Content and Language Integrated Learning дегенді білдіреді, яғни шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді. CLIL технологиясы негізгі төрт С құрайды:

CONTENT (Мазмұн) – бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;

COMMUNICATION (Қатынас) – бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;

COGNITION (Таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;

CULTURE (Мәдениет) – бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

CLIL – бұл түрлі білімділік мәнмәтінінде қолданылатын көзқарастардың тұтас бір қатарын біріктіретін өзінше бір термин. CLIL енгізудің түрлі амалдарын сипаттайтын терминдердің тұтас бір қатары бар, мысалы: толық тілдік ену, ішінара тілдік ену, «тілдік нөсер» және т.б. CLIL технологиясының өзіндік орналасқан қағидаларына сәйкес пәнаралық байланыстар, тілдік құзыреттілік қана емес, сонымен қатар жаңа білімдерді өмірде пайдалануға, сәйкесінше өмірлік мотивацияны арттыруға дайындық, табысқа жетуді көздейді. Негізгі мақсаты:

- оқытылатын пән арқылы шет ел тілін зерделеу;
- пәнді шет ел тілі арқылы зерделеу.

Кіріктірілген сабақтарды әзірлеу және өткізудің бірнеше кезеңдері бар:

Пәндерді (біздің жағдайда олардың төртеуі тілдік емес және біреуі тілдік пән) оқу кезінде жалпы ұғымдарды түсіндіруде пәндер бойынша оқу бағдарламаларын қиыстыру. Оқу бағдарламаларын талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді ұсыну барысында мұғалімдермен оны зерделеу, пысықтау, жинақтау және бақылау кезінде оқушылар білімін кіріктіруді талап ететін материалдар іріктеп алынады. Бұл үдерісте терминологиялардағы, түрлі оқу пәндеріндегі сол бір шамаларға арналған бірліктердегі келіспеушіліктер жойылады. Тақырыпты өту мерзімдері, қалыптасатын ұғымдар, пәнаралық байланыстардың түрі және т.б. көрсетілген кестені құру осы жұмыстың нәтижесі болуы мүмкін.

- Көрсетілген пәндер бойынша өзара байланысқан тақырыптардың кіріктірілген мазмұнын қарастыру, пәнаралық байланысы бар сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таңдау.

- Кіріктірілген сабақтың түрін таңдау. Сабақтың жоспарын құру, бақылау әдістері және мектеп оқушыларының оқыту әдістері мен тәсілдерін бағалауды анықтау. Оқыту мазмұнының өзара әрекеттесуіне (өзара байланысуына), болашақ сабақтың уақытына алдын ала хронометражын өткізуге ерекше көңіл бөлінеді. CLIL арқылы ұйымдастырылған сабақ жоспары қосымшада тіркелген.

2. INSERT әдісі. Insert — оқу және жазба арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдісі болып табылады, сабақ барысында мәтінмен, жаңа ақпаратпен жұмыс жасағанда қолданылады.

Әдістің қысқартылған атауының анықтамасы:

I — interactive (интерактивті).

N — noting (танымдық).

S — system for (жүйе).

E — effective (тиімді).

R — reading (оқу).

T — thinking (және ойлау үшін).

Сабақта «Insert» әдісін қолдану әдісі

1. Магистранттар мәтінді арнайы белгішелермен белгілеп оқиды:

V — Мен бұл ақпаратты білемін;

+ — бұл мен үшін жаңа ақпарат;

— — Мен басқаша ойладым, бұл менің білгеніме қарама-қайшы;

? — Мен мұны түсінбедім, бізге нақтылау түсіндірулер қажет.

Біздің жағдайымызда магистранттарға ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуде өз ойын басшылыққа ала отырып, білгенін анықтап, білмейтінін зерттеуге әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады.

SWOT analysis әдісі. Бұл әдіс стратегиялық жоспарлау әдісі деп аталады.

Ол төрт бөлікке негізделген және белгілі бір жағдайды зерттеу, бағалау тәсілі болып табылады. Яғни:

Strengths - Күшті жақтары;

Weaknesses - Әлсіз жақтары;

Opportunities - Мүмкіндіктер;

Threats - Қауіп-қатерлер.

Біздің жағдайымызда магистранттар өздерінің бойындағы кәсіби-тұлғалық сапалардың қаншалықты қалыптасқанын анықтау мақсатында (Кесте 15) пайдаландық. Мысалы:

Кесте – 15 SWOT analysis on professional and personal quality

Strengths	Weaknesses
1	2
Education, experience Professional qualities Individual skills Values, abilities "I can..." When do you feel confident yourself? What do you rely on internally in difficult situations?	What is difficult for you? You are not good enough at? What causes you discomfort? What do other people abuse about you? What don't you like to do?

1	2
Opportunities	Threats
What can you and want to learn? What do you have the strength, time, motivation, and funds for? What can strengthen you if you pay attention?	What should you do, what should you spend more time on, but you can't do it? What causes anxiety and is out of your control? What do you have no control over?

4. **Concept analysis әдісі** - бұл тұжырымдамаларды, олардың семантикалық құрылымына зерттеу үшін қолданылатын стратегия. Тұжырымдамалық талдау жүргізудің бірнеше әдістері бар болғанымен, барлық әдістер зерттелетін Тұжырымдаманың анықтайтын атрибуттарын немесе сипаттамаларын анықтауға бағытталған. Тұжырымдамалық талдауды қолданудың кейбір түрлері теорияда, практикада және зерттеулердегі тұжырымдамаларды нақтылау және нақтылау, сонымен қатар зерттеу немесе құралдарды әзірлеу үшін нақты теориялық және жедел анықтамаларды алу болып табылады. Тұжырымдамалық талдау көптеген жылдар бойы басқа пәндерде, әсіресе философия мен тіл білімінде қолданылып келеді.

Біздің жағдайда тұжырымдамаларды талдау магистранттардың танымдық сапаларын дамыту барысында өз зерттеулеріне ортақ тұжырымдамалары арасындағы мағыналар мен қатынастардың талдау негізін құрайды, әрі зерттеудің маңызды тұжырымдамаларын қамтиды. Тұжырымдаманы анықтай отырып, ғылыми ортада тұжырымдаманың нені білдіретіні туралы хабарлайды. Мұны, мысалы, диссертацияның кіріспе бөлімінде жасауға болады, онда өз зерттеулерінің теориялық негіздерін анықтауға ықпал етеді. Тұжырымдамаларды талдау кезінде магистрант тұжырымдаманы әртүрлі тәсілдермен қолданатынын анықтап, иерархиялық тұжырымдамалық карта жасайды. Бұл картасы тұжырымдамалардың әртүрлі мағыналарын құруға, сонымен қатар негізгі ұғымдарға қатысты синонимдер мен басқа ұғымдарды ұсынуға көмектеседі. Осылайша магистрант өз тақырыбы туралы жаңа түсінік қалыптастырады. Бұл процесс тақырып бойынша ақпаратты жүйелі түрде іздеген кезде қажет болатын терминологияны жасайды.

Тұжырымдаманы талдау оқу дағдыларына байланысты әртүрлі сабақ барысында, мысалы, академиялық жазуда қосымша ретінде қоладануға ықпал етті.

Аталған қосымшаларды оқыту нәтижесінде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары, атап айтқанда *кәсіби ойлау, коммуникативтік қарым-қатынас, болжаушылық тілдік, инновациялық, стратегиялық сапалар саласынан білімі, жеке әлеуметтік жауапкершілік, көшбасшылық, жалпы азаматтық, толеранттылық, эмпатия ұлтжандылық сапалар саласынан білімі* тереңдетілді.

Сондай-ақ, осы білімділік сатысында магистранттардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби сапаларын дамытуға септігін тигізетін кәсіби білімдерін тереңдететін, эмоционалды еріктік құрамын қалыптастыруға ықпал ететін «Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты **психологиялық-тренингтік бағдарлама** жасалып практикаға ендірілді.

1. Психологиялық тренинг – бұл ерік-жігерді *эмоционалды* күшейту және *кері байланысты* арттыру арқылы қол жеткізілетін топтық оқуды күрт жеделдетудің ең қолжетімді тәсілдерінің бірі. Кері байланыс тетігі қатысушыларды өзін-өзі тануға, сондай-ақ *сәйкестендіру және рефлексия* процестерін ынталандырады. Бірлескен іс-әрекет контекстінде орын алатын рефлексия процесі басқалардың оны қалай қабылдайтыны және бағалайтыны тұрғысынан түсіндіріледі.

2. *Адам ойлау, әрекет ету және жүзеге асыру* арқылы іс-әрекетін тиімді де нәтижелі жүзеге асыра алады. Тренинг өзінің түзету жағдайларына да мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тренинг өз қатысушыларына жинақталған тәжірибені сыртқа шығаруға, оны рефлексияға, сынға ұшыратуға және дамытуға жағдай жасайды.

3. *Топтық жұмыс әдісі туындаған өзгерістердің қарқындылығы мен тұрақтылығын арттыруға*, әр қатысушының әлеуетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді. Тренинг бағдарламасына кіретін жаттығулар, ойындар, міндетті рәсімдер олардың мінез-құлқын түзету құралы ретінде әрекет етеді. Адам басқа адамдар жинаған тәжірибені пайдалана отырып, өз мінез-құлқын еркін меңгеру мүмкіндігін түсіне бастайды. Тренинг аналитикалық белсенділікті ынталандырады, талдау құралдары мен әдістерімен қаруландырады және осы тәсілдің артықшылығын айқын көрсетеді.

4. *Тренингтер болашақ мамандардың дайындығы мен іскерлік мансабының әртүрлі кезеңдерінде қолданылады*. Ұйымдарда олар өздерін жақсы көрсетеді және жас мамандардың қызметке бейімделуін жеделдетеді. Кәсіби дайындықтағы олқылықтарды жою және мінез-құлықтың тиімсіз түрлерін жеңу; жаңа технологиялар мен еңбек әдістерін оқыту мақсатында қолданылады.

«Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы» атты психологиялық-тренингтік бағдарламасының негізгі теориялық қағидалары мыналар болып табылады:

- кәсіби-тұлғалық сапаларды дамыту жаттығулары, яғни даму пәні болуы мүмкін;

- жаңа немесе жаңартылған кәсіби-тұлғалық сапалар алдымен жаңа психикалық күйлер түрінде пайда болады, содан кейін шартты (модельдік) жағдайларда бекітіледі, одан әрі нақты кәсіби жағдайларға ауыстырылады;

- кәсіби тренинг – бұл еңбек дағдыларын көрсету техникасы, кәсіби психика тренингі.

Тренингтің негізгі *қағидасы* – әркім өзінің белсенді күш-жігерімен ғана жаңалыққа қол жеткізеді. Жүргізушінің міндеті – бұл мүмкін болатын

жағдайларды жасау. Әр қатысушының міндеті – топтық сабақ барысында белсенді болу.

Жалпы алғанда, кәсіби тренинг құрылымдық әрекет ретінде белгілі бір іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін оның қатысушылары мақсатты түрде өзін-өзі жетілдіру тетігін қалыптастырады деп айта аламыз.

Біз әзірлеген психологиялық-тренингтік бағдарламаның (Кесте 16) келесі сипаттамалары бар.

Бағдарлама 4 ай бойы аптасына 2-3 рет кездесуге есептелген. Жиналыстар арасындағы мұндай үзілістер, бір жағынан, топ мүшелерінің жұмысқа деген көңіл-күйін сақтай алатындай аз, екінші жағынан, үйренген дағдыларын іс жүзінде қолдана және талдай алатындай ұзақ.

Кіріспе

Дәстүр бойынша, зерттеушілер тренингтің екі негізгі функциясын ажыратады: оқыту және дамыту. Оның негізгі мақсаты – көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту.

Тренингтің негізгі міндеттері:

- ұлтжандылық, толеранттық, эмпатия сапаларын дамыту;
- аталған сапалардың өзгеру динамикасын бақылау.

Бағдарлама құрылымы

Тренингтің негізгі принципін жүзеге асыра отырып, біз П.Я.Галпериннің көзқарасын ұстанамыз, ол белсенділік мәселесін жеке тұлғаның сапаларын өзгертуге болатын іс-әрекет тұрғысынан қарастырады. Адамда белгілі бір психикалық білімді қалыптастыру үшін осы түсінікті сипаттайтын іс-әрекетті бөліп көрсету және модельдеу қажет.

Кесте 16 – Психологиялық-тренингтік бағдарлама

Сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Өткізу тренинг түрі	Әдістер
I Блок – Кәсіби сапаларды дамыту			
Сабақ -1			
1	2	3	4
Кәсіби ойлау сапалары	1. «Мен» тұжырымдамасын дамыту 2. Қатысушылардың өзін өзі тану, күшті және әлсіз жақтарын анықтап біріктіру, басқа да қатысушылармен көру	Психотерапиялық тренинг	«Сыйлық жасау» жаттығуы «Менің күшті жақтарым» Шетелдік жаттығуы Бейвербальді тыңдау Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -2			

16 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	1. Развитие креативности участников; 2. Развитие отдельных компонентов креативности, в том числе: оригинальность (оригинальность), любознательность, воображение, интуиция (интуиция)	Навыков ый тренинг	«Ассоциация» Крылатые выражения Завершение картинок Составление словаря или аббревиатуры Рефлексия-обратная связь
Сабақ -3			
	1. Intellegence development. 2. Develop student's cognitive knowledge and general ability to solve problems	Business training	"Brainstorming ", Crossword "Pedagogical professionalism" Activity " <u>Nine points by four straight lines</u> " Activity "Making proverbs " Feedback
Сабақ -4			
	1. Қатысушылардың аналитикалық ойлауын дамыту" 2. Қолда бар ақпаратты қолдана отырып, мәселелерді түсінуге және тиімді шешім қабылдау қабілетін көрсетуге ықпал ету	Бизнес тренинг	«Джигсо» құрастыру «Жаңа фактілер мен оқиғалармен танысу» жаттығуы «Логикалық есептер» «Quest бөлме» ойыны Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -5			
	1. Развить умения и навыки участников группы, которые способствуют личностному росту и повышению эффективности в области межличностного общения. 2. Выполнение психологических упражнений в направлении личностного роста	Социально - психологический тренинг	Упражнение " Мои недостатки " Упражнение «Я хочу изменить себя» Упражнение «Мои жизненные цели» Упражнение «Успешны человек» Рефлексия-обратная связь
II Блок –Тұлғалық сапаларды дамыту			

1	2	3	4
Сабақ -6			
The essence and content of personal qualities of undergraduates in the conditions of multilingual education (lecture)	1. Forming awareness about the personal qualities of undergraduates in the context of multilingual education; 2. Providing information on psychological aspects of the development of professional and personal qualities of undergraduates in the context of multilingual education	Business training	Brainstorming: «Personal qualities» «Self image» тренингі «Summer School» фильмі Discussion in group: «Secrets of being a leader» «Final discussion» әдісі
Сабақ -7			
«Развитие эмоциональной устойчивости».	1. Овладение навыками саморегуляции и правилами поведения в стрессовых ситуациях 2. Осознанное понимание сложившихся негативных эмоциональных состояний, снижение уровня тревожности, аффекта, фрустрации, стресса	Психотерапевтический тренинг	Упражнение «Комплимент» Упражнение «Я идеальное. Я реальное» "Букет" ("Икебана") «Мой опыт работы» (Технология Аквариум) Упражнение «Эмоция и я» Упражнение «Заключительный круг»
Сабақ -8			
Tolerance as part of personal qualities in the context of multiling	1. Магистранттардың толерантты мінез-құлқын қалыптастыру	Дағдылық тренинг	Activity "Line of success" Activity " The Flower of Tolerance " «Elder story» Activity «Negative mood video» Activity «Ресторан»

16 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
ual education			
Сабақ -9			
	1. Магистранттардың эмоционалдық ассоциациялар мен трансферттер арқылы эмоционалдық тәжірибесі негізінде басқа адамды түсіну; өз позициясын және психологиялық қашықтықты сақтай отырып, басқаның сезімін өз бетінше көрсету қабілетін дамыту		«Сезім рефлексиясы» жаттығуы «Эмпатия» жаттығуы «Ішкі дауыс» жаттығуы Рефлексия – кері байланыс
Сабақ -10			
	1. Магистранттардың ұлтжандылығын тұлғалық сапа ретінде қалыптастыру	Әлеуметтік - психологиялық тренинг	"Халық інжу-маржандары" ойыны «Ұлттық тағамдар» жаттығуы «Мақалды аяқтау» жаттығуы «Бір сөзбен айту» жаттығуы Қорытындылау
III – Магистранттардың академиялық біліктілік сапаларын дамыту			
Сабақ -11			
Магистранттардың академиялық біліктілік сапалары (дәріс)	1. Магистранттардың академиялық оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру: 2. Зерттеу дағдылары: ақпаратты іздеу, таңдау және пайдалану үшін сыни тұрғыдан ойлау; 3. Жалпы білім беру дағдылары: мәселелерді шығармашылықпен шешу, уақытты басқару және т.б.		APA Referencing Style – академиялық оқу жаттығуы Academic Essays – академиялық жазу жаттығуы «Пікірлер сызығы» жаттығуы «Қарым-қатынас аймағы». Рефлексия – кері байланыс

1	2	3	4
Сабақ -12			
	1. Тұлғалық және кәсіби дамудың күнделікті іс-әрекетке жағымды қатынасын қалыптастыру;	Бизнес тренинг	Магистранттардың оқу мотивациясын диагностикалау «Білемін, білгім келеді, үйрендім?» «Эмпатиялық хат» жаттығуы «Тренингке қатысу маған не берді» «Рахмет айту» жаттығуы Сабақтың қорытындысы

Біздің жағдайда мұндай іс-әрекет мақсатқа сәйкес келетін арнайы таңдалған тренинг жаттығуларына айналады. Әр тақырып бойынша сабақ бірнеше кезеңнен тұрады:

- а) қысқаша теориялық кіріспе;
- ә) жаттығуларды орындау ережелері бойынша нұсқау беру (іс-әрекеттің бағдарлы негізі);
- б) жаттығуларды тікелей орындау (іс-әрекеттің материалдандырылған түрі);
- в) талқылау, ол, бір жағынан, заттарға сүйенбей дауыстап сөйлеу әрекеті болып табылады, екінші жағынан, талқылау барысында түзетуге болады. Іс-әрекетті ақыл-ой жоспарында бекіту кезеңі, көптеген авторлардың пікірінше, тренинг аяқталғаннан кейін орын алады.

Әзірленген психологиялық тренинг бағдарламасы 3 блоктан, 12 сабақ түрінен тұрады, олардың әрқайсысы көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға бағытталған және өзінің мақсаттары мен міндеттері бар. Біз осы блоктарда тренинг үшін таңдалған дамыту жаттығуларына мысалдар келтіреміз.

Психологиялық-тренингтік бағдарламаның бірінші блогі көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби ойлау сапаларын дамытуға арналады.

1-ші сабақтың мақсаты: «Мен» – тұжырымдамасын дамыту». Жаттығулар топ мүшелеріне өздерінің күшті және әлсіз жақтарын жақсы түсінуге мүмкіндік береді; оларды біртұтас тұтастыққа біріктіру; олардың себептерін түсіну; оларды басқа адамдар қалай қабылдайтынын және адамдар оларды неге осылай көретінін түсіну («Сыйлық беру» жаттығуы, «Менің күшті

жақтарым», Психологиялық өмірбаян, Топтық ойын, топ ережелері, Рефлексия – кері байланыс»).

2-ші сабақтың мақсаты магистранттардың шығармашылығын дамыту. Тренингтің осы бөлігіне енгізілген сабақ түрі орыс тілінде жүргізілді, Осы бағытта жұмыс істеу тренингке қатысушыларға шығармашылық процестің кезеңдерін және шығармашылықты көрсетуге кедергі келтіретін кедергілерді түсінуге мүмкіндік береді. Осы бөлімге енгізілген жаттығулар шығармашылықтың жеке қасиеттерін жеке тұлға ретінде дамытуға арналған: өзіндік, қызығушылық, қиял, түйсігі және т.б. («Ассоциация», «Крылатые выражения», «Завершение картинок», «Составление словаря или аббревиатуры» Рефлексия-обратная связь).

3-ші сабақтың мақсаты магистранттардың зияткерлігін дамыту болып табылады. Тренингтің осы бөлігіне енгізілген сабақ түрі ағылшын тілінде жүргізілді, Осы тақырыптағы сабақтар таным мен проблемаларды шешудің жалпы қабілетін дамытуға, адамның кез-келген іс-әрекетте сәттілігін арттыруға көмектеседі. Мынадай жаттығу түрлері қолданылды. Олар: “Brainstorming”, Crossword “Pedagogical professionalism”. Activity “Nine points by four straight lines” Activity “Making proverbs” Feedback).

4-ші сабақтың мақсаты магистранттардың аналитикалық ойлауын дамыту. Тренинг қазақ тілінде жүргізілді. Тренингте қатысушылар берілген жағдаяттарды талқылай отырып, мәселелерді түсінуге және тиімді шешім қабылдайды. (Джигсо» құрастыру, «Жаңа фактілер мен оқиғалармен танысу» жаттығуы, «Логикалық есептер» «Quest бөлме» ойыны, Рефлексия – кері байланыс)

5-ші сабақтың мақсаты магистранттардың тұлғааралық қарым-қатынас негізінде тұлғаның өсуіне және тиімділігін арттыруға ықпал ететін дағдыларын дамыту. Психологиялық жаттығуларды орындау негізінде тренинг қатысушылары өзіндік табиғатын қабылдап, алдына қойған мақсатқа қол жеткізуге, өмірде өзін және өз салтын басқару дағдыларын қалыптастырады. (Упражнение “ Мои недостатки ”, упражнение «Я хочу изменить себя», упражнение «Мои жизненные цели», упражнение «Успешны человек», рефлексия-обратная связь)

Психологиялық-тренингтік бағдарламаның II-ші блогі көптілді білім беру жағдайында магистранттардың тұлғалық сапаларын дамытуға бағытталады.

6-шы сабақтың мақсаты көптілді білім беру жағдайында магистранттар “brainstorming”, «personal qualities», «self image» тренингі, «summer school» фильмі, discussion in group: «secrets of being a leader», «final discussion» әдісі жаттығулары арқылы тұлғааралық қарым-қатынасты нығайту, тұлғалық сапаларды қалыптастырады, жағымсыз көңіл-күйден арылады, өзін-өзі таниды, өзін еркін сезінеді.

7-ші сабақтың мақсаты көптілді білім беру жағдайында магистранттардың эмоционалды тұрақтылығын дамыту. Тренингке қатысушылар өзін-өзі реттеу дағдыларын және күйзелістік жағдайлардағы

мінез-құлық ережелерін меңгереді (Упражнение «Комплимент», Упражнение «Я идеальное. Я реальное» , "Букет" ("Икебана"), «Мой опыт работы» (Технология Аквариум), Упражнение «Эмоция и я», Упражнение «Заключительный круг»).

8-ші сабақтың магистранттардың толерантты мінез-құлқын дамытуға бағытталады. Магистрант тұлғалық сапа ретінде толеранттылық туралы, көптілді білім беру жағдайында толерантты өзара қарым-қатынас құру тәсілдері туралы білімін және толерантты мінез-құлқын дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеу дағдысын қалыптастырады. (Activity "Line of success" Activity " The Flower of Tolerance")

9-шы сабақтың мақсаты көптілді білім беру жағдайында магистранттардың эмпатиясын дамытуға бағытталады. Жаттығулар жиынтығы: басқа адамның қасиеттері мен жағдайларына назар аудару; эмоционалды тәжірибе негізінде эмоционалды ассоциациялар мен берілістер арқылы басқа адамды түсіну; өз позициясы мен психологиялық қашықтықты сақтай отырып, өзгелердің сезімдерін өз сезімдерін көрсету қабілетін дамытуға мүмкіндік береді (Сезім рефлексиясы» жаттығуы, «Эмпатия» жаттығуы, «Ішкі дауыс» жаттығуы, Рефлексия – кері байланыс).

10-шы сабақтың мақсаты магистранттардың ұлтжандылығын тұлғалық сапа ретінде қалыптастыру. «Халық інжу-маржандары» ойыны, «Ұлттық тағамдар» жаттығуы, «Мақалды аяқтау» жаттығуы, «Бір сөзбен айту» жаттығулары арқылы магистранттардың бойына ұлтжандылықты, төзімділікті, рухани құндылықты, рух-жігерін шыңдауға ықпал етті.

Психологиялық тренингтің III-ші блогі – магистранттардың академиялық біліктілік сапаларын дамытуға арналады

11-ші сабақтың мақсаты магистранттардың академиялық біліктілік сапалары ретінде академиялық оқу, жазу, сөйлеу дағдылары және зерттеу дағдыларын: ақпаратты іздеу, таңдау және пайдалану үшін сыни тұрғыдан ойлау, сонымен қатар жалпы білім беру дағдыларын (мәселелерді шығармашылықпен шешу, уақытты басқару және т.б.) дамыту. АРА Referencing Style – академиялық оқу, Academic Essays – академиялық жазу, «Пікірлер сызығы», «Қарым-қатынас аймағы», рефлексия – кері байланыс **жаттығулары арқылы магистрант ғылыми ақпараттарға, талдау жасауды, ғылыми мәтіндерді құрастыруды жүзеге асырады.**

12-ші сабақтың мақсаты көптілді білім беру жағдайында магистранттың тұлғалық және кәсіби дамуда жеке тұлға ретінде ынталандыруға, өз қажеттіліктерін оятуға, сондай-ақ, күнделікті іс-әрекетке өзіндік құндылықтарын бағдарлауға, жағымды қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әр блок бойынша бөлінген психологиялық жаттығулар әр блоктағы жаттығулармен қиылысқанын және дискретті сипатына ие болды. Сабақ барысында біз К.Дункер, С.И. Макшанов, А. Осборн, К. Рудестам, Р. Смед, Р. Стенберг және Н.Ю. Хрящеваның авторлық және модификацияланған жаттығуларын қолдандық.

Мысал ретінде, тренинг жүргізуші кәсіби ойлау сапаларды дамытатын тренингтеріндегі өзгеріс динамикасын келтіреміз. Өзгеру динамикасына берілетін ақпараттың қаншалықты толық және бұрмаланусыз қабылданғандығы немесе әңгімелесушілер бір-бірін қаншалықты жиі бөлгені ғана емес, сонымен қатар олардың өзара орналасуы, тыныс алу жиілігі, бет-әлпеті және басқа да вербальды емес белгілері бойынша байқауға болады.

Топтық сабақтар көптілді топта магистранттың кәсіби ойлау сапаларын дамытудан басталды, содан кейін басқа сапаларға жүгінді, қажет болған жағдайда оған қайта оралды. Кәсіби ойлау дамытуға арналған жаттығуларды орындау кезіндегі тренингке қатысушылардың мінез-құлқына мысалдар келтірейік.

1-САБАҚ

Тренинг қатысушыларына келесідей сұрақ қойылды: *«Мен кіммін?»*. Көпшілігіндегі бірінші реакция: *«Магистрант»* түрінде болды. Содан кейін біреуі адал, **кішіпейіл, шыншыл, зияткер, шығармашыл магистрант деген жауаптар** белгілі болды. Келесі сұрақ: *«Магистрант ретінде бойыңызда қандай кәсіби қасиеттер бар?»* көпшілігі күмәнсіз *«ғылыми зерттеуші»* деп жауап берді. Мұны тексеру үшін оларға бірінші сабақтың негізгі тақырыбы бойынша **«Мен» тұжырымдамасына** шағын тапсырма ұсынылды. Тренингтің қатысушылары өзін маман, кәсіби педагогикалық шеберлікті игерген, жас ғалым, көптілді тұлға ретінде сезінуі керек.

Бұл тапсырманы орындау жеті минутқа созылды, нәтижесінде магистранттың үш түрлі мамандығына, кәсіби ойлауы, көптілді тұлға ретінде қалыптасқан қарым-қатынасы алынды. Тренингке қатысушыларға оның нәтижелерін өз бетінше талдау ұсынылды, дегенмен *«Менің күшті және әлсіз жақтарым»*, *«Кәсіби түрде шетелдік (ағылшын) тілінде сөйлеймін, бәсекеге қабілетті»* немесе *«Көптілде меңгерген ғалым»* деген сөздер айтылды.

Осылайша, біз екі негізгі ойды анықтадық: көптілде меңгерген магистранттың зияткерлік, эрудициясы жоғары деңгейде қалыптасқанын, «менің өмірбаяным» жаттығуы магистранттардың оқуға және кәсіби өзіндік тиімділігін қалыптастыруға әсер етеді.

Келесі жаттығу теориялық кіріспесіз орындалды.

«Шетелдік» жаттығуы. Жұпта орындалады, топтың қалған мүшелері сұрақтар қояды. Тапсырма: басты кейіпкерлердің бірі (оның қатысушылары) сұраққа жауап береді (ол «Шетелдік» болып көрінеді және түсініксіз тілде сөйлейді), екіншісі («Аудармашы») қысқа-қысқа, бірақ дәл айтылғанды жеткізуі керек. Аударма кезінде кездесетін типтік қателіктерге мысалдар келтірейік.

1-сабақ хаттамасынан:

Біздің университетте сізге не ұнады?

Шетелдік (Ш): *(ағылшын тілінде)* I am very glad to come to your universities. I have heard and read a lot about your university. I was very impressed by the teachers and groupmates at the university, they are kind and compassionate

and always ready to help. The hospitality of the Kazakh people is known all over the world. They are...

Аудармашы (А): Иә тоқта сен, аударуға мүмкіндік бер. (Үзіліс). Қысқасы, ол бізде бәрі жақсы, әсіресе адамдар оған ұнады дейді...

Айтыңызшы, сіз магистрант оқу бітіргенде қандай сапаларды игеруі керек?

Ш: О-о-о! I think for MA students in the context of multilingual education they must have the personal values which contains a linguistic image of the world and culturological that includes rules of verbal and nonverbal behavior determined by the culture facts of the language, how about personality, it reflects individually psychological properties and socially typed personality qualities, which represent a person's ability to speech and language activity together. Аудармашы: тұрғанды аударыңыз).

А: мен және американдықтар үшін жеке тұлғаның құндылықтары, мәдени сапа, психологиялық ерекшеліктері

Көптілде оқытудың ең жақсы жүйесі қай елде деп ойлайсыз?

Ш: Unfortunately, I don't know much about how to teach them in our country, but I think European students get the best training.

А: Көптілде оқытудың жүйесін Европада жақсы дайындайды.

Талқылау барысында аудармалар дәл емес екендігі белгілі болды. Кейде аудармашы өзінен бір нәрсе қосады, кейде бір нәрсені жіберіп алады. Бірінші фразаның аудармасы дәл емес сөзбе сөз аудармаған. Екінші рет аудармашы бәрін айтпады, шетелдік көптілді ортада қалыптасатын магистранттардың тұлғалық сапааларын атады. Кәсіби тұрғыда қандай сапа болу керек екенін атаады. Үшінші мысал аудармашының хабарламаның мағынасын қалай бұрмалағанын көрсетеді. Шетелдік Европада көптілді оқытудың жүйесі басқа елдерге қарағанда жақсы оқытады деп мүлдем айтқан жоқ.

Сондай-ақ, талқылау барысында аудармашыға да оңай болмағаны белгілі болды, өйткені ол шетелдікті іс жүзінде көрмегендіктен, визуалды байланыс болмады (олар жақын жерде, топпен бетпе-бет тұрды).

Осылайша, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби ойлау сапасын дамытуда тілді ғана меңгеру емес, мәдениет туралы түсінікке ие болуға, әртүрлі тілдер мен мәдениеттер жүйелерінің ерекшеліктерін білуге тұлғалық құндылықтарын анықтауға, сыни тұрғыдан ойлауға, коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететінін байқадық.

Осы күні өткізілген тағы бір жаттығу «Бейвербальді тыңдау» деп аталады. Қатысушылар жұпқа бөлінді, олардың бірі үш минут ішінде эмоционалды әсерлі мәтінді айтты. Тыңдаушылардың нұсқаулары әртүрлі болды (сөйлеушілер бұл туралы білмеді). Біреулерге мұқият тыңдап, есте сақтауларын, басқаларына – сөйлеуден алшақтатып, сөйлеушінің мимикасы мен пантомимасын көшіріп алуды сұрады. Содан кейін тыңдаушылардан естіген хабарламаларын айту сұралды.

Талқылау барысында топтың пікірінше, барлық тыңдаушылардың есептері шамамен бірдей болды, олар негізгі хабарламаны жеткілікті түрде

жеткізді, бірақ әлі де нақты болмады. Сөйлеушінің бейвербальді мінез-құлқын көшіргендер үшін жауаптар одан да толық және дәл болды. Сөйлеушілердің кері байланысы бірауызды болды: әңгімелесушінің ым-ишараты пен бет-әлпетін қайталау оңай болды. Бұл жағдайда сөйлеуші өзін жайлы сезінді, оның сөйлеуі аз және кідірістер аз болды. Сондай-ақ топтағы тыңдауға нұсқау алғандардың кейбірі спикердің күйін еріксіз қабылдағанын байқады. Осылайша, біз хабардың мағынасын неғұрлым сәйкес түсіну және сөйлеуді ынталандыру үшін тек тыңдау жеткіліксіз, сонымен қатар сөйлеушінің қалпын немесе оның мимикасына бейімделу керек екенін анықтадық. «Реттеу» ұғымы енгізіліп, оның түрлері талданды. Сабақ соңында топқа өмірдегі түзетулермен тәжірибе жасау және олардың байланысының қалай өзгеретінін қадағалау тапсырылды.

Тыңдауға арналған жаттығуларға оралмас бұрын топқа бейвербальді қарым-қатынас туралы теориялық материалдар ұсынылды. Олар адам туралы негізгі ақпаратты бейвербальді қарым-қатынас арқылы алуды, қарым-қатынас жасау үшін орын мен уақытты таңдаудың маңыздылығы, кеңістікті ұйымдастыру және қарым-қатынас мақсатына байланысты өзара орналасу туралы білді. Әңгімелесушінің әртүрлі мимикалық және пантомимикалық реакциялары нені білдіруі мүмкін екендігі (мысалы, басым, ашық немесе жабық қалыптар және басқалары), тыныс алу мен қалыпқа бейімделу туралы мағлұмат алды. Сондай-ақ олар рефлексивті және рефлексивті емес тыңдау, сөйлесу техникасы, әңгімелесуші жағдайының вербальді белгілері туралы білді.

2-САБАҚ

«Шығармашылықты дамыту» жаттығуы. Бұл сабақ орыс тілінде өткізілді. Топ жұпқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы «Ассоциация», «қанатты сөздер», «суретті аяқтау», «сөздік немесе қысқартылған сөздік құру» жаттығулары арқылы шығармашылық әрекетінің даму нәтижесін рефлексия-кері байланыста талқыланды. Мұндай әрекеттер шығармашылық тұрғыдан шешімді бірлесіп іздеу, өзін-өзі көрсету, көңіл-күйі мен сезімін таныту, рухани мәдениеті мен интеллектісін дамыту, креативтілігін жүзеге асыру, адамдар арасындағы өзара түсінісуіне әсер етті.

Бұл жаттығуды талқылау барысында сөйлеушілердің бәрі өздерін ыңғайсыз сезінгені және үнемі монологін үзгісі келетіні белгілі болды. Әсіресе, оларға өз ойларын орыс тілінде жеткізу болды. Орыс тілінде көркем немесе ғылыми мәтінді жасау арқылы және еркін ғылыми тілде еркін сөйлеу бөлігі кездейсоқ ойлап тапқан жоқ болатын. Өз ойларын қарым-қатынас қабілеті дәл және орынды білімді, мәдениетті адам ретінде адам сипаттайды. Осылайша, көптілді топта магистранттарды ғылыми стильде шығармашылықты қалыптастыру сөйлеушіге ғана емес, тыңдаушыға да кедергі келтіретінін байқадық.

«Үлгі» жаттығуы. Топ екіге бөлінеді. Топтың жартысы жұпта эмоционалды достық әңгімеге қатысады. Екінші жартысында бірі екіншісін бір нәрсеге сендіруі керек. Алғашқы 1,5-2 минут қатысушылар тұрып, содан

кейін 2 минут біреуі отырады, екіншісі тұрып, керісінше, 2 минут бір-біріне қарама-қарсы отырады. Позициялардың өзгеруі жүргізушінің белгісімен жүреді.

Талқылау барысында тренингке қатысушылар қарым-қатынас туралы өз сезімдерімен бөлісті. Сөйлеуші мен тыңдаушының көздері бірдей деңгейде болған кезде достық қарым-қатынас тиімді екендігі белгілі болды. Әңгімелесушілер тұр ма, отыр ма, маңызды емес. Егер эмоционалды қарым-қатынаста бір әңгімелесуші тұрса, ал екіншісі отырса, онда қарым-қатынас үні өздігінен нұсқаулық болып өзгереді және сөйлеу күшейеді. Сондай-ақ, осы жаттығудың барлық қатысушылары өзара келісімді өзгертуге және үйлесімді позицияларда (екеуі де отырады немесе тұрады) қарым-қатынасты жалғастыруға ниет білдірді. Қарым-қатынас мақсаты сұқбаттасушыны бір нәрсеге сендіру болған кезде, сендіруші серіктестің позициясына қарамастан тұрса, өзін әлдеқайда жақсы сезінеді. Бірақ егер сенуші адам бір уақытта отырса, онда байланыстың тиімділігі аз болып шығады, өйткені оған қысым жасағандай көрінеді. Ешкім отырғысы келмеді. Сендірген адамда тұруға деген ұмтылыс әрдайым оны отыруға мәжбүр болған кезде пайда болады. Сенуші адамдар сендіргенде ғана тұрғысы келді.

Талқылау барысында топ байланыс серіктесін жақсы түсіну үшін сұқбаттасушылардың көзі бір деңгейде болуы керек деген қорытындыға келді. Осы тұжырымды нақты қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларына қолдана отырып, мысалы, тренингке қатысушылар ата-аналар кішкентай баласын тыңдап, түсінгісі келсе, олар не еңкейіп, не көздері бірдей деңгейде болатындай етіп көтеру керек деп шешті.

3-САБАҚ

«**Pedagogical professionalism**» жаттығуы. Сабақ барысында магистранттар педагогикалық кәсібилік және көптілді білім беруде педагогикалық кәсібилік туралы талқылап кроссворд құрастырады, сонымен қатар педагогикалық кәсібилік туралы мақал мәтелдер құрастырады. Олар мимикалық және пантомимикалық реакцияларды көрген адаммен әңгімелесуге дайын болды. Көрермендер дыбыс көзін экранға бейсаналық түрде ауыстырған кезде «кинотеатр эффектісі» жұмыс істеді, дегенмен, шын мәнінде, бұл екі жақтағы сөйлеушілерден естіледі.

Сонымен, біз қарастырған мысалдар негізінен кроссвордқа қатысты. Біз бұл жаттығуларды таңдау себебіміз, өйткені топ мүшелері кездескен негізгі мәселе зияткерлікті қайта құрумен байланысты болды. Егер топ жұмысы аяқталғаннан кейін студенттердің көпшілігі ауызша хабарламаны адекватты түсіндіруді үйренсе («Зейінді тыңдаушы» жаттығуы топ жұмысының әр түрлі кезеңдерінде бірнеше рет өткізілді; бастапқыда оң нәтиже алу үшін қатысушыларға 8-10 әрекет қажет болды, содан кейін 5-6), содан кейін бейвербальді мінез-құлықты автоматтандыру баяу жүрді және бәрі бірдей нәтиже бере алмады. Қарым-қатынас кезінде өзінің қалпын және көзқарасын үнемі қадағалап отыру қажеттілігі алдымен бәріне кедергі келтірді. Содан кейін кейбір маистранттар автоматты түрде реттеуді үйреніп, бақылауды өз

қолдарына алды. Осылайша, осы жаттығулар блогының нәтижесінде магистранттардың кейбіреулері өздерінің барлық ресурстарын пайдалана отырып, тиімді қарым-қатынасты (соның ішінде кәсіби ойлауын) дамытты, және барлығы дерлік тек тікелей емес, олардың айтқандарының мағынасын, айтылған фразаның мағынасын түсіне бастады.

Психологиялық-тренингтік бағдарламада берілген терминдік ойын-жаттығулар, тапсырмалар көптілді білім беру жағдайында магистранттардың танымдық білімдерін, кәсіби ойлауын, академиялық біліктерін дамытуға ықпал етті.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесінің *екінші* сатысы – *біліктілік*.

Әдістеменің біліктілік сатысында айқындалған 2-нші психологиялық-педагогикалық шарт (Кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық» іс-қимыл сұлбасында жүзеге асыру) іске асырылады. Осы мақсатта «**Y research discussion club**» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) Ережесі және клубтың іс-шаралар жоспары жасалды және практикаға ендірілді.

«**Y research discussion club**» ерекшелігі – үш бағыттан тұрады: мәдениеттанушылық, ғылыми-зерттеушілік, тілдік-семантикалық. Магистранттар іс-шаралар жоспарына сәйкес үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) белгіленген бағыттар бойынша арнайы тақырыптарда жүргізген ықшам зерттеулерінің нәтижесін ұсынады. Осы нәтижелерді клуб қатысушылары талдайды. Клубтың мүшелері болып эксперимент тобының магистранттры табылады. Клубтың мүшелері аптасына бір рет кездеседі.

Мақсаты:

Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын (танымдық білім, кәсіби ойлау, академиялық білік, эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық) дамытуда көптілді білім берудің маңыздылығын «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық» сұлбада жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Ұлт мәдениетінің ерекшеліктеріне талдау жасау;
- әрбір ұлт тілінің қадір-қасиетін түсіндіру;
- ғылыми-зерттеу алгоритмінің ерекшеліктеріне талдау жасау, академиялық дағдылардың ғылыми-зерттеудегі мәнін ашу;
- көптілділіктің болашақ маманның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудағы маңызын ашу;
- коммуникативті, тұлғаралық, ұлтаралық қарым-қатынастардың арақатынасын, ұқсастығы мен айырмашылығына талдау жасау;
- толеранттылық, эмпатия біліктерін дамыту және т.б.

Кесте 17 - «Y research discussion club» (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) жоспары

Бағыты	Тақырыбы	Формасы	Әдістері
1	2	3	4
Мәдениеттанушылық	National holidays (Мейрамдар): <i>ағылшын тілінде:</i> Christmas Day, New Years Day, Easter Monday, Boxing day, May Day. <i>қазақ тілінде:</i> «Наурыз», «Құрбан айт», «Ораза айт» • <i>орыс тілінде:</i> 7 января - Рождество Христово, 1 мая - Праздник Весны и Труда, 8 марта - Международный женский день	Семинар	INSERT RAFT
	National stereotypes (the national characteristics of mentality and character) <i>ағылшын тілінде:</i> «The British through the eyes of foreigners» <i>қазақ тілінде:</i> Қазақстан шетелдік көзімен <i>орыс тілінде:</i> Россия глазами иностранцев	Коучинг	Қосжазба күнделігі
	National culture <i>ағылшын тілінде:</i> Outstanding people of Great Britain <i>қазақ тілінде:</i> Қазақстанның белгілі тұлғалары <i>орыс тілінде:</i> Культура моей страны в стихах, песнях, художественных произведениях, юморе»	Дөңгелек үстел	«Галереяны шарлау»
	National cultural values <i>ағылшын тілінде:</i> Youth national values <i>қазақ тілінде:</i> Ұлттық құндылықтар <i>орыс тілінде:</i> Существуют ли национальные ценности молодежи?»	Дебат	«Джигсо» әдісі

1	2	3	4
Ғылыми-зерттеушілік	<i>ағылшын тілінде:</i> English is a language of the world <i>қазақ тілінде:</i> Қазақша ғылым тілін дамытудағы қазақ зиялыларының орны <i>орыс тілінде:</i> «Роль национального языка в условиях полиязычия»;	Дөңгелек үстел	«Зерттеушілік конференциясы» әдісі
	<i>ағылшын тілінде:</i> Religions and national values education <i>қазақ тілінде:</i> <u>Ұлттық құндылықтар – білім бастауының қайнар көзі</u> <i>орыс тілінде:</i> Образование-процесс передачи накопленных поколениями знаний, опыта и культурных ценностей.	Seminar	«Эссе» немесе «Еркін әңгіме» әдісі
	<i>ағылшын тілінде:</i> Famous educators <i>қазақ тілінде:</i> Педагогикаға үлес қосқан ойшылдар мен ғалымдар. <i>орыс тілінде:</i> Развитие педагогической научной школы	Tutorials	«Дауыстап ойлау» әдісі
	<i>ағылшын тілінде:</i> Reseach design <i>қазақ тілінде:</i> Зерттеу әдістері мен зерттеу дизайнының айырмашылығы <i>орыс тілінде:</i> Информационный дизайн диссертации	Seminar	«Үштік» әдіс
Тілдік семантикалық	<i>ағылшын тілінде:</i> Which English words do not have equivalents in other languages? <i>қазақ тілінде:</i> Қазақ тіліндегі аударылмайтын сөздер <i>орыс тілінде:</i> 13 русских слов, которые трудно объяснить иностранцам	Tutorials	«Өрмекші» әдісі

1	2	3	4
	<p><i>ағылшын тілінде:</i> The role of English as a global language</p> <p><i>қазақ тілінде:</i> Тілдің қоғамдық мәні.</p> <p><i>орыс тілінде:</i> «Роль языка в жизни общества и каждого человека»;</p>	Дөңгелек үстел	«Шеринг» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринаова)
	<p><i>ағылшын тілінде:</i> Promoting multilingual approaches in teaching and learning</p> <p><i>қазақ тілінде:</i> «Көптілділік – заман талабы»</p> <p><i>орыс тілінде:</i> <i>Полиязычие в Казахстане - отражение глобализации образования</i></p>	Дебат	«Шахмат» әдісі
	<p><i>ағылшын тілінде:</i> Language issues in multilingual educational contexts</p> <p><i>қазақ тілінде:</i> Көптілді білім беру жағдайында кездесетін тілдік мәселелер</p> <p><i>орыс тілінде:</i> Актуальные проблемы современного образования в условиях полиязычия</p>	Коучинг	«Фишбоун» әдісі

«**Y research discussion club**» іс-шаралар жоспарында 12 тақырып берілді. Әрбір тақырып үш тілде талқыланды. Тақырыптар бойынша түрлі әдістер оның ішінде: INSERT, RAFT, Қосжазба күнделігі, «Галереяны шарлау», «Джигсо» әдісі, Зерттеушілік конференциясы» әдісі, «Эссе» немесе «Еркін әңгіме» әдісі, «Дауыстап ойлау» әдісі, «Үштік» әдіс, «Өрмекші» әдісі, «Шеринг» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринаова), «Шахмат» әдістері қолданылды. Әр сабақта **workshop, debate, coaching, tutorials, mentoring** формаларда жүргізілді. Сонымен қатар **дәстүрлі, интерактивті, диалог, өзара-әрекеттестік** әдістер қолданылды.

Осы клубта атқарылған іс-шаралар әртүрлі мәденитанушылық, тілдік-семантикалық және ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан алынған материалдарға талдау жасауға, өзінің көзқарасын білдіруге, көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын арттыруға, ғылыми-педагогикалық іскерліктерін дамытуға ықпал етті. Мысалы:

Мәдениеттанушылық бағытында 1 тақырып («National holidays», «National cultural values» және т.б.) 3 тілде алынды, магистранттар әр ұлттық мереке және оның дәстүрлі әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіндегі орны туралы, жалпы этникалық топтың дәстүрлі құндылықтарына жіті көңіл бөлінуімен қатар салт-дәстүрді сақтау мен жеткізу ғана емес, жастардың ұлттық болмысын қалыптастырудың бір құралы екені анықталды. Магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары қолданылған эксперименттік топтарда едәуір өзгерістерге қол жеткізілгені байқалады. Атап айтқанда эксперимент тобындағы магистранттардың *топтық іс-шараларда аса белсенділік көрсетуі*, сыни жағдаяттарда толерантты ұстанымын анықтайтын тілдік тәсілдерді, стилдерді, құзыреттерді жинақтауға мүмкіндік берді. Жоғары оқу орнынан кейінгі мектепке қатысты көптілді білім беруді тілдік, ұлттық-мәдени құндылықтар мен жеке тұлғаны тәрбиелеу идеалдарын кіріктіретін жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік көрсетті.

Ғылыми-зерттеушілік бағытында жас зерттеуші «Research design» атты тақырыбы бойынша өзінің ғылыми ойын бөлісетін орта болып саналды. Магистрант зерттеу тақырыбына сәйкес талқыланатын зерттеу проблемалары, көптілді білім берудегі көкейкесті мәселелері бойынша магистранттардан әдіснамалық-теориялық білімдер мен біліктерді талап етуі нәтижесінде олардың өздігінен көп ізденуіне жүзеге асыруына ықпал етті. Нәтижесінде магистранттардың кәсіби сапалары ретінде зерттеушілік қызметінің құндылығы, психологиялық қолайлы ортада қиялын дамыту мүмкіндігін даытуға әсер етті.

Тілдік семантикалық бағытында магистранттар көптілді білім беру жағдайында тілдің қазіргі қоғамда алатын рөлін түсініп, өскелең ұрпақты, көптілді тұлға болып қалыптасуына, өзге тілдерді үйренуі арқылы басқа елдерге төл мәдениетін, ұлттық рухани мұрасын таныстыруға өз үлесін қосады. Мысалы: «Қазақ тіліндегі аударылмайтын сөздер» тақырыбында магистранттар қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын түсіндіріп, басқа орыс тіліне, ағылшын тілінде аударуға тырысты. Атап айтқанда: «Айналайын» бұл сөздің мағынасы: "Айналайын, құлыншағым, абайла!", "қылықтарынан айналайын", "Аллам бере салған, айналайыным" және сол сияқты нәзік, жылы сөздермен немерелерін еркелетіп, мәпелеп жататын аталарымыз бен әжелеріміздің еркелетіп айтатын сөз тіркесі. Сонымен қатар, қазақтың біртуары Олжас Сүлейменов атамыздың өлең жолдарында «Айналайын» сөзінің мағынасы ерекше орын алады.

Айналайын,
Келсе орайы,
Қолайы,
Сенің үшін жаным пида, толайым –
Дейді қазақ ұл-қызына қымбатты,
Айналайын, О, Қара жер, айналшы,
Мен өлейін бірге өзіңмен айналып. –

«Айналайын» сөзінің түп тарихи мағынасы: қазақ отбасында кішкене бала, сырқаттанса әкесі, анасы немесе егде жастағы адам сол баланың сауығып кетуіне, дертінен айығып, жанын аман алып қалу үшін киіз үйдің дәл ортасына науқасты жатқызып, үш мәрте айналып, есікке келген сәтте "айналайын" деп дауыстайды екен. Осы ырымнан кейін, ең қызығы, бала сауығып, сол ырымы жасаған қарт ауруға шалдығып немесе жан тәсілім ететін болыпты. Қазақ содан бері осы асыл сөзді ұмытпай, балаларына "Айналайын" деп еркелетеді. Бұл ырым "Сенің жолыңда менің жаным құрбан", "сенің мұңыңды маған берсін" дегені. Осы бір ғана «Айналайын» сөзінде қаншама тылсым, жанашырлық, мейірімділік пен балаға деген шексіз махаббат жатыр. Айналдыру - ежелгі дәстүрдің сарқыншағы болғанымен, мұның артында түркі дәуірінен келе жатқан сенім тұр. Осы тұста сөз қадірін жетік түсіне білген Кәкімбек Салықовтың:

"Бүкіл әлем сөйлегенде бір тілде,

"Айналайын" деген сөзді сақтармыз" деген өлең жолдарының түпкі ұғымында терең мағына жатқанын магистранттар сабақ барысында түсіне алды. Сонымен "айналайын" сөзі ешбір өзге тілге аударар да, өзге ұлтқа түсіндіре алмайтынын олар байқады. Қазақ тілінен басқа тілге тек қана «айналайын» сөзі ғана емес, біршама сөздер бар екенін байқады. Олар: «бауырым» сөзбе сөз орысша аударғанда (мой печень), ал нақ мағынасы дәстүрлі ортада бір әке-шешеден туған қимас жанды, орны ерекше туысқанды атайды. Сонымен қатар, басқада сөздерді атап өтуді жөн көрдік. Олар: «текті», «қадірсізденгеніңіз-ай», «өгейсіну» және т.б.

Осылайша көптілді білім беру жағдайында орындалған психологиялық тренингтің түрлі жаттығулары магистранттардың тұлғалық сапа ретінде ұлтжандылығын, өз ана тіліне құрметпен қарауды дамытуға ықпал етті.

Әдістеменің *тұлғалық* сатысында айқындалған 3-нші психологиялық-педагогикалық шарт (көптілділікті ұлтаралық мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгерту) жүзеге асырылады. Осы мақсатта «**International education**» халықаралық жобасы жүзеге асырылды.

«**International education**» жобасына жалпы сипаттама: Бұл жоба Эрланген мен Нюрнбергтегі Фридрих-Александр атындағы университеттің, FAU (Friedrich-Alexander-Universität Erlangen-Nürnberg, Germany) білім берудегі көптүрлілік педагогикасы және халықаралық зерттеулер кафедрасы және Абай атындағы ҚазҰПУ-мен бірлестігі негізінде жүргізілді.

Жобаның мақсаты – көптілді білім беру жағдайында сабақ беретін кәсіби мамандарды даярлау мәселесін зерттеу және мәдени диалогқа үлес қосу.

Жобаның міндеті – көптілді білім беру жағдайында құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда педагогикалық кәсібилігін жетілдіру.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- “Pedagogical professionalism and language(s) in the context of multilingual education” (Көптілді білім беру жағдайындағы педагогикалық кәсібилік)

- “Intercultural communication in the context of multilingual education” (Көптілді білім берудегі мәдениетаралық қарым-қатынас)

- “Potential of dual models of professional training of educators and the link between theory and practice in the context of internationalisation and cooperation with non-university actors” (интернационалдандыру және университеттен тыс ұйымдармен әріптестік контекстінде педагогикалық білім берудің дуальды модельдерінің әлеуеті).

Кесте 18 - «International education» халықаралық жобасының жұмыс жоспары

<p>“Pedagogical professionalism and language(s) in the context of multilingual education”</p> <p style="text-align: center;">1</p>	<p>“Intercultural communication in the context of multilingual education”</p> <p style="text-align: center;">2</p>	<p>“Potential of dual models of professional training of educators and the link between theory and practice in the context of internationalisation and cooperation with non-university actors”</p> <p style="text-align: center;">3</p>
<p>16th April 2021 First Project Meeting including all project participants</p>		
<p>28.05.2021 Workshop 1: Systems of education and (DE, KZ, AZ) and current developments with the focus on language(s) in the context of internationalisation</p>	<p>22.05.2021 Workshop 1: Pedagogical professionalism and the role of intercultural /international/global competence in school education</p>	<p>26.05.2022 Workshop 1: Systems of education (DE, KZ, AZ) and current developments with the focus on dual models of professional training of educators and the link between theory and practice in the context of internationalisation and cooperation with non-university actors</p>
<p>11.06.2021 Workshop 2: Meeting with Mr Rekhat Ariel</p>		
<p>02.07.2021 Workshop 3: Pedagogical professionalism and language(s) in the context of internationalization”</p>	<p>02.07.2021 Workshop 3: “Forming students’ intercultural Competences on students by teaching English authentic texts”</p>	<p>25.06.2021 Workshop 3: “Theory and practice of dual education”</p>

1	2	3
10.09.2021 Workshop 4: “Research strategies in multilingual settings: the perspective of Comparative Education on pedagogical terminology”		
September 2021 Visit of the delegation of FAU to KazNPU/ virtual visit with the participation of representatives of ASPU		
27.09.2021 Workshop 5: The benefits and challenges of multilingual education	27.09.2022 Workshop 5: Education, Culture and Religion.	24.09.2021: Workshop 5: Workshop “School and education”
28.09.2022 Master class: Using CLIL technologies with students of non-linguistic specialties"		
29.09.2021 Seminar: Monitoring the quality of education of students of the Abai KazNPU University		
29.09.2021 Seminar: “Digital technologies in the process of education” Discussion with participants in teacher education program.(networking opportunities)		
01.10.2022 Master class: Abay – Shakespeare”, “Abay - Goethe”		
29.09.2021 Seminar: “Digital technologies in the process of education” Discussion with participants in teacher education program.(networking opportunities)		
November 2021 Conference “Pedagogical Professionalism and Internationalisation – Dialogue with the Post-Soviet Islamic Education Space” visit of the delegation of KazNPU to FAU/ virtual visit with the participation of representatives of ASPU		
14.11.2021 "Foreign Cultural and Educational Policy and Actors of International Cooperation in Education."	12.11.2021 German-Kazakh Cultural Dialogue in Germany	11.11.2021 Workshop 6: “Internationalisation and International Profiling of Schools” 16.11.2021

1	2	3
		Virtual Visit at the UNESCO Project School Sigmund-Schuckert Gymnasium
Seminar “Spheres of Activity in International Cooperation – Non Formal Activities of International Education”		
Evaluation and final report		

Бірлескен жоба, дәріс-конференция, virtual visit, воркшоп (workshop), семинар, мастер класс формалары жүргізілді.

Өзарабайланыстық, әріптестік, ынтымақтастық әдістері қолданылды.

Жоба қатысушылары онлайн форматында, 6 аптада 1 рет, ZOOM платформасында кездесіп отырды. Кездесу барысында психологиялық қолайлы ортада магистранттар оқу-танымдық, шығармашылық, зерттеушілік әлеуетін көрсете алды.

Әсіресе, “Pedagogical professionalism and language(s) in the context of internationalization” тақырыбында ұйымдастырылған воркшоп (workshop), магистранттардың шығармашылық тұрғыдан шешімді бірлесіп іздеу, өзін-өзі көрсету, көңіл-күйі мен сезімін таныту, рухани мәдениеті мен интеллектісін дамыту, креативтілігін жүзеге асыру, адамдар арасындағы өзара түсінісуге, мотивациясын дамытуға ықпал етті.

“Digital technologies in the process of education” тақырыбындағы семинар креативтік іс-әрекет тұрғысынан әлеуметтендіру үдерісінің тиімділігін, өндіріс дамуының инновациялық сипатын арттыруда сандық технологияларды меңгеру магистранттардың жеке мотивациясын дамытуға қамтамасыздандырды.

Бұдан басқа да мастер класс сияқты кездесу магистранттардың ғылыми ойын бөлісуге, CLIL технологиясын қолданудың кейбір мәселелерін талқылаудың ортасы болып саналды. Осы зерттеу проблемалары, көптілді білім беруде педагогикалық кәсібиліктің дамытудың көкейкесті мәселелердің магистранттардан әдіснамалық-теориялық білімдер мен біліктерді талап етуі нәтижесінде олардың өздігінен көп ізденуіне ықпал етті.

Нәтижесінде көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуын халықаралық жоба аясында атап айтқанда, танымдық сапалары, кәсіби ойлауы, толеранттылық сапасы өзара іс-әрекетте көрсетуіне мүмкіндік туды.

3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

Бүгінгі қоғам талаптарынан туындаған нарық сұранысы көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының жоғары болуын талап етеді. Магистранттар өз пәнінің мазмұны мен мәнін шындай алумен қатар кәсіби-тұлғалық сапасының айқын болуы тиіс. Сондықтан да, эксперимент барысында біз зерттеудің ұсынылған болжамын практикалық түрде тексеру мақсатымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргіздік. Эксперимент болашақ ғылыми педагогикалық кадрлердің көптілді білім беру жағдайында теория және практика тұрғысынан кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға арналып жасалған құрылымдық-мазмұндық модельді тәжірибелік-практикадан өткізуге бағытталды. Теориялық модель компоненттерінің мазмұндық сипаты және оның тиімді қолданылуы тәжірибеден өткізіліп, оның жоспары әзірленді. Жоспарға сәйкес, эксперимент кезеңдері айқындау, қалыптастырушы және қорытындылау деп алынды.

Эксперимент университеттің «**Педагогика және психология**» және «**Педагогикалық өлшемдер**» мамандықтарында жүргізілді. Экспериментке барлығы 106 магистрант қатысты. Соның ішінде бақылау тобында 54 адам және эксперимент тобында 52 адам болды.

Айқындау эксперименті зерттеу міндеттерінің көкейкестілігінің айқындалуымен; көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының мазмұны (*танымдық білім, кәсіптік ойлау, академиялық білік, эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық*) нақтылануымен, осы бойынша олардың бастапқы деңгейлерінің айқындалуымен, олардың деңгейін көтеру мақсатында аталған қалыптастыруды жүзеге асырудың мазмұны, формалары, құралдары, әдістерінің анықталуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, магистранттардың кәсіби-тұлғалық қалыптасу деңгейінің психологиялық диагностикалық көрсеткіштері (3.1 бөлімінде кеңінен айтылған болатын) негізінде жүргізілді. Жоғары оқу орнынан кейінгі ортада магистранттардың кәсіби тұлғалық сапаларын анықтау мақсатында магистранттардан, университет оқытушыларынан сұрақ-жауаптар алынды. Сауалнама мен сұрақ-жауаптар нәтижесінде оқытушылар мен магистранттардың арасында гуманитарлық саладағы магистранттар және жаратылыстану бағытындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары туралы ойларының барлық сұрақтар бойынша бірдей емес екендігі айқындалды. Оған мысал келтіре кететін болсақ *көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын* дамытуда жобалық іс-әрекеттің ықпалы басым болады десе, *педагогика және психология мамандықтарындағы магистранттар* тілдік мәдени іс-шараларын ұйымдастырудың басымдылығын айтады, *сондай-ақ бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша магистранттардың басым көпшілігі* кәсіби ойлау іс-әрекетіндегі бірінші кезекте магистранттың зияткерлігін дамыту керек десе, *педагогикалық өлшемдер мамандығының магистранттары* сөйлеуін, коммуникативтік

қарым-қатынасын дамытуды қажет деп тапты, *мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы магистранттары* кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуына ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылуына аса мән берсе, *педагогика және психология мамандығындағы магистранттары* шығармашылық тұрғыдан дамуды қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ, оқытушылар жауаптарында көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуына халықаралық жобаның ықпал ететіндігі айтылды.

Зерттеу барысында магистранттардың сауалнама сұрақтарына берілген жауаптары талқыланды. Талдау негізінде эксперимент барысында оқытушылар мен магистранттардың жауаптарында ұсынылған жобалық іс-әрекет пен мәдени іс-шаралары, психологиялық тренинг жұмыстары мен “У research discussion club” іс-шараларды қамтып алуды жөн көрдік.

Сондай-ақ, олардың айқындау эксперименті кезеңінде сауалнамаға, сұхбаттасуда берген жауаптары мен айтқан ойлары бізге диссертациялық жұмыстың 2.1 параграфында берілген білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының құрылымын жасауға және оларды үлкен үш топқа, іштей тоғыз топшаларға бөліп қарастыруға себеп болды. Болашақ ғылыми педагог кадрлердің кәсіби-тұлғалық сапалары, педагогикалық және психологиялық білім, білік, дағдыларын ескере отырып, бір-біріне ұқсас, жақын келетін сапаларды топтастыра отырып білім беру үдерісінің қатысушылары болып табылатын, оқытушылар мен магистранттарға ортақ өлшемдер мен көрсеткіштерді белгіледік. Ал бұл болса, бізге кәсіби-тұлғалық сапаларын анықтауға септігін тигізді. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үдерісін жоспарлау мақсатқа жету үшін тиімді болып табылатын педагогикалық шарттарды анықтау міндеттерін қамтиды.

Осыған байланысты тәжірибелік зерттеуде бірқатар міндеттер анықталды:

- Көптілді тұлға туралы негізгі түсініктерін,
- жоғары оқу орнынан кейін білім беру ортасындағы магистранттардың көптілді ортада кәсіби-тұлғалық сапалардың қарым-қатынасы,
- кәсіби-тұлғалық сапалар туралы пікірлеріне іс-әрекеттің ықпалын,
- магистранттар, оқытушылар кімді көптілді тұлға деп қабылдайтындығын,
- магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын тиімдірек зерттеп, қалыптастыратынын белгілеу және т.б.

Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылардың көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамының қай бөлігі (кәсіби, тұлғалық, кәсіби-тұлғалық) басымдық танытатынын анықтадық. Оның 1-тобында кәсіби туралы білім түсінігі мен оны қалыптастыру ортасын айқындауды, 2-топтағылар тұлғалық маңыздылық мәнін анықтауды, 3-топта өзінің кәсіби-тұлғалық сапа ретінде дамытуға байланысты сұрақтар қамтылды.

Алынған мәліметтерді өңдеу кезінде кәсіби-тұлғалық сапалардың маңыздылығының басымдылық мәні сауалнамаға қатысқандардың жауап нәтижелері көрсеткіштерінің сандық дәрежесімен бағаланды. Сол мақсатпен математикалық әдістер пайдаланылды. Осыған орай, кәсіби-тұлғалық дәрежесі эксперимент тобындағы қатысушылардың көп басымдығы негізінде шыққан санына басымдық орнының маңызы ортадан жоғары көрсеткішінің және жеке басымдығының ортадан жоғары көрсеткішіне қатынасы арқылы айқындалды. Тұжырымдау барысында көпшілігі атаған кәсіби ойлауы есепке алынды. Осы кәсіби-тұлғалық сапаларды жоғары оқу орнынан кейінгі көптілді білім беру жағдайында дамытуға бола ма және қандай жағдайларда, формаларда іске асыруға болады, деген сұрақтарға да жауаптар алынды. Соның біріне тоқталып кететін болсақ, магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларды жоғары оқу орнынан кейінгі көптілді білім беру жағдайында дамытуға болады ма деген сұраққа жауаптарының нәтижесі мынадай болды (Кесте 19):

Кесте 19 - кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуда танылатын жағдайларының басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Танылатын жағдай	Басымдылық дәрежесі			
	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (1 курс)	Педагогика және психология (2 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)
International education	2	3	3	3
Ү reseach discussion club	4	4	2	4
Психологиялық тренинг	3	2	4	1
Сабақ үдерісі	1	1	1	2

Осы кестеден көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларды дамыту қай жағдайларда таныту басымдығы анықталды. Сондай-ақ, магистранттардың пікірлері мамандықтарына сәйкес және курстарына сай бірдей емес екендігі көрінді.

Соның негізінде олардың бойында кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуда олардың осы пікірлері есепке алынды.

Болашақ ғылыми педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша бірдей басымдық танытқандарына куә болдық. Олай дейтініміз, олардың барлығы бірдей зияткерлік біліктерді бірінші орынға қойса, коммуникативтік дағдыларды, атап айтқанда тіл табысушылық, түсіністік және т.б. қабілетін екінші орынға жайғастырды.

Кесте 20 – Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалар құрамындағы педагогикалық білім, білік, дағдылардың басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Педагогикалық білім	Басымдылық дәрежесі			
	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)
Зияткерлік біліктер, саралау, талдау бағалау және т.б.	1	1	1	1
Коммуникативтік дағдылар	2	2	2	2
Кәсіби білімдерінің толықтығы	4	3	4	3
Ақпараттарды жете дұрыс меңгеру	3	4	3	4

Ал, кәсіби-тұлғалық сапалар құрамындағы, соның ішінде *танымдық білімді, кәсіби ойлауды, академиялық білік* бойынша басымдылықты анықтауда мынадай нәтижеге куә болдық. Педагогика және психология мамандығы магистранттарының бірінші орынға аналитикалық ойлау шығарса, педагогикалық өлшемдер мамандығындағы магистранттар логикалық ойларды қоятындығын көрсетті. Біздің ойымызша бұл бір-біріне жақын сапалар. Сондай-ақ академиялық біліктер арасынан стандартты емес шешімді табу, бастамашылдық, тындырымдылық, қолжеткізген нәтижелерді дұрыс бағалау қабілеттерін бөлектеп көрсетеді.

Кесте 21 – Магистранттардың пікірі бойынша көптілді білім беру жағдайындағы кәсіби сапалардың басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Кәсіби сапалар	Басымдылық дәрежесі			
	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)
Аналитикалық ойлау	1	4	4	1
Әдіснамалық-зерттеушілік білімі	2	6	2	3
Ақпараттық білімдер	3	5	6	5
Креативтілік	4	2	1	2
Логикалық	5	1	3	4
Психологиялық	6	3	5	6

Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалар құрамындағы академиялық біліктер бойынша кестеден байқалып тұрғандай, зерттеуге қатысушы екі мамандық нәтижелерінен айтарлықтай айырмашылық көрінбейді. Сапалардың басымдығы шамамен бірдей қойылған, бірінші орынға жеке шешім қабылдай алу, екінші орынға зерттеу дағдысын қойған.

Кесте 22 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың пікірі бойынша кәсіби-тұлғалық сапалар құрамындағы академиялық біліктердің басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Академиялық білік	Басымдылық дәрежесі			
	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)
Академиялық жазылым	4	3	3	5
Академиялық оқылым	5	5	4	4
Академиялық сөйлеу	3	4	5	3
Зерттеу дағдылары	2	2	1	2
Жеке шешім қабылдай алу	1	1	2	1

Кесте 23 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың пікірі бойынша тұлғалық сапалар құрамындағы басымдылығы (1 – ең жоғары дәреже)

Тұлғалық сапалар	Басымдылық дәрежесі			
	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)	Педагогика және психология (1 курс)	Педагогикалық өлшемдер (2 курс)
Толеранттылық	1	2	3	2
Ұлтжандылық	2	1	2	3
Эмпатия	3	3	1	1

Сонымен, айқындау экспериментіне қатысқан магистранттардың барлығы да жоғары оқу орнынан кейінгі көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытуға бола ма және қандай жағдайларда,

формаларда іске асыруға болады деген сұрақтарға «әрине» деп жауап берді, ішінара магистранттар ғана танысу мақсатында уақыт бөлуге болатындығын айтты және әр түрлі тренингтер мен іскерлік ойындарға үлкен қызығушылық танытты.

Жүргізілген зерттеу мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік берді: магистранттардың барлығы да жоғары оқу орнынан кейінгі көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларды дамыту бірінші кезекте осы магистранттардың білім беру үдерісінің субъектілеріне (оқытушылармен қатар) дамытуға тиіс және дамыту іс-әрекетінде өзара әрекеттестікті жүзеге асыру мақсатын негізгі алғаны дұрыс.

Сауалнама нәтижелері бойынша әр түрлі мамандықтағы магистранттардың жауаптарындағы айырмашылықтарды мамандықтың ерекшелігіне тән деп түсіндіреміз.

Болашақ ғылыми педагогалық кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларының құрамындағы педагогикалық білімдер арасындағы көрсеткіші басымдылығын анықтау кезінде сауалнамаға қатысқандардың бір-бірімен келіспейтіндігі байқалды. Педагогикалық білім құрамы бойынша сауалнамаға жауап бергендердің топқа ықпал ету қабілетін, жылдам тез, адекватты шешімдер қабылдау іскерлігін, жоспарлы әрекет ету білігін атады.

Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың тұлғалық құрамы бойынша дамытуға эмпатия мен ұлтжандылыққа қарағанда толеранттылық қасиеттерінің болу керектігіне баса назар аударды. Бұл жауаптар біздің зерттеуде аса қызығушылық тудырды. Ол бір жағынан экспериментке қатысқан магистранттардың ізгілікті тұлғалық сапаларды жоғары бағалайтыны қуантса, екінші жағынан мәдени қарым-қатынаста эмпатия мен толеранттылықтың маңызын түсіне бермейтіндігін байқатты. Бұл бізге осы бағытта жұмыс істеуіміз тиіс деген қорытындыға әкелді.

Сауалнаманың бір бөлігінде болашақ ғылыми педагогалық кадрларды кәсіби даярлығында олардың кәсіби-тұлғалық сапаларды қалай дамыту жағдайына көңіл аударды. Жауап берушілердің 39%-ы жоғары оқу орнында қалыптастыруға аз көңіл бөлініп жатқанын айтса, 51%-ы олардың кәсіби-тұлғалық сапаларды дискуссиялық клубтарда іс-әрекеттің мүмкіндіктері бар екендігін жоққа шығармады. 68%-ы халықаралық жобада халықаралық жобада көрсетінін айтты.

Ал, сауалнамалардың оқытушылар мен магистранттар берген жауаптарын салыстыруда кәсіби-тұлғалық сапаларының құрамындағы басымдығы бойынша оқытушылар бірінші орынға кәсіби ойлау мен тұлғалық сапаларды қойса, төменгі курс студенттері ұйымдастырушылық дағдыларды мен қабілеттерді; бітіруші курс студенттері педагогикалық білім, білік, дағдыларды қояды.

Сонымен сауалнама нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, қатысушылардың басым бөлігі кәсіби-тұлғалық сапалардың оқу үдерісінде қалыптастыру қажеттілігін жоққа шығармады. Респонденттердің көпшілігі,

ғылыми сапаларды жоғары оқу орнының білім беру ортасында қалыптастырудың дұрыстығын жоғары бағалады. Сондай-ақ, олар оны қалыптастыруда пән бағдарламаларының, үйірмелердің, мектеп практикасының маңыздылығын айтып өтті.

Айқындау экспериментінде алынған сауалнамаға жауаптар, диагностикалық әдістемелер негізінде алынған нәтижелер негізінде мынадай ой тұжырымдауға негіз болды:

- айқындау экспериментіне қатысушылар біз ұсынған кәсіби-тұлғалық құрамдарының басымдығын қолдады, оның құрамдас бөлігі болып тұлғалық сапалар, педагогикалық, академиялық білік, танымдық білім, дағдылар болатындығын дұрыс деп тапты;

- осы мүмкіндіктерді іске асыруда субъектілік өзара әрекеттестікке және субъектілік қауымдастықта жүргізілу қажеттілігіне мән берілді;


- қалыптастыру барысында интербелсенді әдістерді қолдану жағдайына назар аударылды.

Айқындау экспериментінің маңызды міндеттері болып магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларды даму деңгейін бағалауға арналған өлшемдер анықталды. Олар көптілді білім беру жағдайында кәсіби-тұлғалық сапаларды дамыту бойынша жасалған модельдің дұрыстығын көрсетуге қызмет ете алады (*өлшемдер* эмоционалды-еріктік, когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік бағалаушылық), *көрсеткіштер, деңгейлері* (жоғары, орта, төмен)

Содан соң әрбір магистрантқа арналған әрбір көрсеткіш бойынша кешенді бағалау жүргізілді. Соның ішінде біз айқындау экспериментінде алынған болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың мотивациялық-құндылықты, когнитивтік, іс-әрекеттік, бағалаушылық-нәтижелік құрамдары бойынша кәсіби-тұлғалық сапаларының бастапқы деңгейін жинақтап кесте және диаграмма түрінде көрсеттік (Кесте 22, сурет - 7)

Кесте 24 - Болашақ ғылыми педагогикалық кадрлардың қалыптасуының эмоционалды-еріктік компоненті бойынша бастапқы деңгейі (%)


Компоненттер і	Кезеңд ер	1- жоғары		2- орташа		3-төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
эмоционалды-еріктік	бастапқы	5,07%	-	30,7%	40,7%	63,4%	59,2%



Сурет 6 - эмоционалды-еріктік – компоненті бойынша бастапқы мәліметтері

Кесте 25 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың когнитивтік-креативтілік компоненті бойынша бастапқы деңгейі (%)


Компоненттер і	Кезеңдер	1- жоғары		2- орташа		3-төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Когнитивтік-креативтілік	бастапқы	1,9%	-	40,3%	42,59%	57,69%	57,4%



Сурет 7 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуындағы когнитивтік-креативтілік компоненті бойынша бастапқы деңгейі

Кесте 26 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуындағы коммуникативтік-бағалаушылық компоненті бойынша бастапқы деңгейі

Компоненттер і	Кезеңдер	1- жоғары		2- орташа		3-төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
коммуникативтік-бағалаушылық	бастапқы	3,8%	-	42,3%	48%	53,8%	51,8%



Сурет 8 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуындағы коммуникативтік-бағалаушылық компоненті бойынша бастапқы деңгейі

Сонымен айқындаушы экспериментте көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуы бойынша алынған кесінді олардың барлық үш компонент бойынша да, атап айтқанда эмоционалды-еріктік, когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық бастапқы деңгейлерінің төмен екендігін көрсетті.

Осыған байланысты қалыптастыру экспериментінің білімділік, біліктілік, тұлғалық кезеңдері жүзеге асырылды. Қалыптастырушы эксперимент барысында жасалған көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесі білім беру үдерісіне ендірілді және оның тиімділігі тексерілді.

Қалыптастыру экспериментінде эксперимент тобындағы магистранттарға оқу жоспары пәндер бағдарламаларының мазмұнына ендірілген қосымшалар (Оқу жоспары бойынша «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану» пәні бағдарламасының мазмұнына

қосымша», «Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану», «Менеджердің инновациялық іс-әрекеті» «ҚР және ТМД елдеріндегі педагогикалық өлшемдер) енгізілді. Осы пәндерге енгізілген қосымшалар магистранттарға үш тілде магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға ықпал етті Олар: *ғылыми эрудиция, педагогикалық білімдерінің толықтырылуы, креативтілік, аналитикалық, әдіснамалық-зерттеушілік, интеллектуалдық, логикалық, психологиялық ойлар, академиялық білік, әдістемелік, ақпараттық*. Олар көптілді білім беру жағдайында өздерін көптілді тұлға ретінде көрсетуге қызығушылықтары мен ұмтылыстарының артуына ықпал етті. Демек, олардың когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық компоненттерінің жоғарылауына септігін тигізді.

Ал “International education” халықаралық жобасы (3.2 бөлімінде сипатталған) аясында жүргізілген воркшоп, семинарлар, мастеркластар, мәдени іс-шаралар магистранттардың кәсіби-тұлғалық эмоционалды-еріктік, коммуникативтік-бағалаушылық) компоненттері деңгейінің артуына ықпал етті.

Қорытындылау эксперименті кезінде көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалардың даму деңгейін анықтау мақсатында осы саладан игерген білімдерін және олардың кәсіби ойлау сапаларына қатысты практикалық іс-әрекеттерінде жүзеге асыру деңгейін бағаладық.

Бұл бізге көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту практикалық іс-әрекеттер нәтижесінің маңыздылығын көрсетеді. Кестеден көріп отырғанымыздай, бақылау тобы даму өзгерістеріне қол жеткізе қоймаған. Ал эксперименттік топтарда біз жасаған көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесін қолдану нәтижесінде олардың айтарлықтай жоғары көтерілгендігі көрінді. Атап айтқанда, эксперимент тобындағы магистранттардың сабақ үдерісінде академиялық білікті (академиялық жазу, академиялық сөйлеу дағдылары зерттеу дағдылары жалпы білім беру дағдылары, рефлексияға, сынға, өзін-өзі сынауға (сыни ойлауы, сыни тұжырымдар жасай білуі) дамытуға, толеранттығын таныту іскерлігі, әріптестерімен оң қарым-қатынас жасай алу білігі 1-1,5 балл аралығында өскен болса; магистрант жаңа жағдайларға бейімдеу, олардың тұлғалық дамуын көрсетеді. Ал бұл болса, біз ұсынған әдістеменің тиімділігін дәлелдейді.

Қорытындылау экспериментінде алға қойылған міндеттің шешімін табу үшін алдын-ала айқындау экспериментінде қолданған салыстырмалы-талдамалы тапсырмалар мен таңдау әдісі, сауалнама, әңгімелесу, бақылау әдісін және т.б. диагностикалық әдістемелерді қайта қолдандық.

Қорытынды экспериментте алынған нәтижелер көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының құрамындағы сапалар бойынша талданды. Диссертацияда соның бірінен

мысалдар кетіріп отырмыз, мәселен кәсіби-тұлғалық сапалары бойынша, тұлғалық сапаларының бастапқы және соңғы кесіндіні салыстыру негізінде қорытынды мәліметтерді ұсынамыз (Кесте 27)

Кесте 28 – Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда тұлғалық сапаларының құрамының үйлесімділігі

Тұлғалық сапалары	Толеранттылығы (<i>төзімділік, татулық, құрметтеушілік</i>)	
	<i>бастапқы</i>	<i>соңғы</i>
<i>төменгі</i>	59,6% - 31 мағ	48% -25 мағ
<i>орташа</i>	34,6% - 18 мағ	30,7% -16 мағ
<i>жоғары</i>	5,7% - 3 мағ	21% -11 мағ
Тұлғалық сапалары	Эмпатия (<i>аңғарымпаздық жанашырлық түсінушілік,</i>)	
<i>төменгі</i>	57,6% -30 мағ	53,8% - 28 мағ
<i>орташа</i>	36,5% - 19 мағ	30,7% -16 мағ
<i>жоғары</i>	5,7% - 3мағ	28,8% - 15 мағ
Тұлғалық сапалары	Ұлтжандылығы (<i>сүйіспеншілік, жанашырлық, құрметтеушілік</i>)	
<i>төменгі</i>	59,6% - 31 мағ	50% - 26 мағ
<i>орташа</i>	32,6% - 17 мағ	28,8% - 15 мағ
<i>жоғары</i>	7,6% - 4 мағ	21% -11 мағ

Тұлғалық сапалар бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерінің арасындағы мәнді айырмашылықты анықтау үшін Фишер критерийін қолдандық.

H0 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": толеранттылық көрсеткіштері жоғары	"Эффект жоқ": толеранттылық көрсеткіштері жоғары емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	3 (5,7%)	49 (94.2%)	52(100%)
Соңғы	11 (21%)	41 (79%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

5,7% - 0,482

21% - 0,952 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (0,952 - 0,482) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,47 * \sqrt{26} = 2,39$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi^*_{эмп} = 2,39$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Енді, толеранттылық бойынша орташа деңгейіндегі үлес салмақтарының айырмашылығының мәнділігін тексеріп көрелік.

H_0 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H_1 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": толеранттылық көрсеткіштері орташа	"Эффект жоқ": толеранттылық көрсеткіштері орташа емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	18(34,6%)	34 (65,4%)	52 (100%)
Соңғы	16(30,7%)	36 (69,3%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

34,6% - 1,258
 30,7% - 1,174 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,258 - 1,174) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,084 * \sqrt{26} = 0,42$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 0,42$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнді емес аумағында орналасқан. H_1 терістеліп, H_0 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың толеранттылық бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

Келесі кезекте төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағындағы айырмашылықтарды анықтап көрелік.

Толеранттылық бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі төмен деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың толеранттылық бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

Топтар	"Эффект бар": толеранттылық көрсеткіштері төмен	"Эффект жоқ": толеранттылық көрсеткіштері төмен емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	31(59,6%)	21 (40,4%)	52(100%)
Соңғы	25 (48%)	27 (52%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

59,6% - 1,764

48% - 1,531 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,764 - 1,531) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,233 * \sqrt{26} = 1,18$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 7,9$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнді емес аумағында орналасқан. H_1 терістеліп, H_0 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың толеранттылық бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

Яғни, қалыптастырушы эксперимент әсері зерттелушілердің толераннлығының жоғары деңгейінің өсуіне ықпалын тигізді.

Дәл осылайша, эмпатия және ұлтжандылық сапаларының да мәнді өзгерістерін Фишер критерийінің көмегімен қарастырып көрдік, алынған мәнділік көрсеткіштерін төмендегі кестеде ұсынамыз:

Кесте 29 – Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың к»сіби-тұлғалық сапалардың мәнді деңгейлері

Тұлғалық сапалар	нәтиже: $\phi_{эмп}^*$	Критикалық мән $p \leq 0.05$	Критикалық мән $p \leq 0.01$	Мәнділік
1	2	3	4	5
<i>Эмпатия (аңғарымпаздық жанашырлық түсінушілік,)</i>				
<i>төменгі</i>	0,77	1,64	2,31	Мәнді емес

29 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<i>орташа</i>	0,62	1,64	2,31	Мәнді емес
<i>жоғары</i>	2,1	1,64	2,31	Мәнді
<i>Ұлтжандылығы (сүйіспеншілік, жанашырлық, құрметтеушілік)</i>				
<i>төменгі</i>	0,98	1,64	2,31	Мәнді емес
<i>орташа</i>	0,41	1,64	2,31	Мәнді емес
<i>жоғары</i>	2	1,64	2,31	Мәнді


Сонымен, қалыптастырушы эксперименттің эмпатия және ұлтжандылық сияқты тұлғалық сапаларды мәнді деңгейде жоғарылауына ықпалын тигізгенін көреміз.

Кестеде көрсетілген көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы тұлғалық сапаларының бастапқы деңгейіне қарағанда соңғы деңгейінің айтарлықтай жоғарылағандығын көрсетеді. Ал бұл біздің қалыптастыру әдістемеміздің тиімділігін айқындайды.

Сондай-ақ, тәжірибелік-экспериментті қорытындылау барысында алынған болашақ ғылыми педагог кадрлардың, эмоционалды-еріктік, когнитивтік-креативтілік, коммуникативтік-бағалаушылық құрамдары бойынша кәсіби-тұлғалық сапалардың даму деңгейін жинақтап кесте және диаграмма түрінде көрсеттік (Кесте 30, сурет -9)

Кесте 30 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы эмоционалды-еріктік компонентінің деңгейінің көрсеткіштері


Компоненттері	Кезеңде р	1- жоғары		2- орташа		3-төмен	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
эмоционалды-еріктік	Бастапқы	5,7%	-	30,7%	40,7%	63,4%	59,2%
	Соңғы	25%	-	73%	46%	2%	54%
Когнитивтік-креативтілік	Бастапқы	1,9%	-	40,3%	42,59%	57,69%	57,4%
	Соңғы	19%	-	77%	44%	4%	56%
коммуникативтік-бағалаушылық	Бастапқы	3,8%	-	42,3%	48%	53,8%	51,8%
	Соңғы	21%	-	75%	51,8%	4%	48,2%



Сурет 9 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы эмоционалды-еріктік компонентінің деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Мына суретте эксперимент тобындағы көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы эмоционалды еріктік компонентінің деңгейінің көрсеткіштері мынадай: егер эксперимент басында жоғары деңгей 5,07 % болса, соңында - 24,67%-ға жетті, орта деңгейге жататын магистранттар саны – бастапқы да 31,16%, төмен деңгейдегі магистранттардың қалыптасу кезеңінде орта деңгейге көтерілуі есебінен соңғы кесінді де орта деңгей 72,24%, құрап отыр, ал төмен деңгейдегі магистранттар саны бар болғаны 3,09%-ды құрап отыр.

Сондай-ақ эксперимент тобындағы көптеген магистранттардың танымдық білімі бойынша жоғары деңгейде көрсетті.




Сурет 10 - Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы когнитивтік -креативтілік компонентінің деңгейінің көрсеткіштері (эксперименттің соңы)

Суреттен көрініп тұрғандай, қалыптастыру эксперименті барысында кәсіби-тұлғалық сапаларының когнитивтік-креативтілік компонентінің даму көрсеткіші жақсарғаны байқалды.

Бұл суретте қорытынды кезеңдегі эксперимент топтарының көрсеткіштері, егер эксперимент басында жоғары деңгей 1,9% болса, соңында - 19%-ға жетті, орта деңгейге жататын магистранттар саны – бастапқы да 40,3% болса, қортындыда төмен деңгейдегі магистранттардың орта деңгейге көтерілуі есебінен соңғы кесінді де орта деңгей 77%, құрап отыр, ал төмен деңгейдегі магистранттар саны азайып, 4%-ды құрап отыр.

Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы коммуникативтік-бағалаушылық компонентінің деңгейінің көрсеткіштері динамикасы келесі-суретте берілді.



Сурет 11 – Көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары құрамындағы коммуникативтік-бағалаушылық компонентінің деңгейінің көрсеткіштері (бастапқы және соңғы)

Суретте көрсетілген мәліметтерді баяндауда эксперимент тобындағы студенттердің коммуникативтік-бағалаушылық компонентіндегі деңгейінің сапалық өзгерісін айтуға болады. Айқындау кезеңінен алынған нәтижеде төмен деңгей 53,8% құраған болса қорытындылау кезеңіндегі нәтижеде 4% дейін азайды. Сонымен қатар жоғары деңгейде 3,8% -дан 21%-ға дейін өсу көрсеткіші байқалды. Бақылау тобының магистранттары осы компонент бойынша даму көрсеткіші жағынан аздаған өзгерістер көрсетуі біздің экспериментімізден тыс жалпы университеттік мәдени іс-шараларына олардың қатысуынан деп білеміз.

Эксперимент және бақылау топтарындағы көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының әрбір компоненті бойынша деңгейін анықтау тәжірибелік-эксперимент жұмысының біртұтас нәтижесін көрсетуге мүмкіндік берді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың болжамын дәлелдеу үшін көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының әрбір компоненті бойынша жоғары, орта, төмен деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері үшін де, жеке эксперименттік топ үшін де, жеке бақылау тобы үшін Фишердің бұрыштық өзгерістер ϕ^* критерийі көмегімен бастапқы деңгеймен эксперименттен кейінгі деңгейдің арасындағы айырмашылықтың дәл екендігі жайлы болжамды тексердік.

Зерттелушілердің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерін өзара салыстыру арқылы екі нәтиженің арасындағы айырмашылықтың мәнділігін анықтау қажет. Бұл мақсатта Фишердің бұрыштық өзгерістер ϕ^* критерийі қолданылды.

Эмоционалды-еріктік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі жоғары деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

Н0 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

Н1 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

Топтар	"Эффект бар": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері жоғары	"Эффект жоқ": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері жоғары емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	3 (5,7%)	49 (94.2%)	52 (100%)
Соңғы	13 (25%)	39 (75%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

$$5,7\% - 0,482$$

$$25\% - 1,047 \text{ сай келді.}$$

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,047 - 0,482) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,565 * \sqrt{26} = 2,87$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 2,87$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Енді, эмоционалды-еріктік компоненттің орташа деңгейі бойынша үлес салмақтарының айырмашылығының мәнділігін тексеріп көрелік.

Эмоционалды-еріктік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі орташа деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері орташа	"Эффект жоқ": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері орташа емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	16(30,7%)	36 (69,3%)	52 (100%)
Соңғы	38 (73%)	14 (27%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

30,7% - 1,174

73% - 2,049 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (2,049 - 1,174) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,875 * \sqrt{26} = 4,45$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi^*_{эмп} = 4,45$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады. Орта көрсеткіш көрсетушілердің санының артуы төменгі нәтиже көрсеткендердің есебінен болып отыр.

Келесі кезекте төмен нәтиде көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағындағы айырмашылықтарды анықтап көрелік.

Эмоционалды-еріктік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі төмен деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері төмен	"Эффект жоқ": эмоционалды еріктік компонент көрсеткіштері төмен емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	33(63,4%)	19 (36,6%)	52(100%)
Соңғы	1 (2%)	51 (88%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

63,4% - 1,842

2% - 0,284 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n1 – бірінші топ зерттелушілері

n2- екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,842 - 0,284) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 1,558 * \sqrt{26} = 7,9$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi^*_{эмп} = 7,9$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың эмоционалды еріктік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Ендігі кезекте, когнитивтік-креативтілік компонент деңгейлеріндегі айырмашылықтарды, бастапқы және соңғы үлес салмақтарындағы арасындағы айырмашылықтарды анықтаймыз. Ол үшін де Фишердің бұрыштық өзгерістер ϕ^* критерийі қолданылды.

Когнитивтік-креативтілік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі жоғары деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық .

	"Эффект бар	"Эффект жоқ":	
	когнитивтік-	когнитивтік-	
топтар	креативтілік	креативтілік	Жиынтық
	көрсеткіштері жоғары	көрсеткіштері жоғары	
		емес	

	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны
Бастапқы	2(3,38%)	50 (96,62%)	52(100%)
Соңғы	11 (21%)	41 (79%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

3,38% - 0,365

21% - 0,952 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (0,952 - 0,365) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,587 * \sqrt{26} = 2,98$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 2,98$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың когнитивті-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Енді, когнитивті-креативтілік компоненттің орташа деңгейі бойынша үлес салмақтарының айырмашылығының мәнділігін тексеріп көрелік.

Когнитивті-креативтілік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі орташа деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес

салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": когнитивтік- креативтілік компонент көрсеткіштері орташа	"Эффект жоқ": когнитивтік- креативтілік компонент көрсеткіштері орташа емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	21(40,3%)	31 (59,7%)	52(100%)
Соңғы	40 (77%)	12 (23%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

40,3% - 1,376

77% - 2,171 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (2,171 - 1,376) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,795 * \sqrt{26} = 4$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 4$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады. Орта көрсеткіш

көрсетушілердің санының артуы төменгі нәтиже көрсеткендердің есебінен болып отыр.

Келесі кезекте төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағындағы айырмашылықтарды анықтап көрелік.

Когнитивтік-креативтілік компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі төмен деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": когнитивтік-креативтілік компонент көрсеткіштері төмен	"Эффект жоқ": когнитивтік-креативтілік компонент көрсеткіштері төмен емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	30(57,69%)	22 (42,31%)	52(100%)
Соңғы	2 (4%)	50 (96%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

57,69% - 1,724

4% - 0,403 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n1 – бірінші топ зерттелушілері

n2- екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,724 - 0,403) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 1,321 * \sqrt{26} = 6,7$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 6,7$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың когнитивтік-креативтілік компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Келесі кезекте, коммуникативті-бағалаушылық компонент деңгейлеріндегі айырмашылықтарды, бастапқы және соңғы үлес салмақтарындағы айырмашылықтарды анықтаймыз. Ол үшін де Фишердің бұрыштық өзгерістер ϕ^* критерийі қолданылды.

Коммуникативті-бағалаушылық компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі жоғары деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың коммуникативті-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың коммуникативті-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық .

топтар	"Эффект бар": коммуникативтік- бағалаушылық компонент көрсеткіштері жоғары	"Эффект жоқ": коммуникативтік- бағалаушылық компонент көрсеткіштері жоғары емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	2(3,38%)	50 (96,62%)	52(100%)
Соңғы	11 (21%)	41 (79%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

3,38% - 0,365

21% - 0,952 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 – екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (0,952 - 0,365) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,587 * \sqrt{26} = 2,98$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi^*_{эмп} = 2,98$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі жоғары нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Енді, коммуникативтік-бағалаушылық компоненттің орташа деңгейі бойынша үлес салмақтарының айырмашылығының мәнділігін тексеріп көрелік.

Коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі орташа деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H_0 – эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H_1 – эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

	"Эффект бар":	"Эффект жоқ":	
	коммуникативтік-	коммуникативтік-	
	бағалаушылық	бағалаушылық	
топтар	компонент	компонент	Жиынтық
	көрсеткіштері орташа	көрсеткіштері орташа	
		емес	

	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны
Бастапқы	22(42,3%)	30 (57,7%)	52(100%)
Соңғы	39 (75%)	13 (25%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

42,3% - 1,416

75% - 2,094 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (2,094 - 1,416) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 0,678 * \sqrt{26} = 3,45$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 (p \leq 0,05) \\ 2,31 (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 3,45$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша соңғы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы бастапқы тексерудегі орта нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады. Орта көрсеткіш көрсетушілердің санының артуы төменгі нәтиже көрсеткендердің есебінен болып отыр.

Келесі кезекте төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағындағы айырмашылықтарды анықтап көрелік.

Коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің бастапқы және соңғы зерттеудегі төмен деңгейіндегі көрсеткіштерінің арасында мәнді айырмашылық бар.

H0 – эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық емес.

H1 – эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық.

топтар	"Эффект бар": коммуникативтік- бағалаушылық компонент көрсеткіштері төмен	"Эффект жоқ": коммуникативтік- бағалаушылық компонент көрсеткіштері төмен емес	Жиынтық
	Зерттелушілер саны	Зерттелушілер саны	
Бастапқы	28(53,8%)	24 (46,2%)	52(100%)
Соңғы	2 (4%)	50 (96%)	52(100%)

Зерттеуде анықталған проценттік үлестерге сай келетейін бұрыштар көлемін анықтаймыз:

53,8% - 1,647

4% - 0,403 сай келді.

Енді, ϕ^* есептейміз

$$\phi^* = (\phi_1 - \phi_2) * \sqrt{\frac{n_1 * n_2}{n_1 + n_2}}$$

ϕ_1 – жоғары %дық үлеске сай бұрыш

ϕ_2 төменгі %дық үлеске сай бұрыш

n_1 – бірінші топ зерттелушілері

n_2 - екінші топ зерттелушілері

$$\phi^* = (1,647 - 0,403) * \sqrt{\frac{52 * 52}{52 + 52}} = 1,244 * \sqrt{26} = 6,3$$

$$\phi_{кр}^* = \begin{cases} 1,64 & (p \leq 0,05) \\ 2,31 & (p \leq 0,01) \end{cases}$$

Жауабы $\phi_{эмп}^* = 6,3$

Анықталған ϕ^* эмпирикалық мәні мәнділік аумағында орналасқан. H_0 терістеліп, H_1 қабылданады. Қорытынды: эксперименттік топтың коммуникативтік-бағалаушылық компонент бойынша бастапқы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілердің үлес салмағы соңғы тексерудегі төмен нәтиже көрсеткен зерттелушілерінің үлесінен артық. Яғни, қалыптастырушы эксперименттің тиімділігі туралы айтуға болады.

Бақылау топтарының да көрсеткіштерін фишер критерий көмегімен салыстырып көрдік, олардың арасында мәнді айырмашылықтар анықталмады.

Бұл да қалыптастырушы эксперименттің тиімді болғандығының көрсеткіші болып табылады.

Сонымен қорытындылау кезеңінде алынған кесінді көптілді білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамуы әдістемесінің тиімді болғандығы туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Қорытындылау кезінде алынған кесінді көрсеткендей, эксперимент топтарындағы магистранттардың бастапқы күйге қарағанда барлық көрсеткіштер бойынша тұрақты дамуы байқалады. Сонымен, эксперименттік диагностиканың соңғы мәліметіне сәйкес, эксперимент тобының динамикалық өзгерісі барлық өлшемдерге сай келеді. Тәжірибелік-эксперимент нәтижелері растағандай, біз ұсынған әдістеме білім беру жағдайындағы магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларының дамыту үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, зерттеудің міндеттері толығымен орындалды және болжамы теориялық және эксперименттік мәліметтермен дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Лингвистикалық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде біз «көптілділік – адамның санасында сол үйренетін ұлт тіліне тән түрлі мәдени қабаттардың, мағыналардың, мәндердің біріктірілуі» деп нақтылаймыз. Әртүрлі салалар мен мәдениеттердің санадағы кіріктірілуі адамға өмір сүру ортасынан өз орнын табуға, өзінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін орын алған мәдениеттер шеңберінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал бұл болса, болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларының негізін құрайды.

Осыған сәйкес «көптілді білім беру дегеніміз – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттерді кіріктіре отырып меңгертуде тұлғаның кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту құралы» деп түсінеміз. Ал, «көптілді тұлға – үш тілді ұлтаралық материалдық, рухани мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгеру барысында кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған тұлға» дегенді білдіреді.

2. Көптілді білім беру мәселесі зерттелген алыс және жақын шетелдік еңбектерге жасаған талдау, бұл мәселенің *музыкалық өнер* (Е.И.Фалалеева), *алеуметтану* (Л.Р.Исмагилова, Е.С.Хиневич), *лингвистика* (З.Б.Девицкая, И.А.Толмачева, Ф.Д.Хачак, Т.С.Остапенко); *әдебиеттану* Е.О.Хромова, *педагогика* (Н.А.Оганесянц, С.А.Ярунина, Ф.Х.Киргуева и др.) ғылымдары саласынан қарастырылғанын көрсетті.

Соның ішінде педагогика ғылымы саласындағы еңбектерде *мектепке дейінгі ұйымдардағы көптілділік* (І.К.Арианна); *мектептің оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға қалыптастыру* (Н.А.Оганесянц, Ю.И.Трофимова О.Н. Хрусталева,) *жоғары оқу орнынның оқу-тәрбие процесінде көптілді тұлға қалыптастыру* (С.А.Ярунина, Е.Е.Царева, Г.Р.Тимирбаева; Н.В.Евдокимова); *жоғары оқу орнындағы көптілді білім беру ортасы* (Г.Х.Хажғалиева, Д.В.Седых, Н.Б.Антипова), *білім беру жүйесіндегі полилингвалды тәсіл* (Ф.Х.Киргуева) мәселелері жан-жақты қарастырылған.

3. Көптілілі білім беру мәселесінің отандық педагогикалық әдебиеттерде зерттелуіне жасалған талдау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Біріншіден, көптілді білім беру мәселесіне қатысты қазақстандық педагог ғалымдардың диссертациялық зерттеулері 2006 жылдан бастап қорғала бастады. Екіншіден бұл зерттеулердің бағытын зерттеу объектісіне қарай 4 топқа бөліп қарастырамыз.: 1) *көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері* (Б.А.Жетпісбаева), *мектеп оқушыларының көптілділік құзыреттілігін қалыптастыру* (С.Ж.Берденова, Д.Э.Гаипов); *көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның мәдениетаралық, коммуникативтік, құзыреттілігін қалыптастыру* (Ж.Х.Салханова, И.И.Сагидуллаев, П.А.Кудабаева, Р.Ризаходжаева, Ж.Т.Саймбетова, С.Тлеубай); *кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру* (А.Н.Жорабекова, Т.М.Есімғалиева).

Осы топтастыру бізге көптілді білім беру мәселесі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында, яғни магистранттардың оқу-тәрбие процесінде қарастырылмағанын көрсетті.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сатысында болашақ ғылыми педагог мамандарды (магистр) даярлау мәселесінің отандық ғылымда зерттелуіне (2000-2021 жж.) жасаған талдау, осы мәселенің 1) *магистрлерді даярлаудың теориялық негіздері* (Ж.Р.Баширова); *зерттеу іс-әрекетін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері* (А.А.Булатбаева, Е.Р.Нуртаев, А.С.Мизимбаева), *кәсіби мәнді сапаларын, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру* (А.Ж.Аяпбергенова, Ж.Е.Иманчиев, Д.Б.Абыкенова); *акмеологиялық, пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуға даярлығын қалыптастыру* (Б.Ж.Бекжанова, А.С.Донцов) бағыттарында жан-жақты зерделенгенін аңғартты.

Соның ішінде біздің зерттеуге жақын келеді деген еңбектер арасынан Ж.Иманчиевтің зерттеуіндегі магистранттардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту көптілді білім беру негізінде қарастырылмаған. Ал А.С.Донцовтың магистранттардың пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуды жүзеге асыруға даярлау мәселесі тілдерді оқыту әдістемесі ерекшеліктерін қарастырады. Осы талдаулар біздің зерттеу проблемамыздың бұрын сонды зерделенбегенін аңғартады.

5. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту барысында әдіснамалық негізге алынатын тұғырлар анықталды: *этнолингвомәдениеттік, тұлғалық-іс-әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, жүйелілік.*

6. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «кәсіби сапа», «кәсіби-тұлғалық сапа» ұғымдарына берілген анықтамалардың барлығы да осы түсініктердің негізін арнайы және жеке тұлғалық қасиеттер құрайтынын айтады. Сол себепті біз зерттеу пәнімізге сәйкес болашақ маманның тұлғалық сапасы ұғымын оның кәсіби табыстылығының негізі тұрғысынан кәсібилігімен біріктіріп, магистранттардың *кәсіби-тұлғалық сапалары деп қарастырамыз.*

Осы тұрғыдан біздің нақтылауымызша *«магистранттың кәсіби-тұлғалық сапалары* дегеніміз оның *болашақтағы кәсіби іс-әрекетін табысты жүзеге асыруға қажетті арнайы білім, білік, дағдылары мен жеке қасиеттерінің сапалық көрсеткіштермен кіріктірілген жиынтығы».*

7. Ғалымдардың «кәсіби сапалар түрлері», «тұлғалық сапалар түрлері» топтамасына талдау жасау нәтижесінде біз көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын екі топқа бөліп анықтаймыз: *кәсіби (танымдық білім, кәсіптік ойлау, академиялық білік); тұлғалық (эмпатия, толеранттылық, ұлтжандылық).* Айқындалған кәсіби-тұлғалық сапалар «ікәсіби іс-әрекет – коммуникация – тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында көрініс табады.

8. Зерттеу барысында біз көптілді білім беру магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы тұрғысынан психологиялық ықпалының мүмкіндіктерін келесідей көрсетеміз:

- көптілділік - қажеттілік, эмоциялар, ойлау, есте сақтау, қабылдау мен зейіннің күрделі бірлігі тұрғысынан магистранттың кәсіби-тұлғалық сапасын дамытудың психологиялық тетігі қызметін жүзеге асырады;
- ақпарат алудың арнасының көп болуына сәйкес оларды мағыналық қабылдау мен меңгеру процесі магистранттардың танымдық білімдерінің дамуына әсер етеді;
- магистранттың бірнеше тілдік және сөйлеу әрекетіне қатыса алуы негізінде олардың тілдерге және мәдениетке эмоционалды-аксиологиялық тұрғыда қызмет етуі психологиялық тұрғыдан қамтамасыздандырылады;
- көптілді меңгеру барысында тіл мен ойлау өзара байланыста болғандықтан ойлау процесін жылдамдатады;
- көптілді білім беру процесінде уәждеме, ой қалыптастыру, ойды іске асыру мен ойды салыстыру және т.б. психологиялық процестері негізінде шығармашылық-зерттеушілік дағдылары, академиялық біліктері дамиды;
- тұлғаның кәсіби ойлауын дамытуда психологиялық инсайт, психологиялық, зеректік, психологиялық болжау, психологиялық оптимизм құбылыстары қамтамасыздандырылады;
- болашақ маманның бірқатар ұлт мәдениеттері арнасында тілдік қарым- қатынасқа түсуі, өзге мәдениетпен танысуы әртүрлі жағдайларға тез бейімделуі мен мінез-құлқының кері ықпалының алдын-алу мүмкіндігін тудырады, толеранттығын дамытады;
- магистранттың білім беру субъектілерімен коммуникативтік болжамдықпен және коммуникативтік икемділікпен рефлексивтіліктің артуы жағдайында эмпатиясы дамиды және т.б.
- оның көптілді меңгеруде ана тіліне, төл мәдениетіне деген сый-құрмет сезімінің арта түсуі оның ұлтжандылығын дамытады.

9. Көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда өзара байланыста жүзеге асырылуға тиісті *психологиялық-педагогикалық шарттар* (көптілді білім беруді тұлғаны дамытудың құралы тұрғысынан қарастыру; ұлтаралық мәдениеттердің кіріктірілуінде меңгерту; кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды «іс-әрекет-коммуникация-тұлғааралық іс-қимыл» сұлбасында жүзеге асыру) айқындалды. Осы шарттар сақталғанда және олар өзараәрекеттестікте іске асырылғанда ғана көптілді білім беру жағдайында болашақ ғылыми-педагог кадрлардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту үдерісінің тиімділігі артады.

10. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту *моделі* мақсаттық, технологиялық, тиімділік бөліктерден тұрады. Мақсаттық блок аталған үдерістің мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, принциптерін, стратегиясын қамтиды. Технологиялық – диагностикалық әдістемелерден, психологиялық-педагогикалық шарттарды және оны жүзеге асыру формалары, әдістері мен құралдарынан тұрады. Тиімділік блокта көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының нәтижесін айқындайтын өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлер қарастырылады.

11. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесі оны кезеңді сатыларымен (білімділік, біліктілік, тұлғалық) жүзеге асырудың мазмұнын, әдістері мен формаларын, құралдарын қарастырады.

12. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапалары дамуының жоғары, орта, төмен деңгейлерін айқындау диагностикалық, мазмұндық-технологиялық қамтамасыздандырғанда және оларды кезеңді сатыларымен жүзеге асырғанда ғана нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

13. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту мақсатында жасалған 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының көптілді білім беру тобына арналған оқу жоспарындағы *«Педагог-психологтарды даярлау үрдісінде интербелсенді әдістерді пайдалану»*; *«Білім беру ұйымдарындағы менеджерлік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері»* пәндерінің мазмұнына қосымшалар; *«Көптілді білім беру – магистранттың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың құралы»* атты психологиялық-тренингтік бағдарлама; *«Y researcher discussion club»* (Жас зерттеуші пікір-сайыс клубы) Ережесі, іс-шаралар жоспары; *«International education»* халықаралық жобасы мазмұны осы проблеманы тиімді шешуге ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай ұсыныстар жасауға болады:

1. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытудың мәні, мазмұны мен құрылымы аталған дамыту моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен тәрбие ортасын тиімді пайдалану қажет.

3. *«Y research discussion club»* (Жас зерттеушілер клубын) іс-шаралар жоспарын, *«International education»* халықаралық жобасы мазмұнын іске асырудың мүмкіндіктерін практикаға ендірген жөн.

4. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуды біздің ұсынып отырған бағдарлама мазмұнына қосымшалар, психологиялық тренингтік бағдарлама аясында интербелсенді технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырған дұрыс.

5. Көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту бойынша әдістемелік нұсқауларды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүзеге асырылатын педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу қажет.

6. Ұсынылып отырған көптілді білім беру жағдайында магистранттардың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамыту әдістемесін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүзеге асырылатын педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу проблемасының ауқымы кең болғандықтан толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта көптілді білім беру жағдайында студенттердің кәсіби мәнді сапаларын қалыптастыру; көптілді білім беру жағдайында педагогикалық колледж білім алушыларының басқарушылық қабілетін дамыту; жоғары сынып оқушыларының көптілді тұлғасын дамыту; магистранттарды көптілді білім берудегі іс-әрекетке даярлау және т.б. проблемалар арнайы зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы, № 726 қаулы.
- 2 «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары. – 2015, мамыр – 20.
- 3 «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласы – Астана. – 2017, сәуір – 12.
- 4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 2007. – №319-III ҚРЗ // <http://www.edu.gov.kz> 10.01.2008.
- 5 Педагогтің кәсіби стандарты // «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма тәрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 қаулы.
- 6 ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, №250. – 2019, желтоқсан – 31.
- 7 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы, № 110 жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 29 жарлығы.
- 8 «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын іске бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы.
- 9 Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 2007, ақпан – 28.
- 10 Әбу Насыр әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 272 б.
- 11 Балаян Л. Сталин и Хрущев. – М.: Вече, 2003. – 174 с.
- 12 Мартине А. Основы общей лингвистики / пер. с франц. Серия «Лингвистическое наследие XX века». – изд. 2. – М.: URSS, 2004. – 224 с.
- 13 Филин Ф.П. Происхождение русского, украинского и белорусского языков. – М.: Ком Книга; URSS, 2006. – 82 с.
- 14 Костомаров В.Г. Наш язык в действии: Очерки современной русской стилистики. – М.: Гардарики, 2005. – 287 с.
- 15 Жумагулова Б. Полиязычие – путь в будущее // Казахстанская правда. – 2004, август - 17.
- 16 Аренова А. Көпмәдениеттілікке үйрету – маңызды мәселе // Қазақстан мектебі. – 2003. – №2. – 20 б.
- 17 Ершов В.А. Поликультурное образование в системе общеобразовательной подготовки учащихся средней школы: автореф. ... канд.пед. наук. – М., 2000. – 85 с.
- 18 Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование. – М.: Народное образование, 1999. – 45 с.

- 19 Надырмағамбетова М. Көпмәденилік Білім Болашағы // Қазақстан мектебі. – 2004. – №12. – 30 б.
- 20 Баймуханова К.Т. Формирование этнокультурной среды в условиях многонациональной школы // Менеджмент в образовании. – 2003. – №1. – С. 273-279.
- 21 Жетписбаева Б.А. Казахстан: образование в условиях полиязычия // Педагогика. – 2008. – №6. – С. 124-125.
- 22 Кунанбаева С.С. Современная теория и практика иноязычного образования (на казахском языке). – Алматы: ҚазХҚ және ӘТУ Абылай хан атындағы, 2010. – 324 с.
- 23 Гаипов Д.Ә. Көптілділік – жетістікке жету жолы // «Шоқан Тағылымы- 10» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2005. – Т. 2. – 20 б.
- 24 Кулибаева Д.Н. Опыт формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком (английский язык, международный бакалавриат). – Алматы, 2002. – 216 с.
- 25 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи: (Подгот. переводчиков). – М.: Высш. шк., 1989. – 236 с.
- 26 Берденова С.Ж. Взаимосвязанный подход в обучении русскому, казахскому и немецкому языкам // Инновационные технологии в трёхязычном образовании: труды научной школы профессора М.Р.Кондубаевой. – Алматы, 2015. – С. 105-116.
- 27 Жорабекова А.Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода: дис докт. пед. наук. - Туркестан, 2015. – 147 с.
- 28 Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. Сөздік // Сорос-Қазақстан қоры / ред. Э.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
- 29 Темиргалиева С.З. Обучение аргументации в сфере письменного иноязычного общения в условиях межкультурных профессионально- педагогических контактов (французский язык, педагогические специальности языкового вуза): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы: Каз.ун-т междунар. отнош. и мир.яз. им.Абылай хана, 2008 – 25 с.
- 30 Байболсынова С.Е. Мәдени дәстүр және отаршылдық саясат // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. – №4. – С. 65-66.
- 31 Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. – Алматы: КазУМОиМЯ, 2004. – 322 с.
- 32 Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. – Алматы, 2013. – 106 б.
- 33 Габдуллина Г.А. Метод экономического анализа как способ познания экономического субъекта. – М., 2010. – 50 с.
- 34 Шаймерденова Н.Ж. Язык и этнос: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 248 с.
- 35 Ибраева Ж.Қ. Психолингвистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2010. – 125 с.
- 36 ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасы. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. – Париж, 2003. – 38 с.

37 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании//. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004 – 35 с.

38 Хуторской А.В. Компетенции в образовании. сб. науч. тр. / под ред. А.В.Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. – 327 с.

39 Петровская Л.А. Компетентность в общении. Социально- психологический тренинг. – М.: Изд-во МГУ, 1989. – 267 с.

40 Лошкарева Н.А. Межпредметные связи как средство совершенствования учебно-воспитательного процесса. – М., 1981. – Вып. 5. – 100 с.

41 Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология: Оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006. – 296 б.

42 Перленбетов М.Ә. Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы: психол. ғыл. док. автореф: 19.00.01. – Алматы, 2010. – 39 б.

43 Каримова Р.Б. Нейропедагогика как актуальная проблема профессионального образования педагога в современных условиях // Менеджмент в образовании. – 2013. – № 3. – С. 89-91.

44 Жиенбаева Н.Б. Коммуникативная парадигма современного образования. – Алматы, 2012. – 43 с.

45 Сарсенбаева Л.О. Психологическая направленность личности как основа развития личностно-профессиональных качеств студентов-психологов //Л.О.Сарсенбаева // Психология обучения. – 2013. – № 2. – С.83-94.

46 Деркач А.А., Зазыкин В.Г. Акмеология: учебное пособие. – СПб.: Питер. - 2004.

47 Митяева А.М. Компетентностная модель многоуровневого высшего образования (на материале формирования учебно-исследовательской компетентности бакалавров и магистров): дис...д-ра пед. наук. – Волгоград, 2007. – 399 с.

48 Бурдина Е.И. Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования: автореферат дис. канд. пед. наук. – Караганда, 2007. – 50 с.

49 Байденко В.И. Болонские преобразования проблемы и противоречия. //Высшее образование в России. – 2009. – № 11. – С. 26-40.

50 Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы: Монография. 2-изд., доп. – Алматы, 2006. – 180 с.

51 Жайтапова А.А. Научно-методическое обеспечение профессионального роста учителей на этапе перехода к модели образования, ориентированного на результат. – Алматы, 2004. – 189 с.

52 Сайлыбаев Б. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлауды сабақтастықпен басқарудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. докт. автореф. – Түркістан, 2010. – 150 б.

53 Арынов К.Т. Проблемы устойчивого развития непрерывного образования: поиски решений//Билим - Образование. – 2004. – № 2. – С. 85-93.

54 Атыханов А. Актуальные вопросы научно-педагогических кадров высшей

квалификации в системе высшего образования Казахстана // Актуальные проблемы высшей школы. – 2006. – №5. – С. 18-21.

55 Ахметова Г.К. Концептуальные подходы к решению проблем реформирования подготовки учительских кадров в республике Казахстан // Вестник Казахстана. – 2002. – №2. – С. 24-29.

56 Нысанбаев А.Н. Проблемы реформирования системы подготовки и аттестации научных кадров // «Адилет». – 2005. – №1. – С. 3-10.

57 Козырев Г.С., Сенашенко В.В. Магистратура в системе высшего педагогического образования // Вестник высшей школы. – 1998. – №6. – С. 13-17.

58 Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. – М.: Высш. шк., 1974. – 384 с.

59 Лапина О.А. Формирование индивидуального стиля профессиональной деятельности учителя: Методология, теория, практика: дис...док.пед.наук:13.00.01. – Иркутск, 2002. – 312 с.

60 Пидкасистый П.И., Воробьева Н.А. Подготовка студентов к творческой педагогической деятельности. – М.: Педагогическое общество России, 2007. – 192 с.

61 Таубаева Ш.Т. Теория готовности к научно-исследовательской деятельности как методологическая составляющая исследовательской культуры учителя // Вестник АПН Казахстана. – 2008. – № 2. – С.108-113.

62 Булатбаева А.А. О зарубежной практике организации исследовательского обучения в вузе // Вестник АПН Казахстана. – 2008. – № 2. – С. 5-8.

63 Баймухамбетова Б.Ш. Формирование готовности магистрантов к исследовательской деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Челябинск: Челябинский гос. пед. ун-т, 2011. – 26 с.

64 Исаева З.А. Формирование профессионально-исследовательской культуры педагога в системе университетского образования: дис. д-ра пед. наук - Московский ПГУ им. В.И. Ленина. – 1997. – 334 с.

65 Ким Н.П. Методология научных исследований: Учебно-методическое пособие для магистрантов. – Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2011. – 96 с.

66 Соляников Ю.В. Обеспечение качества подготовки магистрантов педагогического университета к научно-исследовательской деятельности: дис...канд. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2003. – 169 с.

67 Белоус В.Т., Педагогические условия формирования профессиональной аналитической деятельности у магистрантов (будущих педагогов) в техническом вузе: дисс... канд.пед.наук. – Владивосток, 2005. – 282 с.

68 Гайдамак Е.С. Развитие информационно-аналитической компетентности будущего магистра физико-математического образования (В условиях реализации магистерской программы 540204 «Информатика в образовании»): дис.. канд. пед. наук. – Омск, 2006. – 214 с.

69 Осина С.В. Методика формирования готовности магистров техники и технологии к инновационной деятельности: дис...канд. пед. наук. – Тамбов, 2007. – 222 с.

70 Смирнова М.О. Методические аспекты подготовки магистров физико-

математического образования к использованию компьютерных технологий в профессиональной деятельности: дисс. канд. пед. наук. – М., 2002. – 225 с.

71 Беркімбаев К.М., Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы // Қазақстан мектебі. – 2006. – №11. – Б. 33-35.

72 Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Лавриненко Н.С. Личностно-профессиональное развитие личности преподавателя в современного вуза: Учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им.Абая, 2010. – 90 с.

73 Ахтаева Н.С. Теория и практика психологической подготовки преподавателя вуза: Монография. – Алматы: Издательство «Ұлағат» Каз НПУ имени Абая, 2011. – 32 с.

74 Маркова А.К. Психология труда учителя. – М., 1993. – 320 с.

75 Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. – М.: Флинта, 1998. – 200 с.

76 Карельская А.К. Формирование профессионально значимых качеств личности будущего педагога // Профессиональное образование. -2003. - № 3. – С. 22.

77 Лазаренко Л.А. Объективные и субъективные критерии оценки профессиональной успешности преподавателя высшей школы //Фундаментальные исследования. – 2008. – № 2. – С. 79-80.

78 Травин И.В. Исследование особенностей формирования профессионально значимых качеств учащихся в условиях модульного обучения: дисс...канд.психол.наук. -Кострома, 2003. – 192 с.

